

*Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шайпақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

6/2017

МАУСЫМ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшіһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

К.ЖАНСУГРОВА, А.КҮНТУБАЙ, Б.АЛЬКЕНОВА.	<i>Таным табиғатында</i> Оқушылардың коммуникативтік қабілетін ойын арқылы дамыту.....3 Білім мазмұнын жаңарту жағдайында Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының сабақтастығы...11
С.СЕҢКІБАЕВ, Н.ҚҰСАЙЫНОВА.	Дидактикалық ойындар - білім берудің тиімді құралы.....19
Қ.БӨЛЕЕВ.	<i>Жаңа оқулық жайында</i> Аса құнды кітап.....26
М.ӘБЛҰЛЫ.	<i>Руханият</i> X-XII ғасырлардағы түркі оқымыстыларының шет ел экспансиясына қарсы идеологиялық күресі.....28
Ә.ТҮРСЫНОВА, Х.АЛДАНЫШ, Ө.АЙТЖАНОВ.	<i>Авторлық бағдарлама</i> «Мұқағалитану» қолданбалы курсы.....34 «Фонетика әлемі» оқыту курсы.....39 Көркем сөз-жан азығы.....43
Ә.ӘЛП.	<i>Төлеген Айбергенов-80</i> Төлегендей тарланның тойы тарқамайды.....47
С.АЙЛАЕВА, Ә.НҰРМАНОВА, А.ЖҮБАНОВА, Г.ЕСЕНҒАЛИЕВА, А.УТЕҒАЛИЕВА, Э.ӘБДІРАХМАНОВА.	<i>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i> Ж.Баласағұн. «Құтты білік» трактаты.....55 Шешендік сөздер.....58 Асан қайғы толғауларының маңызы.....61 Қуандық Шаңғытбаев. «Сабалақ».....64 Ы.Алтынсарин. «Дүние қалай етсең табылады?».....66 М.Әуезов. «Көксерек» әңгімесінің тақырыбы мен жазушының ой-түйіні.....68 Қ.Қазиев. «Менің шешем».....71 Н.Серәлиев. «Аңсау».....74 Ғ.Мүсірепов. «Ананың анасы».....78 Б.Сокпақбаев. «Менің атым Қожа».....83
Р.ГИЗЗАТОВА, Г.САБЫРҒАЛИЕВА.	<i>Көучинг</i> Оқытуды басқару және көшбасшылық.....92
Ж.ҚАЛМУРАТОВА, Ж.САҒЫНБАЕВА, Г.СЕЙТОВА, Ө.САДЫҚОВА, Н.ТОҚБЕРГЕНОВА, А.ИСИНА.	<i>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i> Жай сөйлемдердің түрлері.....95 Сөйлемнің бірыңғай мүшелері.....100 Баяндауыш.....103 Сын-қимыл үстеу, күшейткіш үстеу.....109 Үстеудің түрлері, күшейткіш үстеу.....111 Өткен шақ.....114
А.БИЖАНОВА, Б.МҰРЫНБАЕВА.	<i>Сыныптан тыс шара</i> Жыл басы-Наурыз.....116 М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі.....120
Т.Т.ЛЕУОВА.	<i>Ойын-ойдың өрісі</i> «Алтын сақа» ойыны.....124
К.МУСИНА, С.БЕГАЛИНА.	<i>Әдеби кеш</i> Өмірін өнеге етіп келеміз.....131 Мені неге Мұхтар қойған?.....135

Таным табиғатында

**К.ЖАНСУГРОВА,
А.КҮНТУБАЙ,
Абылай хан атындағы
ҚазХҚ және ӘТУ.**

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАБІЛЕТІН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМУ

Мақалада автор шетел тілін оқытуда оқушылардың білім-біліктілік, танымдық, коммуникативтік біліктілігін, олардың сөйлеу дағдысын дамыту үшін, оқу үдерісінде жаңа озық технологияларды қолдану қажеттілігі, осы бағытта ағылшын тілі сабағын оқыту үрдісінде оқушылардың коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру және дамыту мәселесін жүйелі қарастырған.

Тірек сөздер: Қараханид мемлекеті, бекті құтайту, түркілік ислам әдебиеті, қыз қылықпен қылымсыр, құлқы кербез.

Бүгінгі таңда бүкіл әлемде болып жатқан өзгерістер адам өмір сүріп жатқан ортадағы барлық салаларға, соның ішінде, білім беру саласына да әсер тигізуде.

Біздің еліміз 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасын, басшымыздың үштұғырлы тілдік саясатын, білім мен ғылымдағы мемлекеттік бағдарламаларын негізге ала отыра, білім берудегі кезек күттірмес өзекті мәселелерін алға қойып отыр.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» деп атап көрсетті.

Қазіргі таңда бүкіл әлемдегі өркениетті дамыған елдердің басты көңіл бөліп отырған мәселесі - оқытудың жаңа технологияларын қолдана отыра, оқушыға жалпы бірдей қалыптасқан жан-жақты, дәстүрлі әдістермен әлемдік деңгейдегі озық технологиялармен салыстырылған, өмір тәжірибесіне ұштастырылған терең білім беріп, білікті маман даярлау.

Ал, шетел тілін үйрену, оның қолданыс аясын кеңейту ел басшымыздың үштұғырлы саясаты аясында және де еліміздегі тіларалық байланыстардың, өзара қарым-қатынастардың нығаюы кезеңіндегі өзекті де келелі мәселелері болып табылады.

Шетел тілін оқытуда оқушылардың білім-біліктілік, танымдық, коммуникативтік біліктілігін, олардың сөйлеу дағдысын дамыту үшін, оқу үдерісінде жаңа озық технологияларды қолдану қажет. Осы бағытта ағылшын тілі сабағын оқыту үрдісінде оқушылардың коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру және дамыту мәселесі үлкен мәнге ие.

Оқу үрдісінде ойын оқытудың әрі формасы, әрі әдісі де болып табылады, сол себепті ойын әрекеті оқытушы мен оқушының іс-әрекетінің бірлескен, өзара байланысты технологиясының дидактикалық категориясы ретінде де қарастырылады. «Ойын» сөзінің этимологиясын қарастырсақ, ол «ой» деген сөзге тікелей қатысты болып шығады, міне сол себепті де ойлану арқылы ойынның мақсатына жетуге болатындығын байқауға болады. Сондықтан, ағылшын тілі сабағында ойын элементтерін қолданудың маңызы зор деп есептейміз.

Ойын әдісі арқылы оқыту оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, өз ойын, пікірін, көзқарасын білдіруге, екінші бір адамның жауабын тыңдап, оны толықтыруға, жетістіктері мен кемшіліктерін айта білуге жаттықтырады. Егер мұғалім ойын технологиясын жеткілікті деңгейде орындаса, яғни жақсы құрастырылып, тиімді әдістермен ұйымдастырылса, онда ойын практикалық, тәрбиелік және дамытушылық жағынан негізгі оқыту тәсілі

болып табылады.

Көп тұжырымдардың бірі бойынша ойын қоғамның діни, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы кезіндегі бос уақыт пен демалысты өткізу мәселесінен туындаған. Ерте заманда ойын қоғамдық өмірдің бір бөлігі болып, оған діни-саяси маңыз берілген. Ерте гректер ойынды Құдайлар қолданған десе, Қытайда мерекелік ойындарды император ашып, өзі де қатысқан.

Әлем педагогикасында ойын-белгіленген ережелері бар, бір мақсатқа жету үшін ойыншылар арасындағы сайыс пен жарыс ретінде қарастырылады. Ойын, ең алдымен, қарым-қатынас жасау, үйрету, өмірлік тәжірибені жинақтау жолындағы әлеуметтік мәдени феномен болып табылады.

Ал осы ойын түрлерін ағылшын тілі сабағында қолданудың негізгі мақсаты - баланы қызықтыра отырып, лексико-фонетикалық материалды берік меңгерту. Сондай-ақ ойын үстінде балалардың тілін дамытып, ойын жүйелі айта білуге үйрету. Көрнекті педагог Мағжан Жұмабаев: «Бала еш уақытта іссіз отыра алмайтын болғандықтан, балаға ылғи пайдалы іс беріп отыру керек. Сыныпта отырғанда балалардың тез шаршауы, оның ақылының жұмыссыз қалуынан, әсіресе, тек отыруда ауаның бұзылуынан. Сондықтан сабақ уақытында сабақты дидактикалық жарыс-ойын түрінде өткізсе, балалар сергіп өздерін еркін ұстайды»-деп ойынның, қызықты жаттығудың балалардың оқу әрекетін жандандырып оқуға деген ынтасын арттыратын маңызды құрал екенін атап көрсетеді.

«Ойынсыз, музыкасыз ертегісіз, фантазиясыз толық мәндегі ақыл-ой тәрбиесі деген болмайды», - деп атақты педагог Сухомлинский ойынға ерекше мән берген.

Сол себепті ойын педагогикалық технологияның бір түрі. «Ойын - педагогикалық технологиялар» ұғымы әр түрлі педагогикалық ойындар түрінде педагогикалық үрдістің әдіс-тәсілдерін ұйымдастыруды қамтиды. Жалпы ойынның педагогикалық ерекшелігі – оқу танымдық бағытта сипатталған педагогикалық қорытындыға ие нақты оқыту мақсаты қойылады. Оқу әрекетіне қызығушылық сезімін ояту мақсатында сабақ ойын түрінде ұйымдастырылады.

Жалпы ағылшын тілі сабағында қолданылатын ойындарды екі тарауға бөлуге болады.

Бірінші тарауға сөйлеу қабілетін дамытатын грамматикалық, фонетикалық, лексикалық және орфографиялық ойындар жатады. Бұл ойындар «Дайындық ойындары» деп аталады. Бұл тарау алдын-ала грамматикалық ойындардан басталады. Себебі грамматикалық материалдар бірнеше рет қайталауды қажет етеді және өзінің біркелкілігімен оқушыларды жалықтырып жібереді, ал жіберілген күш тез арада нәтежиесін бермейді.

Ойындар күнделікті сабақты қызықты етіп өткізуге көмектеседі. Грамматикалық ойындардан кейін лексикалық ойындар жүреді. Фонетикалық ойындар сөйлеу қабілеті мен білігін дамыту кезеңінде дыбыстарды дұрыс айтып үйренуге арналған. Ең соңында орфографиялық ойындардың мақсаты-лексикада оқылған сөздердің дұрыс жазылуын үйрену.

Екінші тарау «Шығармашылық ойындар» деп аталады. Бұл ойындардың мақсаты-сөйлеу қабілетінің әрі қарай дамуына ықпал ету. Тез ойлауға, қарым-қатынаста ойланбай жауап қайтаруға, әр түрлі жағдайлардан тез шығуға көмектеседі. Екінші тараудың ойындары оқушыларды өздерінің сөйлеу біліктіліктерін шығармашылықпен пайдалануға үйретеді.

Шетел тілі сабағында ойын технологиясын қолдана отырып, оқушылардың коммуникативтік қабілетін: ОҚУ, СӨЙЛЕУ, ТЫҢДАУ, ЖАЗУ – ауызша өзара қатынас, жазбаша өзара қатынас біркелкі, бір уақытта дамиды. Жоғарыда айтылғандай коммуникативтік қабілет сөйлеу әрекетінің барлық түрінде де қажеттілікпен қатысып тұрғандығы көрінеді. Өйткені ол ауызша да, жазбаша да қарым-қатынас жасаушылардың бір-бірін тілдік қабылдауы мен түсінігін қамтамасыз етеді.

Ал осы коммуникативті қабілетті дамыту тез әрі бірден болатын үдеріс емес. Ол әріптерден бастау алып, фонетиканы, грамматиканы, лексиканы қамтиды. Алғаш әріптерді үйреткеннен бастап, сабақты оқушыларға ойын элементтерін қолдану арқылы өткізіп отырсақ, онда ол әріп оқушының есінде қалады.

Сондай-ақ тілді меңгеруде және коммуникативті қабілеттерді дамытуда грамматиканы оқытудың маңызы зор.

Өйткені грамматикасыз сөйлемнің мағынасын түсіну қиынға соғады. Кез келген тілдің грамматикасын оқып-үйрену – оқушылар үшін күрделі де қызықсыз тарау болып табылады. Оқулықта әр тақырыптан кейін берілетін жаттығулар қоры жеткіліксіз болады және бірыңғай жаттығуларды орындаудан оқушылар шаршайды. Осыдан келіп оқушылардың шетел тіліне деген қызығушылығы төмендейді. Жалпы грамматикалық жаттығуларды 2 топқа бөліп қарастыруға болады: мағыналы және мағынасыз жаттығулар. Мағынасыз жаттығулар деп, оқушылардың автоматты түрде формулаға қарай отырып орындайтын жаттығуларын айтамыз. Осындай жаттығуларды орындағанда балалар көп ойланбайды, олар тек көшіреді. Мағыналы жаттығулар оқушылардың ойын қажет ететін, еске сақтау қабілетін, логикасын дамытатын сапалы жаттығулар.

Мысалы: «What would you like to eat? Apple or banana?» деген сұрақ - мағынасыз сұрақ, себебі оқушылар оған ойланбай жауап бере алады. Егер де осы сұраққа «Why?» деген сұрақты қоссақ, ол жаттығу мағыналы сұраққа айналады. Сөйтіп біз кез келген жаттығудың немесе тапсырманың мағынасын арттыра аламыз. Грамматиканы оқытуда ойын жаттығуларын қолдана аламыз. Ойын – балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ең ежелгі жолдарының бірі болып табылады. Ол әрқашан адам өмірінде негізгі орынды алады. Ол - адамның сәтті түрде жеке тұлға болып қалыптасуына және қабілетінің дамуына жағдай жасайды. Ойын – адамның тек ой әрекетін емес, сонымен қатар эмоционалды қиналысын талап ететін ерекше ұйымдасқан әрекет. Сабақты жоспарлағанда оқушыларға тек жаңа сөздерді немесе қандай да бір құрылымды жаттату ғана емес, сонымен қатар әр оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына қажет болатын жағдайлар жасау керек. Оқушылардың шет тілі пәніне қызығушылығын жоғалтпас үшін оқушыларды жұмыс жасаудың қандай жолдары қызықтыратынын түсіну маңызды. Бұл жерде сабақтың сапасын және тиімділігін арттыратын бірден-бір жол, ол – ойын. Ойынды қолдану жақсы нәтиже береді. Оқушылардың, біріншіден, пәнге қызығушылығы артады, зейіні оянады, оқытудың негізі – сөйлеу іскерлігін меңгереді, бір-бірімен қарым-қатынас жасайды, өз-өздерін

жақсы қырынан көрсетуге тырысады. Ойын оқушыларға кез келген жұмысты шығармашылықпен істей алуға көмектеседі. Жұмысқа шығармашыл болу – оны сапалы орындау, яғни жоғарғы деңгейде орындау деген сөз. Шығармашылық – әрдайым жоғарылау, даму, өрлеу. Бірге орындалатын шығармашылық ойындар ересек адамдар мен оқушыларды біріктіреді. Бұнда дұрыс бағытта тәрбиелеудің басты ұстанымы жатыр. Бала ойнау арқылы артқа емес, ілгері жылжиды. Ойында оқушылар барлығын бірге жасайды: олардың ойы, ішкі ойы, қиялы бірге жұмыс істейді. Ойын арқылы мұғалім оқушыға диагноз қойып, баланы тани алады. Ол арқылы баланы сергітуге, қолдау көрсетуге болады. Ойын арқылы балалардың негізгі психикалық қасиеттерін дұрыстауға, жақсартуға және дамытуға болады. Ойын қалай әрекет ету, не айту және қалай жеңу керек деген шешімдерді қабылдауға жетелейді. Осындай сұрақтарды шешуге ұмтылу оқушылардың ойлау әрекетін тездетеді. Тілдік материал еріксіз меңгеріледі және балаларда қанағаттану сезімі пайда болады. Бірақ та ойынның тартымдылығы мен тиімділігіне қарамастан, шектеу қою қажет. Кері жағдайда ойын оқушыларды шаршатады және эмоционалды әсерін жоғалтады. Ойын арқылы сөздің айтылуы, лексикалық және грамматикалық материал белсенді түрде меңгеріледі, тыңдап түсіну (аудирование) және ауызша сөйлеу дағдылары дамиды. Сонымен қатар ойын арқылы баланың шығармашылық және ойлау қабілеттері дамиды. Оқушылардың байқампаздық қабілетін ашады, сабақты тірілтеді, шет тілін үйренуге деген қызығушылығын оятады. Теңдікті сезіну, сабаққа қызыға қатысу - оқушыларға ұялшақтықты, жасықтықты жеңе алуға, тілдік кедергіден өте алуға және шаршауды баса алуға мүмкіндік береді.

Оқушылармен өткізілетін сабақтар кезінде және сыныптан тыс іс-шара өткізу барысында ойын түрлерін қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушығын, ынтасын және коммуникативтік қабілеттерін арттыра түсетініне көзім жетті. Сыныппен жұмыс және танысу мақсатында қолданған «Wave (Толқын)» ойыны оқушылардың өздерін емін-еркін ұстап, тез тіл табысып, белсенді қатысуларына көмектесті. Бұл

ойын түрі оқушылардың еркін ойлау және коммуникативтік қабілеттерін дамытуға бағытталды. Ойынның жүру барысы бойынша оқушылар бірінші кезекте өз есімдерін іс-әрекетпен көрсетеді, екінші кезекте олар өз есімдерінің мағынасын айтып таныстырады. Ал үшінші кезекте оқушылар өз ойларын ортаға салады, яғни не ұнады не ұнамады немесе жаңа ойларды, қандай әсер алғандарын айтып ортаға салады. Бұл ойын оқушылардың ойлау қабілетіне және шығармашылық ойлауларына ықпал етті. Ойынның мақсаты-оқушылармен танысу және жағымды әсер алысып, сенімділік нышандарын байқау еді. Оқушылар өздірінің белсенділіктерін көрсетіп, өз ойларын ортаға салып сабақты қызықты ете білді. Ойынға сынып белсенді қатыса білді. Сынып оқушылары ойын ойнау арқылы бір-біріне деген сыйластық сезімнің пайда болғанын байқады. Сондай-ақ оқушылар осы ойын арқылы бір-бірін басқа қырынан тани білді.

Тағы бір ойын элементін №138 мектеп гимназиясының 6 «А» сыныбымен өткіздім. Ол ойын «Саяхат барысында» деп аталды. Ойын мақсаты: тақырыпқа қатысты лексиканың нығайтылуы, ауызекі сөйлеу тіліндегі оқытылған келер шақ етістіктерінің қолданылу автоматизациясы.

Ойын барысы: сыныпты екі топқа бөліп, тақтаға екі қатар сөздер жазып қойдым.

1) саяхат жасау барысындағы қажетті заттар;

2) етістіктер тізімі. Ойынға қатысушылар етістіктерді қолданып, саяхат жасау барысында қандай заттар қажет екенін және олармен не істейтіндерін айтуы тиіс болды. Әрбір оқушы қойылған мақсатқа жетіп, бір-бір сөйлемнен ойлап айтты. Тез әрі дұрыс құраған топ жеңімпаз атанды.

Ойынның жүру барысы арқылы ойын өзінің қойылған мақсатына жеткенін байқадым. Ойын ойнау арқылы оқушылар өтілген лексикалық сөздер мен грамматиканы байланыстырып, сөйлем құра білді. Сондай-ақ оқушылардың сабаққа деген ынтасы артып, бір-бірімен қарым-қатынасқа түсе білді. Тағы бір маңызды нәрсе, ол оқушылар ойынға қатысу барысына өз тобындағы оқушының қателігін түзетіп, дұрыс сөйлем құрай білуді бір-біріне үйретті.

Қорыта келе, ойын түрлері педагогикалық, психологиялық және оқыту әдістемесі тұрғысынан салғастырмалы талдау жасау арқылы қарастырылу барысында, ағылшын тілі сабағында оқушылардың коммуникативті біліктілігі мен сөйлеу дағдысын дамыту, коммуникативті органы қалыптастыру және де білім беру жолында жоғары нәтижелерге жету үшін, білім берудің қазіргі тұжырымдамасына сәйкес оқу үдерісінің белгілі бір жүйемен үздіксіз жүргізілуі, сонымен қатар, осы тұста, тіл, психология және педагогика сабақтастығының қажеттілігі айқындалды.

Оқыту үдерісі барысында қарапайым коммуникативтік біліктілікті, яғни шетел тілін қажетті жағдаяттағы ауызша және жазбаша (сөйлесім, тыңдалым, оқылым, жазылым) өзара мәдени қарым-қатынас үдерісінде қолдана алу қабілеттілігі мен дайындығын қалыптастыруды қамтамасыз ететін тілдік, сөздік, әлеуметтік-мәдени білім, білік дағдыларының ендірілуі зерделенді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасы// Қазақстан жоғары мектебі. – 2004. - №1.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Елбасының жолдауы. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» - 2007. - 28 – ақпан
3. Қасенова Д. Шетел тілін оқыту әдістемесінде коммуникативтік біліктілікті қалыптастырудың артықшылықтары мен принциптері. «Мектептегі шет тілі» Республикалық әдістемелік-педагогикалық журналы. - №1/ 2010.
4. Мектептегі шет тілі-Иностранный язык в школе. №1, 2008.
5. Мектептегі шет тілі-Иностранный язык в школе. №5, 2009.
6. <http://bilimtime.kz/maala/3471-aylshyn-tl-sabaynda-oyun-elementtern-paydalanudy-timdlg.html>.
7. <http://bilimdiler.kz/agilshin/14586-agylshyn-tili-sabagynda-oyynalatyn-kyzykty-oyyndar.html>.

Б.АЛЬКЕНОВА,
«Өрлеу» АҚ БАҰО филиалы
«Ақмола облысы бойынша ПҚ БАИ»
ЖҒ(Г) ПОӘ және ИТ кафедрасы.
Көкшетау қаласы

БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Ыбырай Алтынсарин-қазақ халқының ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған, қазақ зиялыларының арасынан шыққан тұңғыш халық ағартушысы, қоғамда өзгеріс жасау жолында талмай күрескен аса талантты педагог, дарынды жазушы, ақын, көрнекті қоғам қайраткері. XIX ғасырдың екінші жартысында аса көрнекті ағартушы-демократ - Ыбырай Алтынсарин Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірдің өркендеу тарихында орасан зор орын алды. Ол жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеу мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Қазақ даласындағы аумалы-төкпелі заманда ұрпақ болашағын ойлап, балалар мен жас жеткіншектердің тағдырына терең үңілген ағартушы-ұстаз. Ыбырай Алтынсарин қазақ қоғамының мәдениет пен экономика жағынан мешеу кезінде өмір сүріп, халқымыздың демократиялық мәдениеті мен өнерінің бірсыпыра саласының жаңадан өсіп-өркендеуіне айқын жол ашып, негізін қалады. Ы.Алтынсарин Қазақстандағы әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешудің басты жолдары мен негізгі ұстанымдарын ұсынды. Іргесі қаланбақшы алғашқы мектеп құрылысын, тұңғыш берілетін білімнің бағыт-

бағдарын айқындады, қалың бұқараға оның мазмұны мен маңызын түсіндірді, бастауыш мектепке оқу-құралдарын әзірледі. Ыбырай Алтынсарин – бар саналы ғұмырын туған халқын өнер-білімді, жаңа заманның өркениетті, мәдениетті елдерінің қатарына қосу жолына арнаған көрнекті тұлға. Ол өзінің ағартушылық, педагогтік, ақын-жазушылық тарихи қызметі мен зор талантын, жан-жақты терең білімі мен қайрат-жігерін жас ұрпаққа сіңіріп, қазақ жерінде үлесін қосатын ұрпақ тәрбиеледі. Ыбырай Алтынсарин жаңа үлгідегі мектептер ашып, оқушыларды өз кезінің озық ғылымымен қаруландырып, кәсіп түрлерін үйретті. Ыбырай бұл жолда сан алуан кедергілер мен қиындықтарды жеңе отырып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Өшпес ізі туған халқының мақтан тұтатын ардақтысына айналды. Ыбырай Алтынсарин өзі ашқан мектептерде ана тілінің таза оқытылуына көңіл бөліп, алғашқы тілашар ретінде халық ауыз әдебиетін пайдаланып, өзі де ұрпақ тәрбиесіне арналған әдеби шығармалар жазды. Сол әдеби шығармалары арқылы қазақтың жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін қалаушылардың бірі болды. Әдебиетке тың тақырыптар әкеліп, озық ойлар енгізді. Оның мазмұнды да мағыналы әсем лирикалық өлеңдері, әсерлі әңгімелері, мысалдары қазақ әдебиетінің тарихында өшпес орын алады. Осы тұрғыдан, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Ы.Алтынсариннің тіл тазалығы үшін күрескерлігі, педагогикалық ілімнің тұңғыш кемеңгері деп білеміз. Көрнекті әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиев өзінің «XVIII- XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген ғылыми – зерттеу еңбегінде педагог-жазушыға: «XIX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Европа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын-жазушы Ыбырай Алтынсаринның өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор»- деп баға береді.

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов Ыбырай Алтынсарин туралы былай жазды: «Ыбырай

орыстың мәдениет мектебін танымаса, Ушинский бастаған педагогикалық жаңалықтарды білмесе, орыстың адамгершіл, прогрессшіл классикалық әдебиетінің нәрінен қорек алмаса, Ыбырай болмас еді... Ыбырай да сол бір бағытта болумен қатар, өмірі, еңбек еткен ортасы, әлеуметтік-қоғамдық қайраты, әрекеті жөнінде Шоқанға да, Абайға да ұқсамайды. Ыбырай Шоқан мен Абайдың да ісін өз өмірінде еңбегіне түйістіріп, қоса білді. Сөйтіп, ол Шоқан мен Абайдың істеген тың өрісі бар, зор келешегі бар істерінің үлгісін өз қолымен орнатты. Әрі ол жаңа үлгідегі ақын, әрі сол кездегі Ресейде батыл жаңалық жасап, тың үлгідегі мектеп ашушы. Қазақтың ең алғашқы мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстырушы». Кезінде қазақ халқының болашақ тағдырын орыс мәдениетімен бірлікте алып қараған Шоқан, Абай және Ыбырай секілді ұлы ағартушы-демократтар тарихымызда өшпестей ізін қалдырды.

Қазіргі таңда Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғырту кезеңінде тұрмыз. Әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледжде, университетте жаңа кәсіби білім алуын, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді. Яғни Ыбырай Алтынсариннің ұлы, сара жолын әлі де жалғастырып келеміз. Білім беру саласындағы реформалар, әлбетте жаңалықтар, оны тәжірибеге енгізу, оның нәтижесін, қорытындысын шығару үшін жылдар керек болады. Биылғы жылы 12 жылдық білім беруге көшу кезеңі басталды. Ыбырай атамыздың салып кеткен жаңа мектебінде жаңаша оқыту түрі енгізілді. Ондағы әр бала жеке тұлға ретінде қабылданады. Яғни бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң мотивациясы мен іскерлігін: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кеңінен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық

тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған. Ал негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады. Сол сияқты жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып, саралау, кіріктіру және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді.

«Шеберліктің белгісі- әр түрлі әдісті біліп, сабақта орынды қолдана білу» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, заман талабына сай қазіргі мектеп мұғалімдері оқыту әдістерін жаңа бағытта құрып, оқуға деген баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыруды көздейді.

Президентіміз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландыруының негізіне айналуы тиіс. Бұл мәселе мектептерге байланысты айтылып тұрғандығы белгілі. Еліміздің болашағы орта мектептен толық қанды сапалы білім алған, оның бағдарламасын толық меңгерген баладан, яғни оқушыдан шығары анық, өйткені, ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар-бүгінгі мектеп оқушысы.

Мектепте жұмыс атқаратын әрбір мұғалімнің алдына қазіргі таңда қойылатын талап өте үлкен болып отыр. Мұғалім өзінің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырып, оны меңгеріп, өз тәжірибесінде қолданған әрбір мұғалім өз сабағын нәтижелі даму жағынан көре алады.

Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының білім деңгейінің көтерілуіне жағдай жасайды. Оны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «жаңашылдық» деп атауға болады. Инновацияны қолдану арқылы мұғалім өз-іс тәжірибесін байытып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізе алады.

Қазіргі бағдарламаның басым бөлігі сындарлы оқыту

теориясы негіздерін қамтиды. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді.

Қазіргі мектептерге кіргізілген жаңаша технологияның бірі- тұлғаның ойын дамыту, ендеше оқу мен жазуды сыни тұрғыдан ойлау технологиясы бүгінгі білім беру саласында кеңінен етек жайды. Сыни тұрғыдан ойлау бағдарламаның өн бойында екі мағынада қарастырылады: оқушылардың және мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Сыни тұрғыдан ойлау-бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау, көбінесе, қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді.

Жаңаша оқыту бұл-мағынаны іздеу, өзінің көзқарасымен ғана шектелмей, басқалардың да пікірін ескеріп, қандай да объективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарта білу. Тұлға жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті. Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.

Жаңа инновациялық технологияларды қолдану, яғни ойлауға үйрету, оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған.

Оқушы бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім-осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. Қазіргі өзекті мәселелердің бірі- мектеп оқушысы әдеби кітап оқымайды, тек бар ақпаратты интернеттен іздеп, тауып алып, оқып, көшіріп алып, дайын материалмен жұмыс жүргізіп, қысқа оймен шектеліп жүр. Бүгінгі оқушылардың сөздік қоры таяз. Себебі оқу материалынан басқа әдеби, тарихи кітап оқуға деген ынта жоқ. Ыбырай атамыздың барлық білімдік, тәрбиелік мәні бар әңгімелері, өлеңдері оқулыққа енгізілген, қазіргі ата-аналар мен мұғалімдер соған шүкіршілік етеді. Осындай жағдайда жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден бір шарты- мұғалімнің ізденімпаз болуы. Себебі, еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтың білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан сабақты жаңаша құрып, инновациялық түрлі тәсілдерді, педагогикалық білімдерді жетілдіре отырып, оны дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу-әрбір ұстаздың міндеті болуы керек. Қазіргі сабақтар оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, жұптық және ұжымдық бірлесіп жұмыс жасауға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Ең бастысы оқушы білімінің тереңдігі мен тиянақтылығын арттырады.

Білім берудің әр кезеңінің өзіндік ерекшелігі бар. Бірақ, бұлар бір-бірімен өзара өте тығыз байланысты болып келеді. Қазіргі балаларды оқытуда ойлауды үйрету үшін алдымен уақыт керек, оқушыларға ойланып толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру, әр түрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау, үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдану, бір-бірінің жауабына жасаған жұмыстарының дәлелді, дәйекті болуын талап ету. Сол сияқты тіл тазалығын сақтау, тіл дамыту жұмыстарын сабақта жүргізу тіл пәні мұғалімдерінің ғана мәселесі болмауы керек, барлық пән мұғалімдері талап етуі тиіс. Тұлғаның ойын тіл арқылы жеткізуі, сауаттылық мәселесін де жүзеге асыру бүгінгі күні

мұғалімнің білімділігіне де байланысты.

Жаңаша оқытудың тиімді жақтары-оқушылардың өздігінен жан-жақты білім алуына жағдай жасалады, сабақ кезінде уақытты ұтымды пайдалану мүмкіндігі молаяды, оқушылардың өзара пікір алмасуына мүмкіндік туғызылады, мұғалім мен оқушылар арасында ізгілікті қарым-қатынастар орнайды, сонымен қатар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, түсіну сезімдерін арттыру, сауатты жазу, мәнерлеп оқу, мағыналы сөйлеу, өлең шығару, эссе жазу, тағы да басқа көптеген қасиеттерін дамытып қалыптастыруға болады.

Білім беру саласында мұғалімнің алдына қойған қазіргі мақсаты- Ыбырай Алтынсарин атамыздың салып кеткен сара жолымен, оқушыларға ұлттық педагогикалық тәрбие және білім берумен қатар олардың шығармашылық қабілеттерін арттыру. Сол себепті сабақты идеялық жағынан ғылыми негізде, өмірмен байланысты ұйымдастыру, білім құмарлығын таныту, әр сабақта оқушыларды ойлануға өздігінен ізденіс жасауға баулып, ойын ауызша, жазбаша жинақтап баяндай білуге, мәдениетті сөйлеуге үйрету арқылы ұлттық әдет-ғұрыпты бойына сіңіруге дағдыландыру-әрбір ұстаздың абыройлы борышы деп санаймын. «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға-мұғалім» деп Стронг айтқандай, ұстаздық білімділікпен қоса ізденімпаздықты, дарындылық, ұйымдастырушылық, тағы да көптеген құндылықтарды талап ететін маман иесі. Шығармашылық қабілет баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз-оқушының бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерді ашып көрсету. Ол үшін мұғалім ғылымда болып жатқан жаңалықтармен үнемі танысып, өз біліктілігін үнемі арттырып, толықтырып отыруы керек. «Туған елге пайдалы іске қолдан келгенше үлес қосу-әрқайсысымыздың міндетіміз» деп Ыбрай Алтынсарин айтқандай, әр педагогтің қазіргі білім саласында болып жатқан жаңалықтардан тыс қалмай, өз үлесін қосуы керек

деп ойлаймын.

Украин халқының белгілі шығыстанушысы А.Е.Крымский «Қазақстан түріктерінің әдебиеті» дейтін мақаласында ағартушы-педагогтың хрестоматиялық еңбегі жөнінде мынадай құнды пікір білдірген болатын «Через учителей и учеников хрестоматия Алтынсарина и вне школы получила самое широкое распространение и сильно послужило к возбуждению национального духа у казахского народа». Ендеше, Ұлы бабамыздың ұстанымын бүгінде жоғары ұстау, оны жалғастыру, құндылығын ұрпаққа жеткізе алу бүгінгі жаңаша көзқарасы қалыптасқан педагогтерге байланысты.

Әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. «Қазақстан мектебі», 1989.
2. Бержанов К., Сейталиев К. Ауыз әдебиетіндегі адамгершілік, тәрбие мәселелері. «Қазақстан мектебі», 1970.
3. Бастауыш мектеп. №7, 2001.
4. Боданов Ж., Бөлеев Қ. Қазақтың халық педагогикасы. Жамбыл, 1992 ж.
5. Жарықбаев Қ. Ұстаздық еткен жалықпас. Алматы, «Мектеп», 1987.
6. Игнатъев Е.И. Психология в беседах с учителями.- Санкт Петербург, 2001.
7. Қоянбаев Б.Ж. Педагогика. Оқу құралы.-Алматы, «Рауан», 1992.
8. Қазақстан мектебі. №4, 1995.
9. Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология.- Алматы, 1981.
10. Макаренко А.С. Педагогикалық шығармалары. Т.5.- Москва, 1958.
11. Мұғалімге арналған нұсқаулық.- 3 деңгей, 2012.
12. Оқыту-тәрбиелеу технологиясы журналы. 2011.
13. Салтақова Л.Қ. Бастауыш сыныптың оқу-тәрбие жұмысында халықтық педагогиканы оқыту әдістері. 2015.

С.СЕНҚІБАЕВ,
Н.ҚҰСАЙЫНОВА,
А.Мырзахметов ат. КУ.
Көкшетау қаласы

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР - БІЛІМ БЕРУДІҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ

Ойын – бұл адамның мінез-құлқын өзі басқаруымен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізіндегі іс-әрекеттің бір түрі [1, 65 б.].

«Ойын» сөзі мағынасының түп-төркіні қуаныш, әзілге сәйкес келеді. Мысалы, Ежелгі Рим халықтарында «ойын» сөзінің мағынасы қуаныш, мереке сөздерінің мағынасымен ұштасып жатыр, еврей тілінде әзіл мен күлкіні білдіреді, ал қазақ тілінде жас баланың іс-әрекетін, ересектер арасындағы әзілді, қалжыңды меңзейді. Бұл қазақ халқының мақал-мәтелдерінде анық байқалады. Мысалы, «Асық ойнаған – азар, доп ойнаған – тозар, кітап оқыған – озар» нақыл сөзінде ойын сөзі балалардың іс-әрекетін білдірсе, «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» мақалында ойын сөзі әзіл-қалжыңға сәйкес келеді.

Ұлы Абайдың «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деген пікірінен бала өмірінде ойынның маңыздылығын көруге болады. Оқушылардың психикасының дамуына ойын әрекеті шешуші рөл атқаратындығы туралы белгілі ғалымдар өз еңбектерінде айтып кеткен: Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердіұлы, С.Торайғыров, Т.Тәжібаев.

Ал ертедегі ұлы ойшылдар Ж.Ж.Руссо мен И.Г.Пестолоцци ойын арқылы балаларды болашақ өмірге бейімдеу керек деп түсіндірген. Ойынның теориясы мен маңыздылығы туралы К.Д. Ушинский мен П.Ф.Лесгафт, тәрбиеде және оқыту барысында ойынның алатын орны туралы В.А.Сухомлинский, С.П.Шацкий және Н.К.Крупская өз пікірін білдірген. Пікірлер сараланып, ойын әрекетінің жүзеге асуына мына жағдайлар әсер ететіндігі анықталды:

1. Ойын әрекетін жүзеге асыру үшін балада артық энергиялық

күш болуы қажет (бұл энергиялық күшті біз баланың ойнауға деген құлшынысы, талпынысы тұрғысында түсінеміз). Балалар осы энергиялық күш негізінде ойнап, қанағаттанады.

2. Ойын – адамдар генінде қалаған инстинкті жеткізуші. Балалар ойнау арқылы өмір тәжірибесімен, қоршаған ортамен танысады, ересектердің қимылын қайталайды, сол арқылы өмірге қажет іс - әрекетті және ойлау дағдыларын меңгереді.

3. Ойын балалардың қиялынан туындайды, ойын – бала шығармашылығы. Баланың қиялы ойын арқылы шарықтайды, олар ойнау процесінде "басқа әлемге енеді".

4. Ойын қоршаған ортаға, қоғамға қарай түрленеді. Бұл қазіргі заман балалары мен ертеректе өмір сүрген балалардың ойындарының әр түрлі болғандығынан көрінеді. Қазақ халқының ертеректегі ойындары оның көшпелі, салт-дәстүріне байланысты шыққан. Мысалы, жамбы ату, көкпар, асық ойыны, т.б.

5. Ойындар – белгілі бір білімді, іс-әрекетті үйретуші тәсіл. Мәселен, бұрынырақта шахмат ойыны соғыс өнерінің тактикасы мен стратегиясын үйреткен. Кейінгі кезеңде олар жұртшылыққа кең тарап, спорттық ойын түріне айналды. Мұндай мысалға қазақ халқының аударыспақ, жамбы ату, т.б. ойындарын жатқызуға болады. Мұның барлығы ойын әрекетінің қырын түсінуге, ойынның балаға қалай әсер ететіндігін ұғуға септігін тигізеді.

Үлкендер үшін қарым – қатынас құралы тіл болса, ал балалар үшін ойын және әр түрлі іс - әрекет болып табылады.

Бүгінде мәдени қазыналарға бай қазақ халқының ұлттық ойындарын сабақта қолдану оқушылардың өздерінің кім екендіктеріне барлау жасауына, ата – аналарының психологиялық болмысы мен ойлау жүйелеріне зер салуға, көздеген мақсаттарын өрістете отырып, өткен мен бүгінгі байланыстыра білулеріне септігін тигізбек. М.Әуезов: “Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жолдарында өздері қызықтаған алуан ойын өнері бар ғой. Ойын деген, менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған” деп тегін айтпаса керек [2, 102 б.]. Ойынға зер салып қарар болсақ, содан үлкен мағыналы істер туындап, орбитінін байқаймыз. Ойынды біз бар өнердің бастауы, халықтың әлеуметтік – экономикалық өмірінің айнасы деп білеміз. Өлең жырларында халық ойынды тәрбие құралы деп танып, оның

бойындағы жастарды ойландырып, шынықтыратын қасиеттерін аша түседі. Т.Манашұлы жырында:

«Балалармен ойнайды,

Ойнап жүріп ол бала

Кеудеге ақыл ойлайды» – деп түйіндейді.

Абайлап қарасақ, тілімізде кездесетін кейбір сөз тіркестері: домбыра ойнау, ат құлағында ойнау, ойын – күлкі, ойын баласы, асық ойнау, доп ойнау, т.б. халықтың көне мәдениетінің бір куәгері ретінде ойын туралы түсініктің туу тарихы тыс әріден басталғанынан және ата – бабаларымыз қолданған ойын түрінің молдығынан хабар береді.

Тарихының көнелігіне қарамастан, ойын үнемі жаңа, ескірмейтін нәрсе. Өйткені, күн сайын дүниеге келіп жататын сәбилердің қиялын қозғап, сезімдерін аялайтын, денеге қуат, жанға саулық беретін, рухани азық болатын да осы ойын. Адам ата – анандан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып, ескерсе дүниедегі жақсы – жаманды таниды – дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады.

Ойын – оқу, еңбек іс-әрекеттерімен бірге адамның өмір сүруінің маңызды бір түрі.

Адамзат тәжірибесінде ойын әрекеті мынандай қызметтерді атқарады:

- ойын-сауық;
- коммуникативтік немесе қарым-қатынастық;
- диагностикалық (ойын барасында өзін-өзі тану);
- коррекциялық (өзін-өзі түзету);
- әлеуметтендіру.

Әлі де болса ойынның адамның дамуына, қалыптасуына, тәрбиесіне байланысты функциялары анықталуда.

Ойын – адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, білімін жетілдіреді [3, 108 б.].

Ойын – бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет іспетті. Ол міндетті түрде ұжымдық әрекет болып табылады. Ойынның ережелері ойнаушылардың қисынды ой қабілетінің дамуы, бір-біріне деген сыйластық қажеттіліктерімен санасуы әр ойыншының жеке әрекеттерінен туындайды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір – біріне деген сенімін арттырады.

Ойынның өзіне тән мотивтері болады. Мысалы, мазмұндық, рөлдік ойындар баланың зейінін, есін, ойлауын, қиялын қалыптастыруда зор маңыз атқарады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Ақыл-ой ойындарында белгілі бір ережелерді сақтап ойнайды. Ол ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік сезім түрлерін де дамытады. Күнделікті сабақта ұстаздар арасында кеңінен тараған бір әдіс – ойын элементтерін қолдану. Бала белсенділігі ойын үстінде танылады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, алуан мәлімет, дағды мен шеберлікті меңгереді. Алға мақсат қоя білуге төселеді, білгенін соған жұмсайды. Алайда, бұл ойындарды үнемі пайдалана бермейміз. Ойынның белгілі бір уақыттарда жүзеге асырылып, сабақ кезеңдеріне нұқсан келтірмейтіндей жымдасып жатуын көздеуіміз керек. Ойынды, көбінесе, қайталау сабақтарында немесе бекіту кезеңінде қолдануға болады.

Ойын – сабақтар көмегімен мұғалім тек қана белгілі білімді бермейді, көріністерді қалыптастырады, сонымен бірге балаларды ойнауға үйретеді. Балаларға арналған ойындар негізі ойын барысын құрайтын қалыптасқан көріністері, заттармен жасалатын әртүрлі ойын қозғалыстары болып табылады. Содан кейін бұл білімдер мен көріністерді өздігінен шығармашылық ойындарына тасымалдауға жағдайлар жасау маңызды.

Ойын мен еңбектің бір – біріне ұқсас сипаттары көп, сондықтан кейбір педагог ғалымдар «жақсы ойын – жақсы жұмыс сияқты да, жаман ойын – жаман жұмыс сияқты» деп қарап, бұлардың арасында айырма шамалы деген түйін жасайды. Өйткені, әрбір жас кезінде ойын тиісті дәрежеде ақыл мен қажыр – қайрат жұмсауды керек етеді. Белсенді іс – әрекет пен күш – жігер жұмсалмаған ойын жақсы ойын болып табылмайды. Демек, осы жағынан ойын мен жұмыстың ұқсастығы байқалады. Баланың ойынында да белгілі дәрежеде тиісті жұмыстағыдай жауапкершілік болуға тиіс. Олардың негізгі айырмашылығы тек мынада: баланың ойыны нақты материалдық, рухани байлықты көздемейді, ал жұмыс ондай игілікті өндірудің негізгі жолы екені айқын. Осыдан келіп ойын туралы мынадай тұжырым жасалады:

- ойын – тәрбие құралы, ақыл – ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді, тәрбиелейді;

- ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді;

- ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі;

- эстетикалық тәрбие беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді;

- дене күшінің жетілуіне көмектеседі.

Демек, ойын баланы жан-жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады. Ойынды бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады:

Құрылыс ойындары. Оқытушы мақсат көздеген, үйретуші және бағыттаушы басшылығы балалардың өнерпаздығымен, белсенділігімен дұрыс ұштасқанда ғана құрылыс ойындары ықпал жасай алады. Бұл тұрғыда мұғалім мына міндеттерді жүзеге асырады:

- Балалардың ұғымын кеңейту және олардың назарын құрылысшылардың еңбегіне, олар пайдаланатын техникаға тәрбиелеу;

- Құрылыс тәсілдеріне үйрету, ойнау дербестігі мен белсенділігін, конструкциялық қабілетін тәрбиелеу және дамыту;

- Баланың еңбексүйгіштігін қалыптастыру, өзара дұрыс қарым - қатынасын дамыту, оларды ұжымшылдыққа тәрбиелеу [2, 109 б.].

Қимылдық ойындар. Қимылдық ойындар кезінде баланың қозғалу ритміндегі, қимыл шапшаңдығына байланысты қозғалыс сымбатындағы жарасымдық пен әсемдік олардың эстетикалық сезімін де тәрбиелейді. Жүгіріп ойнауда бала бәрінен де бұрын оңға, солға, алға, кейін деген сияқты бағдарлау істерін тәжірибе жүзінде игереді. Қимыл қозғалыс ойындары өзінің мазмұны мен формасы жағынан эстетикалық әрекет болып табылады. Балалардың бұрын игерген қимыл дағдыларын тірек ететін әр алуан ойын қимылдары оларға қолайлы дәлдік пен қалыпттылықтан, ептіліктен, ерекше мәнерлілікпен көрінеді. Қимылдық ойындар мазмұны жағынан 2 топқа бөлінеді:

• Сюжетті ойындар

• Сюжетсіз ойындар [2, 109 б.].

Сюжетті қимыл – қозғалыс ойындары шартты формада өмірлік немесе ертегі оқиғасын бейнелейді. Балаларды ойында шығармашылықпен көрінетін ойын бейнелері қызықтырады. Мысалы, «Мысық пен тышқан», «Қарақұлақ», «Қасқыр қақпан»;

«Қоян», т.б. Сюжетті қимыл-қозғалыс ойындары балаларды өздерінің түсінікті мақсатқа жетуге жетелейтін, балалар үшін қызықты қимыл тапсырмаларынан тұрады. Олар өз кезегінде ойындардың тоқтап жүгіру, ұстап алу және осы сияқты үлгілеріне бөлінеді: «Кімнің тобы тез сапқа тұрады?», «Кім өз жолаушысына тез жетеді», «Кім шертті?», «Икемді тал», т.б. [2, 109 б.].

Ұлттық ойындар. Қазақ халқының атадан балаға мирас болып келе жатқан тәлім – тәрбиелік маңызы зор мұралараның бірі. Бұл ойындардың мақсаты – елін, жерін, халқын сүйетін ұрпақ тәрбиелеу жолында халықтың бар өнерін, құндылықтарын қолдану. Ұлт ойындары тақырыбына, мазмұнына, көздеген мақсатына байланысты, негізінен, үш салаға бөлінеді. Атап айтқанда: ойын-сауық, тұрмыс-салт ойындары және оймен келетін ойындар. Шындап келгенде ұлт ойындары ауыз әдебиетінің бір саласы. Олай болса, ұлан – байтақ қазақ даласына ауызекі тарай келіп, ол түрленіп, өзгеріп отырған. Ұлт ойындарының басым көпшілігі тұрмыс – салтты, соған орай жануарлар әлемін: аңшылықты бейнелейді. Ұлт ойындары адам баласының ұжымдық шығармашылығы және орындалуы да көбіне ұжымдық түрде болғандықтан, ойын үстінде жолдастық, достық қарым – қатынасқа әрекеттенуге, тәрбиеленуге мүмкіндік мол [2, 110 б.].

Дидактикалық ойындар – оның аты айқындап тұрғандай, баланың ақыл – ойын дамытып, таным түсініктерді ажыратудағы әдістердің бірі.

Дидактикалық ойындар дегеніміз оқыту мақсатын жүзеге асыруға арналған ойындар. Дидактикалық ойындар оқушының байкампаздық, елестету, есте сақтау, сөйлеу, ойлау қабілеттерін, сенсорлық бағдарын дамытады. Дидактикалық ойын баланы қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтіп және оны бекітіп нақтылай түседі. Әрбір дидактикалық ойын ойлай білуге баулып, оқушылардың сөздік қорын арттырады, ақыл – ой қызметін қалыптастырады. Дидактикалық ойын баланың пікірін сөзбен жеткізуді талап етеді [2, 108 б.].

Дидактикалық ойындар педагогика ғылымының дидактика тарауында қарастырылады. Себебі, дидактика – бұл оқу, және білімдену, олардың мақсаттары, мазмұны, әдістері, құрал жабдықтары, ұйымдастырылуы мен нәтижелері жөніндегі ғылым. «Дидактика» термині грек тілінен енген, аудармасы «үйретуші»

дегенді білдіреді [4, 78 б.].

Дидактикалық ойындарда балалардың алдына шешімі шоғырланушылықты, зейінді, ақыл-ой күшін, ережені түсіне білуді, әрекеттердің реттілігін, қиыншылықтарды жеңуді талап ететін дәл немесе өзгеше мақсаттар қойылады. Олар оқушылардың сезіміне және қабылдауына, түсініктерінің қалыптасуына, білімді меңгеруіне көмектеседі. Бұл ойындар, балаларды сол немесе басқа ақыл-ой және тәжірибелік міндеттерді әр түрлі үнемді және оңтайлы әдістерімен шешуді үйретуге мүмкіндік береді. Дидактикалық ойындардың мақсаты-жекелеген білім мен білікті меңгеру әдісі ғана емес, сонымен бірге баланың жалпы дамуына, оның қабілеттілігінің қалыптасуына қызмет етуіне қол жеткізу. Дидактикалық ойындар адамгершілік тәрбиесінің міндеттерін шешуге, балалардың көпшілігін дамытуға жәрдемдеседі. Мұғалім балаларға бірге ойнай білуді талап ететін, өзінің жүріс-тұрысын реттейтін, әділ және адал, көнтерілі және қатаң болуды талап ететін осындай шарттар қояды. Іс-әрекет барысында адамның жан-жақты және біртұтас тұлғалық дамуы жүріп жатады, оның қоршаған дүниеге көзқарасы, қарым-қатынасы қалыптасады. Таңдалған іс-әрекет көзделген тұлғалық қасиеттердің қалыптасуына ықпал етуі үшін оны қажетті деңгейде ұйымдастыру және келелі бағдарлап отыру қажет. Бұл тәрбие практикасында өте күрделі іс.

Сондықтан да педагогикада бала ойынына ерекше мән беріледі, өйткені ойын үстінде қалыптасатын балалық шақтың түйсігі мен әсері адамның көңіліне өмірбақи өшпестей із қалдырады. Бала ойын арқылы өзін толқытқан қуанышын немесе ренішін, асқақ арманын, мұрат-мүддесін бейнелесе, күні ертең сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Сөйтіп, бүгінгі ойын, бейнелі әрекеттің ертеңгі шындық ақиқатқа айналатын кезі аз емес.

Әдебиеттер:

1. Қайбулдаева Г., Жаздықбаева М., Әлімбаева С. Ойын технологиясы. – Түркістан: Тұран, 2007. – 207 бет.
2. Құлмағамбетова Б., Исанов А., Исинғарина М. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2000. – 144 бет.
3. Бейсембаева З. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2002. – 280 бет.
4. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 160 бет.

Қ.БӨЛЕЕВ,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор.
Ұлттық Білім Академиясының академигі,
Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтың иегері.

АСА ҚҰНДЫ КІТАП

Белгілі ғалым, профессор Меңдібай Әбілұлы 2015 жылы 11 наурыз күні Жамбыл облысы әкімдігінің "Тілдерді дамыту басқармасы" ұйымдастырған ғылыми конференцияда Елбасымыз Н.Назарбаевтың "Ұлытау төріндегі толғаныс" атты сұхбаты бойынша "Ұлытау толғауында туындаған ой" атты баяндама жасап, әдебиетші қауымды дүр сілкіндірген жаңалық ашты. Ол қазақ әдебиеттану саласында әлі тереңірек зерттелмей келе жатқан қазақ балалар әдебиеті тарихының олқы тұстарын толықтыратын "Ежелгі дәуірдегі балалар әдебиеті" (оқулық, 2012); "Ежелгі ғұн дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті" (оқу құралы, 2012); "Ежелгі дәуірдегі балалар ауыз әдебиеті" (хрестоматиялық оқу құралы, 2013); "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар әдебиеті" (оқу құралы, 2014); "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті" (хрестоматиялық оқу құралы, 2014); атты оқулықтар мен оқу құралдарын, хрестоматиялық оқу құралдарын жазғанын баян етті.

"Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті" деп аталатын хрестоматиялық оқу құралына балаларға арналған жаңылтпаштар, "Алтын", "Бірлік бар жерде береке бар", "Анар мен Мұнар", "Шырақ батырдың түсі", "Заринаның қырық қызы", "Сақ қызы Күнсұлудың хикаясы", "Қобыз үн" атты ертегілер мен аңыз әңгімелер, сонымен бірге грек тарихшыларының ежелгі сақтар мен сақтардың тарихи тұлғалары туралы жазған еңбектері енгізілген. Ертегілер мен аңыз әңгімелер ежелгі сақ дәуіріндегі балалар туралы қызықты, тәлім-тәрбиелік маңызға ие мазмұнды оқиғаларға негізделген туындылар екені белгілі болып тұр. Ал, грек тарихшыларының ежелгі сақтар

мен сақтардың тарихи тұлғалары туралы жазған еңбектері ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиетімен үндесіп жатыр. Бұл қазақ әдебиеті тарихындағы, соның ішінде қазақ балалар әдебиеті тарихындағы үлкен құбылыс.

Хрестоматиялық оқу құралына К.Көкірекбаевтың "Ана жүрегі" атты кітабындағы "Алтын" атты аңыз әңгіме енгізілген.

Оқу құралының тағы бір ерекшелігі-қазақ ақын-жырауларының ежелгі сақ дәуірінің тарихи тұлғалары мен қаһармандары туралы жазылған шығармалардың енуі. Мұның өзі балалар мен жасөспірімдерді ұлтжандылық тұрғыдан тәрбиелеуге біршама септігін тигізеді хақ.

Хрестоматиялық оқу құралының тағы бір құндылығы - сақ дәуірінде өмір сүрген Анарыс (Анахарсис) пен Тоқсарының афоризмдері енгізілген ("Қазақ афоризмдері", құрастырған: Е.Шаймерденұлы, Алматы, "Алматыкітап" баспасы, 2008).

Қазақтың көрнекті ғалымы М.Жолдасбеков 2012 жылдың 25 мамырында республикалық "Егемен Қазақстан" газетіне берген "Күлтегін-біздің бабамыз" атты сұхбатында (сұхбатты жүргізген жазушы Болат Бодаубаев): "...Әр дәуір өзіне лайықты мәдениет, әдебиет қалыптастырған. Қазақ әдебиеті тарихының байырғы сақ, ғұн, түрік дәуірінен бастау алатынын бүгінде дәлелдеп жатудың еш қажеті жоқ..."-деп жазды.

М.Әбілұлы оқу құралына енгізген өзінің "Ежелгі сақтар" атты ғылыми-танымдық еңбегінде белгілі қазақ ғалымдары Ә.Марғұланның, Н.Келімбетовтың, М.Мырзахметұлының, М.Жолдасбековтың, Ғ.Есімнің, А.Қыраубаеваның, М.Иманғазиновтың, И.Жеменейдің, А.Мектептегінің ("Бітік тасқа тіл бітсе..."), З. Жәкішеваның ("Домбыралы сақтар"), Р. Садоковтың ("Музыкальные культуры древнего Хорезма"), белгілі журналист А.Үмбеттегінің, т.б. сақтар туралы жазған ғылыми еңбектеріне өзінің ғылыми тұжырымдарын беріп отырады.

М.Әбілұлының "Ежелгі сақ дәуіріндегі балалар ауыз әдебиеті" атты хрестоматиялық оқу құралы жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған. Қазақ балалар әдебиетінің тарихына қосылатын бұл еңбек қазақ әдебиетінің көне дәуіріне қосылған сүбелі үлес деп ойлаймын. Хрестоматиялық оқу құралы ежелгі қазақ әдебиетінің кезеңдерін дәуірлеуде таптырмас құрал болатыны анық.

М.ӘБІЛҰЛЫ,
Тараз инновациялық
гуманитарлық университетінің
доценті.

Х-ХІІ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТҮРКІ ОҚЫМЫСТЫЛАРЫНЫҢ ШЕТ ЕЛ ЭКСПАНЦИЯСЫНА ҚАРСЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ КҮРЕСІ

VIII-IX ғасырларда түркілердің рухани қазынасын жойып жіберуді мақсат тұтқан арабтардың экспанциялық әрекеттері туралы ғалымдарымыз көптеген ғылыми еңбектер жазды. Солардың бірі- профессор Н.Келімбетов. Ол "Ежелгі дәуір әдебиеті" деп аталатын оқулығында осы тарихи дәуір туралы былай деп жазды: "Орта Азия мен Қазақстанның көп жерлерін араб басқыншылары VIII-IX ғасырларда жаулап алғаны мәлім. Арабтар жергілікті халықтардың мал-мүлкін тонады, өздерін құлдыққа салды, қалалары мен елді мекендерін қиратты. Сондай-ақ олар жергілікті халықтың сан ғасырлық тарихы бар рухани қазынасын-тілін, жазуын, мәдениетін, әдебиетін, ежелден қалыптасқан наным-сенімін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, т.б. мүлдем жойып жіберуге барынша әрекет жасады. Олар зорлықпен елдің бәрін Ислам дініне енгізіп, араб тілін міндетті мемлекеттік тілге айналдырды. Барлық жерде оқу-білім тек араб тілінде ғана жүргізілді. Ежелгі түркі жазуларын қолдануға қатаң тыйым салынды..." (Н. Келімбетов, "Ежелгі дәуір әдебиеті", Алматы, "Мектеп" баспасы, 1991-жыл, 135-бет).

Бұл дәуір қазақ түркілері үшін де өте ауыр нәубет болды. Ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан салт-дәстүрден қол үзу-қазақ түркілерінің жер бетінен жойылып, ассимиляцияға ұшырап кету қаупі туған еді. Ежелгі сақтардан, ғұндардан қалған ескерткіштер жойыла бастады. Тасқа қашап жазылған ескерткіш-жазулар саналы түрде өшірілді. Мәдени, әдеби жәдігерліктердің

елдің жадында қалмауы үшін әр түрлі китүрқылар жасалды. Тек бір ақылды адамдар осы дәуірде өз халқының болашағын ойлап, тасқа қашап жазылған "Күлтегін", "Тоныкөк", "Білге" дастандарын Орхон-Енисей өзендерінің бойына әкеліп жасырды. Бәлкім, мұнан да құнды жәдігерліктер жер астында жасырылып жатқан шығар.

Ұлан-байтақ даланы қанатының астына алып, аттың жалында жүріп жерін қорғаған түркілер арабтардың басқыншылық әрекеттеріне қарсылық көрсетті. Олар ата-бабалары сақтардың күміс тостағанға жазып қалдырған "Бөтен (жат ел адамы), тізеңді бүк!" деген өсиетіне адалдық танытты. Түркілер арабтардың басқыншылық іс-әрекеттерін одан әрі жалғастыруға жол бермеді. Арабтардың өктемдігіне қарсылық ғасырларға жалғасты. Ондай қарсылықтардың бірі-идеологиялық күрес болатын. Ақыры түркілер араб халифатының билігін жойып, Түркістанда X ғасырдың орта шенінде Қарахан мемлекетін құрды. Бұл тарихи нәубет туралы профессор Н.Келімбетов былай деп жазады: "Бұған наразы болған халық арабтарға қарсы және мұсылмандыққа қарсы жер-жерде көтерілістер жасады. Мұндай көтерілістер мен бүліктер бірте-бірте өрши түсті. Дәл сол кезде жергілікті феодал-аксүйектер халықтың араб басқыншыларының үстемдігіне қарсы азаттық күресін өз мүдделеріне пайдаланып қалу үшін жан салды. Олар араб халифаларының билігін жойып, әкімшілік правосын түгелдей өз қолдарына алуға ұмтылды. Ақыры солай істеді де. Өкімет билігі жергілікті феодал-шонжарлардың қолына көшті. Соның нәтижесінде Жетісу жері мен Шығыс Түркістанда (Қашғарда) X ғасырдың орта шенінде Қарахан мемлекеті пайда болды..." (Н. Келімбетов, "Ежелгі дәуір әдебиеті", Алматы, "Мектеп" баспасы, 1991-жыл, 135-бет).

Арабтардың рухани экспанциясына қарсы шыққан жазушы-ақындар, ғалымдар өз халқын өзге халықтың шырмауына түсіп кетпеуі үшін жанталаса қарсылық көрсетіп жатты. Олар ғасырлардан қалыптасқан түркілердің мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін сақтап қалуды көздеді. Сол күрескерлердің бірі-Қожа Ахмет Иассауи болды. Ол түркілердің мәдениеті мен әдебиетін сақтап қалу жолында жанқиярлықпен еңбек етті. Түркілердің әдебиетке деген құштарлығын Ислам діні аясында өрбіте білді. Сөйтіп ғажайып поэзияның іргесін қалады. Ол қасиетті Құран кітабымен үндесетін әйгілі хикметтері еді. Ол осы хикметтерін жазу арқылы түркілердің әдебиетін Ислам діні шариғаттарымен

ұштастыра білді. Сөйтіп түркі әлемінде ғажайып әдебиет - сопылық діни поэзия қалыптасты. Ахмет Иассауи осы хикметтерінің бірінде: "Менің хикметтерім Алладан пәрман, оқып шыққандарға мазмұны-Құран" деп ашық айтты.

Түркілердің тілін араб тілінің жанында бейшара халге түсірмеуге тырысқан, түркі тілін ана тілі дәрежесінде көкке көтеруде еңбек еткен екінші ғұлама, ойшылымыз Жүсіп Баласағұн болды. Ж.Баласағұн "Құтты білікті" түркі тілінде жазу арқылы түркі мәдениеті мен әдебиетін өзге халықтардан оқ бойы алға шығарды. Мұның өзі өз дәуірінде үлкен рухани құндылықтардың бірі болды. Профессор М.Мырзахметұлы түркі тілін тірілткен Ж.Баласағұн мен А.Иассауидің тарихтағы орыны туралы былай дейді: "...Біздің зерттеушілер бір өзекті нәрсеге кіре алмай жүр. Олар "Құтты білік" туралы айтқанда, мемлекет, саясат, шаруашылық, мәмілегерлік өнер, ақындық, шешендік және басқалар туралы сөз етеді. Бірақ кітапта ең өзекті рухани мәселе жатқанын сезбейді. Бұл қабаттың астарын тереңінен ашпай, шығарманың идеялық мазмұнын ғылыми тұрғыдан таратып бере алмаймыз.

"Құтты білікті" зерттегенде нағыз зерделейтін мәселеміз- "жәуанмәрттік" ілімінің негіздерін ашып, талдау. Сонда ғана қалғанын толық тани аламыз. Біз кітаптың рухани өзегін таппай, сыртын айналып әуреленудеміз..." (М. Мырзахметұлы, "Ұлтты тану рухани кемелдікке сүйенеді", "Егемен Қазақстан" газеті, 17-қаңтар, 2017-жыл).

Ж.Баласағұнның жәуанмәрттік ілімі түркілердің әлем алдындағы орынын айғақтап берген еді. "Құтты білік" дастаны арабтардың салт-дәстүрін түркілердің тұрмысына енгізуге қарсы жазылған бірден-бір шығарма болғаны рас. Ол: "Мен арабтардың экспансиялық саясатына қарсымын..."-деп ашық айтпағанымен бұл еңбекте арабтардың экспансиялық әрекеттеріне астарлы түрде жүргізген күрес идеяларының бой көрсетіп тұрғанын байқауға болады. М.Қашғари былай деп жазды: "...Өз дертін айту уа түріктерге (түркілерге, М.Ә.) жақын болу үшін оларға түрік (түркі) тілінде сөйлесуден пайдалы жол қалмады...Ең ашық-айқын әрі тура да түзу тіл-тек сол бір ғана тілді біліп, парсылармен араласпайтын және шет өлкелермен барыс-келіс жасамайтын кісілердің тілдері..." (М.Қашғари, "Түрік сөздігі", Алматы, "Сөздік-словарь" баспасы, 2006-жыл, 7-8-беттер).

"Құтты білік" дастаны туралы Н.Келімбетов: "Бұл дастан-

мемлекетті басқару әдістерін, адамгершілік принциптерін, қоғамдық-саяси мәні бар түрлі ережелер мен заңдарды, әдет-ғұрыптар нормасын қамтыған, энциклопедиялық дәрежеде жазылған көркем туынды..." (Н.Келімбетов, "Ежелгі дәуір әдебиеті", Алматы, "Мектеп" баспасы, 1991, 159-бет)-деп жазды. Арабтардың өктемдігі, елді тонауы, халықты құлдыққа салуы ақынды ойлантпай қойған жоқ. Міне осындай адамгершілік қасиеттердің аяқ асты болуына байланысты айтқан ойлары мемлекетті қалай басқару керектігі жайлы терең талғамымен астасып жатты. Бір халықтың, бір ұлттың екінші бір халыққа, ұлтқа жасаған қиянаты, идеологиялық насихаты ұлы ойшылдың санасына кері әсер еткені шындық. Бөтен елдің табанының астында ұлтарақтай езілмеуін ойлаған ойшыл, өз халқының санасын тереңге жетелегені рас.

Профессор М.Мырзахметұлы А.Иассауидің қазақ түркілерінің дәстүрін Ислам дінімен ұйыстыра білгенін атап көрсетеді: "...Иассауи дін мен қазақтың ұлттық дәстүрін ұйыстыра білді. Екіншіден, поэзияны "Құтты біліктен" кейін түркі тілінде сөйлетті. Ғылым мен поэзияда үстемдік еткен араб, парсы тілдерінен бірінші рет бас тартқан "Құтты біліктің" авторы болса, екіншісі-Иассауи. Түркі тілі өте сақ, киік сияқты ұстаппайтын, соны ырыққа көндіріп, кітап жазу-үлкен құбылыс..." (М.Мырзахметұлы, "Ұлтты тану рухани кемелдікке сүйенеді", "Егемен Қазақстан" газеті, 17-қаңтар, 2017-жыл).

Ал, белгілі дінтанушы ғалым Зікірия Жандарбек А.Иассауидің тарих сахнасындағы рөлі туралы былай деп жазады: "Түркінің ұлы ұстазы араб пен парсының жалған имамдары жұқтырған бүкіл рухани кеселді қоғамнан жойды. Жүрек көзін ашатын Хикмет ілімін түркі баласынан олардан артық игермесе кем білмейтінін іс жүзінде көрсетті. Шарифат айтып дауласатын догматиктерді ілімнің күшімен тас-талқан қылды. Иассауи ежелгі түркілік салт пен санаға кие дарытып, мәңгілік құндылыққа айналдырды. Дала заңдарын Құран рухымен үндестіріп, Исламның түркілік жаңа формасын әлемге сыйлады. Ислам өркениеті түркі мәдениетімен тағы да байыды. Әйтпесе "түркі тілі дымға жарамайды" деген әңгіме сол кезден бар еді. Бұл көзқарас әлі тірі. Орысқа, арабқа, ағылшынға бас ұрғандар "Қазақ тілі дымға жарамайды" деп жиі айтады..." (З.Жандарбек, "Ұлтты сату бір әріпті сатудан басталады", республикалық "Жас Алаш" газеті, 19-қаңтар, 2017).

Бір таңданарлығы ғалымдарымыз Х ғасырдың орта шенінде

құрылған Қарахан мемлекеті тұсында арабтардың мәдени экспанциясына қарсы идеологиялық күрес жүргізген Ж.Баласағұн, М.Қашғари, А.Иассауи, А.Жүйнеки, М.Қашғари сияқты оқымыстылардың озық ойлары туралы аз жазады. Олардың рухани құндылықтарды алға қойып, бөтен жат ел адамдарына тізе бұкпеу қажеттігін алға тартқан пікірлеріне назар аудармайды.

Айта кетерлік жәйт - сол дәуірдегі арабтардың мәдени экспанциясы дінтанушы З. Жандарбектің айтуынша осы дәуірде де жүргізіліп жатыр. Сондықтан шет елдердің бізге жасап жатқан рухани экспанцияларына қарсы идеологиялық күрес жүргізуіміздің қажет екені түсінікті.

Түркілік идеологияны түркілердің санасына сіңдірген үшінші оқымысты-Махмұт Қашғари. Ол түркілердің ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, елге ұсынды. Түркілердің бай ауыз әдебиеті арқылы олардың санасын оятып, дендеп келе жатқан арабтардың салт-дәстүрінің халық арасына еніп кетуіне қарсы әрекет жасады. Осы мақсатта ол түркі тілдерінің тұңғыш грамматикасын жасады. Профессор Н.Келімбетов М.Қашғаридың "Түркі сөздерінің жинағы" атты еңбегі туралы былай деп пікір өрбітеді: "Диуани лұғат ат-түрк" тек түркіше-арабша түсіндірме сөздік ғана емес, сонымен бірге, ол түркі тілдерін зерттеуде теңдесі жоқ ғылыми еңбек. Біз үшін ең маңыздысы-автор түсіндірме сөздікке ежелгі ауыз әдебиеті үлгілерінен, өзі өмір сүрген орта ғасырдағы поэзиялық шығармалардан аса құнды материалдар -түрлі тақырыптағы өлең-жырлар, ертегі-аңыздар, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер т.б. көркем сөз үлгілерін енгізген. Әдеби шығармалар мен халықтық фольклордан алынған үзінділерді Махмұт Қашғари осы сөздіктегі әрбір сөздің мән-мағынасын оқушысына тереңірек түсіндіру үшін мысал ретінде алып отырған.

Сөйтіп, алғашқы қауым адамдарының өмірін, тұрмыс-тіршілігін, еңбегін, сана-сезімін бейнелейтін ауыз әдебиетінің ғажайып үлгілері бізге Махмұт Қашғаридың еңбегі арқылы жетті. Сондай-ақ орта ғасырдағы көбіне дидактикалық сарында болып келетін жазба әдебиет үлгілерін де біз ұлы ғалымның осы кітабынан аламыз..." (Н.Келімбетов, "Ежелгі дәуір әдебиеті", Алматы, "Мектеп" баспасы, 1991, 139-бет).

М.Қашғари алғашқы қауым адамдарының өмірі мен тұрмыс тіршілігін бейнелейтін ауыз әдебиетімен бірге орта ғасырларға дейін тарих сахнасында сақ және ғұн деген ұлыстардың өмірін

бейнелейтін ауыз әдебиеті үлгілерін де кітабына енгізді. Соның бірі -Алып Ер Тұңғаны жоқтау жыры. Демек, М.Қашғари араб экспанциясына қарсы түркілердің ежелгі бабалары сақтар мен ғұндардың да ауыз әдебиетін- рухани құндылықтарын қарсы қойған. Осындай ғажайып еңбектер түркілердің дүниеге деген көзқарасын арттырып, күміс тостағандағы "Аға, (бұл) ошақ!"- деген жазуды, түркілердің ошағы бұзылмасын, түтіні түзу ұшсын, өзіміздің елге-отбасымызға өзіміз ие болайық деген ұран тастады.

Арабтардың мәдени экспанциясына қарсылық көрсеткен М.Қашғари халық ауыз әдебиеті үлгілерін халыққа тарату арқылы өзінің күресін бір мезет те тоқтатқан жоқ. Ал, ауыз әдебиеті сол дәуірде шет елдік бөгде адамдарға қарсы қолданатын қару болды. Бұл жөнінде дінтанушы З.Жандарбек былай деп жазды: "...Иассауи шайқылары билікке ықпал етуді бастағанда, көне түркілік рух тіріліп шыға келеді. Мәдениеттің барлық саласында даму байқалады. Ауыз әдебиеті мазмұны жағынан байып кетеді. Ең қызығы Иассауи шайқылары халықты ассимиляцияға ұшыратпайды. Керісінше, басқаның өнімін өзіне сіңіріп, төл танымна бейімдеумен күшейеді..." ..." (З.Жандарбек, "Ұлтты сату бір әріпті сатудан басталады", республикалық "Жас Алаш" газеті, 19 қаңтар, 2017 жыл).

Демек, орта ғасырлардағы араб экспанциясының рухани зардаптарына қарсы күрескен түркі оқымыстыларының еңбектері өз халқын рухани бұғаудан осылай азат еткен екен. Ж.Баласағұн, А.Иассауи, А.Жүйнеки, М.Қашғари сынды түркілердің араб экспанциясына қарсы жүргізген идеологиялық күресі жойқын күшке ие болғанына көз жеткіземіз. Ендеше рухани байлықтың идеологиялық жойқын күшке айналатынын сезе отырып, ұлтымыздың идеологиясын жасауда біз де қазіргі таңда сырттан келетін экспансиялық күштердің теріс уағыздарына тойтарыс беріп отыруымыз қажет. Әйтпесе кез келген бөгде ұлттың бұғауында қалып қоюымыз әбден мүмкін.

Үнді мемлекетінің қоғам қайраткері Махатма Ганди: "Басқа елдерден келген желдің соққанына қарсы емеспін, бірақ олар есігімізден де, тереземізден де кіріп, өз аяғымызға тұра алмайтындай жағдайға ұшыраудан сақтандырамын" - деп өз ұлтын техногендік өркениет дәстүрлерінен сақтандырған еді. Біздің міндетіміз-өскелең ұрпақтарды ұлттық идеология дәстүрімен тәрбиелеп, рухани байлығын молайтуға үлес қосу.

Ә.ТҰРСЫНОВА,
«Жаңа Ғасыр»
№175 гимназиясы.
Алматы қаласы

«МҰҚАҒАЛИТАНУ» **ҚОЛДАНБАЛЫ КУРСЫ**

*9-сынып оқушыларына арналған
(аптасына 1 сағат, барлығы 34 сағат)*

Түсініктеме хат

Қазақ поэзиясының қанатын кең жаюына зор үлес қосқан ақын, қазақ поэзиясының мұзбалақ ақыны атанған Мұқағали туралы сөз, айтылар әңгіме азаймақ емес. Гимназиямызда ақынның өмірінен толық дерек бере алатын «Мұқағали кабинеті» ашылған. Ақынға арналған игі шаралар үнемі жүргізіліп отырады. Жыл сайын білім ордамызда ақынның туған күніне орай «Мұқағали» айлығы өткізіледі. Осы шара кезінде ақын шығармашылығын насихаттау мақсатында шығармаларының желісі бойынша суреттер көрмесі, мәнерлеп оқу жарыстары, «Мен Мұқағалимен мақтанамын» атты дәстүрлі түрде өткізіліп тұратын танымдық жарыстар мен түрлі ән байқаулары, кездесу кештері өтіп тұрады. Бұл бағдарлама 9-сынып оқушыларына ақын поэзиясы туралы терең білім беруді көздейді. Ақынның прозалық және драмалық шығармаларын тереңірек меңгерту, хабардар ету парызым деп білемін. Бұл бағдарлама осы мәселелерді одан ары қамту, меңгерту мақсатында жазылып отыр.

Бағдарламаның мақсаты – Мұқағали ақын шығармаларымен мейлінше терең таныстыру. Поэзияға деген сүйіспеншілігін арттырып, әдеби-эстетикалық талғамын дамыту. Ақынның прозалық және драмалық шығармасын, поэмаларын таныта отырып, бейнелі ойлау дағдысын жетілдіру. Өлеңдерін талдау, саралау арқылы ғылыми-зерттеушілік жұмысқа баулу. Шығармаларынан табиғатына тән сиқырлы сыр мен астарлы ойдың тереңіне бойлап, өзінше пайымдай алар білік-дағдысын жетілдіру.

Бағдарламаның өзектілігі – оқушылардың ақын шығармаларын оқып танысу арқылы шығарма қасиетін, көркемдік құдіретін түсінетін, ауызша, жазбаша тіл мәдениеті жетілген өркениетті қоғамның өнегелі тұлғасын тәрбиелеуге бағытталған. Мұқағали шығармашылығының негізгі концепциясын айқындай отырып, Мұқағали шығармашылығындағы дәстүрлік, көркемдік негіздерді анықтау; М.Мақатаевтың көлемді эпикалық туындыларындағы арқау болған сюжет, мотив, идея көріністерін ашу. Шығармашылық қабілеті бар оқушылардың талабына жол сілтейді, талантын ұштайды. Әрбір тақырыпты өткен кезде шығармашылық жұмыстармен білім-білік дағдысын, ізденгіштігін қалыптастыруға тапсырмалар берілген. Әр тоқсан соңында шығармашылық дамулары тексеріліп отырады. Тест тапсырмалары мен деңгейлік тапсырмалар арқылы білімдері бағаланады.

Тұрақтылау (мазмұндық) бөлім

8-9-сынып

1. Кіріспе. Мұқағали Мақатаев өмірі мен қызметі. (1 сағат)
2. Мұқағали өскен орта. (1 сағат)
3. Естеліктер. (Ақын туралы ой-пікірлер). (1 сағат)
4. М.Мақатаев «Күнделіктер» (1 сағат)
5. «Отаным, саған айтам». Ақынның «Отан» тақырыбындағы өлеңдеріне талдау. (1 сағат)
6. М.Мақатаев «Поэзия» өлеңі. (1 сағат)
7. «Ей, менің қиын өткелім» өлеңі. (1 сағат)
8. «Жырласам ба екен...» өлеңдерін талдау (1 сағат)
9. М.Мақатаев «Бәрібір сенің ұлыңмын» өлеңіне талдау. (1 сағат)
10. М.Мақатаевтың «Аманат» жинағындағы патриоттық өлеңдеріне талдау. (1 сағат)
11. Шығармашылық жұмыс. (1 сағат)
12. М. Мақатаев «Жырлайды жүрек» жинағындағы махаббат, достық туралы өлеңдері. (1 сағат)
13. М.Мақатаев «Жырлайды жүрек» жинағындағы махаббат, достық тақырыбындағы өлеңдерін талдау. (1 сағат)
14. М.Мақатаев оқуларын өткізу. (1 сағат)
15. М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы. (1 сағат)
16. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын талдау. (1 сағат)
17. «Райымбек, Райымбек» поэмасы. (2 сағат)
18. «Райымбек, Райымбек» поэмасының тақырыбы. (1 сағат)

19. Поэмадағы Райымбек батырдың бейнесі.(1 сағат)
20. М.Мақатаев «Атамекен» дастаны.(1 сағат)
21. «Ақ қайың әні» поэмасы.(1 сағат)
22. Мұқағали поэмаларын оқу сайысы.(1 сағат)
23. М.Мақатаев «Қош, махаббат» драмасы. (1сағат)
24. Драмадағы кейіпкерлер әлемі.(1 сағат)
25. Шығармашылық жұмыс. (1 сағат)
26. М.Мақатаев. «Кұлпытас» әңгімесі. (1 сағат)
27. М.Мақатаев. «Маруся тауы» әңгімесі. (1сағат)
28. М.Мақатаев. «Әже» әңгімесін талдау. (1 сағат)
29. М.Мақатаев. «Қос қарлығаш» повесть (үзінді). (1 сағат)
30. «Қос қарлығаш» повесіндегі кейіпкерлер.(1 сағат)
31. «Өзгермепті» әңгімесі. (1сағат)
32. «Білгің келсе, алдымен зертте мені» шығармашылық жұмыстар. (1 сағат)
33. «Бір өлеңі бір елдің мұрасындай» шығарма. (1 сағат)
34. Тест тапсырмалары. (1 сағат)

Нормативті бөлім

№	Тақырыптың аты-жөні	Сағат саны			Өткізілу түрі	Білімдік қазынасы
		барлығы	лекция	практика		
1	Кіріспе. Мұқағали Мақатаев өмірі мен қызметі.	1	1		лекция	Конспект, сұрақтар
2	Мұқағали өскен орта	1	1		лекция	Конспект, сұрақтар
3	Естеліктер. (Ақын туралы ой-пікірлер)	1		1	семинар	Жаттығу, талдау
4	М.Мақатаев «Күнделіктер».	1		1	семинар	Жаттығу, талдау
5	«Отаным, саған айтам». Ақынның «Отан» тақырыбындағы өлеңдеріне талдау	1	1		лекция	Мәнерлеп оқу, сұрақтар
6	М.Мақатаев «Поэзия» өлеңі	1		1	семинар	Мәнерлеп оқу

7	«Ей, менің қиын өткелім» өлеңі	1			лекция	Жаттығу, талдау
8	«Жырласам ба екен...» өлеңін талдау		1		семинар	Мәнерлеп оқу, талдау
9	М.Мақатаев «Бәрібір сенің ұлыңмын» өлеңін талдау.	1		1	семинар	Жаттығу, талдау
10	М.Мақатаевтың «Аманат» жинағындағы патриоттық өлеңдеріне талдау.	1		1	семинар	Мәнерлеп оқу, талдау
11	Шығарма	1		1	семинар	Салыстыру, талдау
12	М.Мақатаев «Жырлайды жүрек» жинағындағы махаббат, достық туралы өлеңдері.	1	1		лекция	Мәнерлеп оқу
13	М.Мақатаев «Жырлайды жүрек» жинағындағы махаббат, достық тақырыбындағы өлеңдерін талдау.	1	1	1	семинар	Жаттығу, талдау
14	М.Мақатаев оқуларын өткізу.	1	1		Өлеңдер оқу	Сайыс
15	М.Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы	1	1	1	лекция	Жаттығу, талдау
16	«Аққулар ұйықтағанда» поэмасын талдау	1		1	семинар	Салыстыру, талдау
17	«Райымбек, Райымбек» поэмасы	3	1	1	семинар	Мәнерлеп оқу
18	«Райымбек, Райымбек» поэмасының тақырыбы		1		семинар	Жаттығу, талдау
19	Поэмадағы Райымбек батырдың бейнесі				семинар	Салыстыру, талдау
20	М.Мақатаев «Атамекен» дастаны	1		1	семинар	Жаттығу, талдау
21	«Ақ қайың әні» поэмасы	1	1		лекция	Мәнерлеп оқу
22	Мұқағали поэмаларын оқу сайысы				сайыс	Мәнерлеп оқу
23	М.Мақатаев «Қош, махаббат» драмасы	1	1	1	лекция	Жаттығу, талдау
24	Драмадағы кейіпкерлер әлемі	1			семинар	Салыстыру, талдау
25	Шығармашылық жұмыс	1		1	практика	Тіл ұстарту
26	М.Мақатаев «Кұлпытас» әңгімесі	1	1		лекция	Жаттығу, талдау

27	М.Мақатаев. «Маруся тауы» әңгімесі	1	1		лекция	конспект, сұрақтар
28	М.Мақатаев. «Әже» әңгімесін талдау			1	лекция	Жаттығу, талдау
29	М.Мақатаев. «Қос қарлығаш» повесть (үзінді)	1	1		лекция	Мәтінмен жұмыс
30	«Қос қарлығаш» повесіндегі кейіпкерлер				семинар	Салыстыру, талдау
31	«Өзгермепті» әңгімесі	1	1		лекция	Жаттығу, талдау
32	«Білгің келсе, алдымен зертте мені» шығармашылық жұмыстар	1		1	практика	салыстыру, талдау
33	«Бір өлені бір елдің мұрасындай» тақырыбына шығарма	1	1		лекция	Конспект, сұрақтар
34	Тест	1		1	семинар	Жаттығу, талдау

Әдебиеттер:

1. Қабдолов З. «Сөз өнері» «Жазушы», 1983.
2. Байтұрсынов А. «Әдебиет танытқыш» «Атамұра», 2003.
3. Мақатаев М. «Аманат» «Атамұра», 2002.
4. Мақатаев М. «Шуағым менің» «Жазушы», 2010.
5. Мақатаев М. «Жырлайды жүрек» «Жазушы», 1989.
6. Мақатаев М. «Күнделік» «ҚазАқпарат», 2009.
7. Мақатаев М. «Қош, махаббат» «Жазушы», 1988.
8. Мұқағали. «Естеліктер» «Жалын» 1995.
9. Құтпанбаев Ә. «Жазылар естеліктер мен туралы...» «Үш қиян», 2008.
10. Қаупынбайұлы Т. «Аққу саздары» «Білім», 2001ж.
11. «Өлмес ғұмыр, өлмес жыр» // Қазақ әдебиеті // 22.02.1991 – 4 б.
12. «Өмір жайлы білгің келсе...». // Қазақ тілі мен әдебиеті // №2, 2001ж.
13. «Өртеніп кеткен өр тұлға» // Жалын // №2, 2004. – 78 б.
14. «Сағынады Мұқанды сыздап жүрек». «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. №11, 2002. – 55 б.
15. «Мұқағали» журналы.

Х.АЛДАНЫШ,
«Абай атындағы көпсалалы
мектеп-гимназия»КММ.
Шығыс Қазақстан облысы,
Жарма ауданы,
Қалбатау ауылы

«ФОНЕТИКА ӘЛЕМІ» ОҚЫТУ КУРСЫ

Түсінік хат

Тіл қашанда ұлт мәдениетінің, өнер-білімнің ұлы қаруы, алтын тұғыры саналады. Тілді тереңдетіп оқыту бүгінгі таңда білім берудің мемлекеттік тұжырым концепциясының басты бағыттарының біріне айналып отыр. Осы орайда орта буынға енді ғана аттаған 5-сынып оқушыларына қазақ тіл білімінің атасы А.Байтұрсынұлы «дыбыс жүйесі» деп атаған фонетиканы тереңдетіп оқыту ең маңызды қадамдардың бірі болып саналады. Себебі дыбыстардың пайда болу, өзгеру сырларын білмей тұрып, лексикалық та, грамматикалық та құбылыстарға ғылыми түсінік беру, өзіміз мектептен таныс қатаңдану, ұяндану сияқты дыбыстық өзгерістерді түсіндіру, қазіргі жазудың сырын түсіну қиын. Фонетика тіліміздегі бірсыпыра сөздердің пайда болуын анықтауға, тілдердің арасындағы туыстық байланысты табуға, тілдің айту, жазу нормаларын дұрыс меңгеруге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда курс оқушының талабын ұштап, шығармашылық, тұлғалық шарықтауына мүмкіндік береді, ой-өріс деңгейін биіктетеді. Оқыту барысында әр оқушының белгілі тақырыпта өзінше жұмыс жасауына мән беріледі. Бұл оқушының қабілетін дамытады, белгілі тақырыптардан терең теориялық білім алып, оны іс жүзінде қолдануға дағдыландырады.

Аталған бағдарлама 5-сынып оқушыларына қазақ тілі пәнінен қосымша курс ретінде оқытылып, өзіндік білім алуларына мүмкіндік береді.

Аптасына 2 сағат деп есептеліп, 68 сағат жоспарланып отыр.

«Фонетика әлемі» тереңдетіп оқыту курсының мақсаты:

Оқушылардың жеке бас ерекшелігіне қарай қабілетін аша отырып, қазақ тілінің дыбыс жүйесі туралы білімдерін теориялық, әрі практикалық жағынан тереңдету, оқу материалын тиянақты игеруіне, алған білімді қолдана білуге үйрету;

«Фонетика әлемі» тереңдетіп оқыту курсының міндеттері:

- Тілдің фонетикалық нормаларын меңгерту;
- Тілдік жағдаятқа сай қарым-қатынас жасауға дағдыландыру;

- Өздігінен білім алуға үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

- Пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Күтілетін нәтиже: Тіл дыбыстарының пайда болуы, олардың түрлері, іштей жіктелуі, сөз ішінде біріне-бірі ықпал етіп, үйлесіп, үндесіп тіркесіп тұрудың тетігі, буын, екпін, сөйлеу мен жазудың арақатынасы, орфография, орфоэпия туралы білімдермен жан-жақты қаруланады, өз бетінше фонетикалық талдау жасай алады, дыбыстардың іштей жіктелуін саралайды, жаңа жағдайда қолдана біледі.

«Фонетика әлемі» тереңдетіп оқыту курсының жылдық жоспары

Р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Кіріспе	1	
2	Фонетика туралы түсінік	1	
3	Дыбыстау мүшелері	1	
4	Дыбыс, әріп, фонема.	1	
5	Жаттығулар мен тапсырмалар	1	
6	Дыбысты қарастырудың аспектілері	1	
7	Анатомия – физиологиялық аспект	1	
8	Акустикалық (физикалық) аспект	1	
9	Лингвистикалық аспект	1	
10	Жаттығулар мен тапсырмалар	1	
11	Дауысты дыбыстар	1	
12	Дауысты дыбыстардың жіктелуі	1	
13	Жуан және жіңішке дауыстылар	1	
14	Еріндік және езулік дауыстылар	1	
15	Ашық және қысаң дауыстылар	1	
16	Диктант	1	
17	Дауысты дыбыстардың жазылу емлесі (орфограммасы)	1	
18	Кейбір әріптердің дыбыстық бейнесі	2	
19	Дауысты дыбыстардың талдау үлгісі	1	
20	Жаттығулар мен тапсырмалар	1	
21	Дауыссыз дыбыстар	1	
22	Дауыссыз дыбыстардың жіктелуі	1	

23	Қағандар	1	
24	Ұяңдар	1	
25	Үнділер	1	
26	Диктант	1	
27	Дауыссыз дыбыстардың жасалу орнына қарай жіктелуі		
28	Дауыссыз дыбыстардың айтылу жолына қарай жіктелуі		
29	Дауыссыз дыбыстардың талдау үлгісі	1	
30	Жаттығу мен тапсырмалар	1	
31	Кейбір дауыссыз дыбыстардың жазылу емлесі	2	
32	Қазақ тіліне орыс тілінен енген сөздерге қосымшалар жалғанғанда байқалатын құбылыстар	2	
33	Жаттығулар мен тапсырмалар	1	
34	Тіл ұстарту	1	
35	Буын	1	
36	Буынның сипаты	1	
37	Буынның түрлері	1	
38	Ашық буын	1	
39	Тұйық буын	1	
40	Бітеу буын	1	
41	Диктант	1	
42	Буын жігі және тасымал	1	
43	Буынның дыбыстық құрамы	1	
44	Сөздің буын құрамы	1	
45	Жаттығулар мен тапсырмалар	1	
46	Дыбыс жылысуы	1	
47	Бунақ	1	
48	Бунақтың құрамы	1	
49	Ырғақ, екпін	1	
50	Диктант	1	

51	Дыбыстардың үндесуі	1	
52	Сингармонизм (буын үндестігі)	1	
53	Дауссыз дыбыстардың үндесуі, дыбыс үндестігі (ассимиляция)	1	
54	Ілгерінді ықпал	1	
55	Кейінді ықпал	1	
56	Тоғыспалы ықпал	1	
57	Жаттығу және тапсырмалар	1	
58	Орфоэпия, графика, орфография	1	
59	Орфоэпия	1	
60	Графика	1	
61	Орфография	1	
62	Жаттығу жұмыстары	1	
63	Жыл бойы өткенді қайталау	1	
64	Сынақ	1	
65	Қорытынды	1	
	Барлығы	68	

Әдебиеттер:

1. Бектұров Ш.К. Қазақ тілі. – Алматы, «Атамұра» баспасы, 2006.
2. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Алматы, «Сөздік-Словарь» баспасы, 1999.
3. Қосымова Г., Дәулетбекова Ж. 5-сынып. Қазақ тілі. – Алматы, «Атамұра». 2015.
4. Ишмұхамедов Ә. Қызықты грамматика. – Алматы, «Мектеп» баспасы, 1972.
5. «Қазақ тілі энциклопедиясы». Бас редакторы Арын Е.М. – Алматы, 1998.
6. Адамбаева Ж. Тіл ұстарту мәтіндері. – Алматы, «Рауан» баспасы, 1997.

Ө.АЙТЖАНОВ,
Бидайық ЖОББМ.
Қарағанды облысы,
Жанаарқа ауданы

«КӨРКЕМ СӨЗ-ЖАН АЗЫҒЫ» ЖОБАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер.

Бұл ереже қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігі ұйымдастырған «Көркем сөз-жан азығы» жобасы аясында оқушылардың көркем әдебиетке, оның ішінде төл әдебиетіміз бен ана тіліміздің жанашырларын тәрбиелеуге, көркем сөз оқып үйренуіне, шығармашылығын шыңдауға бағытталған.

II. «Көркем сөз-жан азығы» жобасының мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: оқушыларды әдебиет арқылы көркем сөздің көрікті тұстарымен тәрбиелеп, жан-жақты тұлға қалыптастыру.

Міндеттері: Ана тіліміздің, сөздің құдіретін бойларына сіңіру. Оқушылардың шығармашылық жұмыстармен айналысуына жағдай жасау. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылар көркем әдебиет оқуға бейімделеді.
- Поэзияға қызығушылығы артады.
- Өз бетінше ізденіп, шығармашылығы шыңдалады.
- Ана тіліміздің жанашыры, болашақ журналистер дайындалады.

**Бидайық ЖОББ мектебінің «Көркем сөз-жан азығы» жобасының
2016-2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары.**

№	Іс-шаралар		Өткізу мерзімі	Жауап-тылар	Қатысушылар	Күтілетін нәтиже
	Атауы	Түрі				
1	Оқушылардың көркем сөз оқу бейімділігін анықтау	Әдеби оқу	қыркүйек	Пән мұғалімі	5-11-сынып оқушылары	Оқу дағдысын дамыта алады
2	Ақын-жазушылардың өлеңдерін талдау	Өздік жұмысы. Өлең талдау.	қазан	Айтжанов Ө.	6-9-сынып оқушылары	Өз бетінше ізденеді
3	«Мен поэзияны сүйемін»	Ой толғау	қараша	Пән мұғалімдері	5-11-сынып оқушылары	Дарындылығы ашылады
4	«Менің Сәкенім»	Зерттеу жұмысы	желтоқсан	Айтжанов Ө.	6-9-сынып оқушылары	Тың деректер жинақтайды
5	Жерлес ақын-жазушылар шығармалары	Дөңгелек үстел	қаңтар	Пән мұғалімдері	5-11-сынып оқушылары	Өз ойын еркін жеткізеді
6	«Мұқағали әлемі»	Әдеби кеш	ақпан	Пән мұғалімдері	5-11-сынып оқушылары	Көркем сөз шеберлері анықталады

7	«Жаңа есімдер»	Көркем сөз оқу байқауы	наурыз	Айтжанов Ө.	5-11-сынып оқушылары	Жаңа есімдер анықталады
8	«Жас тілші, әдебиетшілер»	Шығарма, өлең, проза жазу	сәуір	Айтжанов Ө.	5-11-сынып оқушылары	Тілші, болашақ журналистер байқалады.

9	«Үздік шығарма, өлең, прозалар»	Баспа-сөзге мақала беру. Аудандық «Жаңарқа, Орталық Қазақстан, Айгөлек»	мамыр	Пән мұғалімдері	5-11-сынып оқушылары	Оқушылардың шығармашылығы шындалады
---	---------------------------------	---	-------	-----------------	----------------------	-------------------------------------

2017-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар		Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Қатысушылар	Күтілетін нәтиже
	Атауы	Түрі				
1	Оқушылардың көркем әдебиетке бейімділігін анықтау	Әдеби оқу	қыркүйек	Пән мұғалімі	5-11-сынып оқушылары	Оқу дағдысын дамыта алады
2	Ақын-жазушылардың өлеңдерін талдау	Өздік жұмысы. Өлең талдау.	қазан	Айтжанов Ө.	6-9-сынып оқушылары	Өз бетінше ізденеді
3	«Менің сүйікті жазушым»	Ой толғау	қараша	Пән мұғалімдері	5-11-сынып оқушылары	Шығармашылығы шындалады
4	«Менің ауылымның тарихы»	Зерттеу жұмысы	желтоқсан	Айтжанов Ө.	6-9-сынып оқушылары	Тың деректер жинақтайды
5	Тәуелсіздігіміз	Дөңгелек үстел	қаңтар	Пән мұғалімдері	5-11-сынып оқушылары	Өз ойын еркін жеткізеді
6	«Менің Мұқағалиым»	Әдеби кеш	ақпан	Пән мұғалімдері	5-11-сынып оқушылары	Көркем сөз шеберлері анықталады

7	«Сөз шеберлері»	Көркем сөз оқу байқауы	наурыз	Айтжанов Ө.	5-11-сынып оқушылары	Жаңа есімдер анықталады
8	«Жас каламгерлер»	Шығарма, өлең, проза жазу	сәуір	Айтжанов Ө.	5-11-сынып оқушылары	Тілші, болашақ журналистер байқалады.

9	«Үздік шығарма, өлең, прозалар»	Баспасөзге мақала беру.	мамыр	Пән мұғалімдері	5-11-сынып оқушылары	Оқушылардың шығармашылығы шыңдалады.
---	---------------------------------	-------------------------	-------	-----------------	----------------------	--------------------------------------

2018-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

№	Іс-шаралар		Өткізу мерзімі	Жауаптылар	Қатысушылар	Күтілетін нәтиже
	Атауы	Түрі				
1	Дарынды оқушылардың дерек қорын құру	Өзара отырыс өткізу	қыркүйек	Пән мұғалімі	5-11-сынып оқушылары	Шығармашыл оқушылар анықталады
2	Кітапханамен байланыс жасау	Өздік жұмысы. Өлең талдау.	қазан	Айтжанов Ө.	6-9-сынып оқушылары	Өз бетінше ізденеді
3	«Менің сүйікті кітабым»	Ой толғау	қараша	Пән мұғалімдері	5-11-сынып оқушылары	Дарындылығы ашылады
4	«Жаңаарқалтын бесік»	Зерттеу жұмысы	желтоқсан	Айтжанов Ө.	6-9-сынып оқушылары	Тың деректер жинақтайды
5	Жерлес ақын-жазушылар шығармалары	Дөңгелек үстел	қаңтар	Пән мұғалімдері	5-11-сынып оқушылары	Өз ойын еркін жеткізеді
6	«Қазақтың Фаризасы»	Әдеби кеш	ақпан	Пән мұғалімдері	5-11-сынып оқушылары	Көркем сөз шеберлері анықталады
7	«Поэзия әлемі»	Көркем сөз оқу байқауы	наурыз	Айтжанов Ө.	5-11-сынып оқушылары	Жаңа есімдер анықталады
8	«Журналист болу арманым»	Шығарма, өлең, проза жазу	сәуір	Айтжанов Ө.	5-11-сынып оқушылары	Тілші, болашақ журналистер байқалады.
9	«Қауырсын қалам...»	Баспасөзге мақала беру.	мамыр	Пән мұғалімдері	5-11-сынып оқушылары	Оқушылардың шығармашылығы шыңдалады

Төлеген Айбергенов-80

Ә.ӘЛП,
Журналистер және Халықаралық
Жазушылар одақтарының мүшесі.

ТӨЛЕГЕНДЕЙ ТАРЛАНЫҢ ТОЙЫ ТАРҚАМАЙДЫ

Қысқа қайырылған ғұмыр

Төлеген Айбергенов 1937 жылы сегізінші наурызда Қарақалпақстан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының Қоңырат ауданындағы «Хорезм» кеңшарында жарық дүниеге келген. Әкесі Айберген іскер, есепке де, шаруаға да жүйрік жан болған екен. Өкінішке орай Төлеген әкесінен ерте, 14 жасқа келген кезінде айырылып қалады. Сөйтіп анасы, Ақтөбе облысының тумасы Жібек Қонарбайқызының тәлім-тәрбиесін көріп өседі. Валерий Павлович Чкалов атындағы жетіжылдық, Максим Горький атындағы орта мектепте оқыған. 1959 жылы Ташкенттегі Низами атындағы педагогикалық институтының филология және тарих факультетін бітірген. Еңбек жолын өзінің туған жерінде мұғалім болып бастайды. Владимир Ильич Ленин, Георгий Константинович Орджоникидзе атындағы орта мектептерде және Қоңырат ауылындағы бастауыш мектепте ұстаздық қызмет атқарады. 1962 жылы Атамекенге, дәлірегі Шымкент (қазіргі Оңтүстік Қазақстан) облысының Сарыағаш ауданына көшіп келіп, болашақ жазушы Зәкір Асабаевпен бір шаңырақ астында тұрады. Үш жылдай уақыт сондағы кешкі жұмысшы жастар мектебінде директор болады. Аудандық «Қызыл ту», «Красное знамя» газеттері редакциясының жанынан Қасым Аманжолов атындағы әдебиет, мәдениет, өнер бірлестігін құрып, соған жетекшілік жасайды. Осы ауданның атынан айтыскер ақындардың Оңтүстік Қазақстан өлкелік айтысына қатысады. 1965 жылы аңсаған арман қаласы - Алматыға көшіп келеді. Алдымен Қаскелеңдегі Сергей Миронович Киров көшесіндегі жалдамалы № 51 (кей деректерде № 57) үйде, кейіннен сол кездегі астананың Ташкент көшесіндегі жалдамалы үйде, Алатау поселкесіндегі № 70 үйде, 12-шағын

ауданда тұрады. Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы көркем әдебиетті насихаттау бюросында ұйымдастырушы боп қызмет істейді. Жеке шығармашылығымен айналысады.

Тырнақалды өлеңдері республикалық баспасөз беттерінде 1957 жылдан бері жариялана бастайды. Кезінде атақты ақын Әбділда Тәжібаев оған алғысөз жазып, сәт сапар тілеген екен. Туған жерге деген албырт сағыныш пен мөлдір махаббатқа толы бір топ өлеңдері 1961 жылы шыққан «Жас дәурен» атты ұжымдық жинақта басылады. Ақын қазақ поэзиясына өзіндік жаңа ырғаққа құрылған, тегеурінді екпін, асау сезімге бай, әсем нақышпен өрнектелген бояуы қанық жауһар жырлар әкелді. «Арман сапары» (1963), «Өмірге саяхат» (1965), «Құмдағы мұнаралар» (1968), «Мен саған ғашық едім» (1970, 2005), «Аманат» (1975), «Бір тойым бар» (1981, 1989, 2001), балаларға арналған «Бақшаға саяхат» сурет-кітапшасы (1985), төрт томдық шығармалар жинағы (2013) жарық көреді. Сондай-ақ шымкенттік шайыр Олег Постниковтың аударуымен таңдамалы өлеңдері «Мир созвездий» (1987) деген атпен орыс тілінде басылады. Бірқатар өлеңдері «Поэты Казахстана» (Мәскеу қаласы, 1977, орыс тілінде), «Струны домбры» (1979), «Степновы ритмы» (1983, екеуі де украин тілінде) атты ұжымдық жинақтарда жарияланды. «Акерке Ақ Жайық», «Жаңғырған Маңғыстау», «Қазақстан», «Атамекен», «Адамдар», «Сені ойладым», «Мені ойла», «Мені ізде», «Ақ қайыңдар», «Бір тойым бар», «Сағыныш», «Сайрашы, сандуғашым», «Марфуға», «Зәурешім-ау!», тағы басқа бірқатар өлеңдеріне жазылған әндер ел арасына кеңінен танымал. Өлең оқып, домбырамен әуелетіп ән салып, күмбірлетіп күй де тартатын оның үйінен қонақ үзілмейді екен.

«Құмдағы мұнаралар» атты жыр жинағы үшін қайтыс болғаннан кейін, 1974 жылы Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы беріледі. 1997 жылы ақынның «Таңдамалы өлеңдер жинағы» мен ол туралы жазылған «Біргемін мен сендермен» атты естелік кітап жарық көреді. Оған отызшақты әріптес қаламгер мен әдебиеттанушы ғалымның Төлеген туралы толғаныстары енгізіледі. Өз замандастарының, жалпы әдебиетсүйер қауымның ұсыныс-пікіріне байланысты 1987 жылы Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитеті мен Қазақстан Жазушылар одағының «Жалын»

журналы Төлеген Айбергенов атындағы сыйлық белгілеген. Бұл сыйлық ақын-жазушылар Оңайгүл Тұржанова, Гүлнәр Салықбаева, Роза Мұқанова, Рахымжан Отарбаев, ғалым Әбсаттар Дербісәлиев, тағы басқаларға берілген. Тіпті оны кезінде фин және украин ақындары Пенти Холоппа мен П.Мовчан да иеленген екен. Адамзат баласының өмірі қысқа немесе ұзақ жасағанымен емес, мән-мағыналы, өнегелі ғұмыр кешкенімен өлшенері хақ. Осы орайда ғұмыры қысқа қайырылса да ұрпағына мол мұра қалдырған ақын есімі ұмытылмастан, қашанда ардақтала бермек.

Өрнекті өлең өрісті

Өткен ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарындағы қазақ поэзиясы жайлы сөз қозғағанда Тоқаш Бердияров, Мұқағали Мақатаев, Жүмекен Нәжімеденов, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза Әли, Фариза Оңғарсынова есімдерін тілге тиек етпей кете алмаймыз. Осындай шынайы шығармашылық бәсекедегі сұрыптаудан суырылып ілгері шыққандардың бірі - Төлеген Айбергенов болатын. Оның лирикасының ең басты қаһарманы - Сағыныш дер едік. Ойлы оқырманымен әр кездескен сайын сөзін сол сағыныштан бастайтын. Қай жырын оқысаңыз да осындай сағыныш сазы есетін. Туған жерге, елге деген сағыныш, достарға деген сағыныш. Әрине, мұның бәрі ақын бойындағы мөлдір махаббат болатын. Мәселен, Мұхтар Шахановқа арнаған «Сағыныш» атты өлеңі:

Сағындым, жаным, мен сені!

Көркіңді жүрген қуаныш қылып мендей ме екен бар ағаң...

Шын інім болсаң, бас бұрма, жаным, өсек-ғайбатқа бораған

Қажет жерінде қатыгездік пен қаталдық керек десек те,

Адамның заңғар ұлылығын, сен, сағынышымен есепте... --

деп бастауы біздің осы пікірімізге нақты дәлелдер едік. Ақынның Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Қасым Аманжолов, Әбділда Тәжібаев, Қажымұқан Мұңайтпасов, Ғарифолла Құрманғалиев, Шәмші Қалдаяқов, Сабырхан Асанов, Мақсұт Нетәлиев, Ақұштап Бактыгерееваға арнаған өлеңдерінде де дәл осы сарын бар. Ата-анасына, ағайын-туыс, бауырларына, қырмызы қыздарға бағышталған өлеңдерден де соны байқауға болады. Замандас әріптесі Темірхан Медетбек Төлеген Айбергенов туралы: «Ол

өзінің Отанға деген сүйіспеншілігін айнала-тіршіліктегі әрбір әуендер мен әуездерден, үндер мен дыбыстардан, саздар мен сарындардан, тылсым пернелер мен сикырлы иірімдерден, күн нұрымен жалт-жұлт еткен шағылыстар мен сан тарапқа самаладай боп жамырап ағылған сабылыстардан табады», - деп тебіреніп, толғанады. Шынтуайтында да Төлеген ақын адам бойындағы туған жерге деген сағыныш сияқты ардақты, қасиетті, асыл байлықты бар дауыс, бар үнімен, асқақ сезіммен жырлайды. Махаббат лирикасында Мағжан Жұмабаевтан кейінгі шоқтығы биік көрінген ақын да осы Төлеген Айбергенов еді. Ол өмірге ғашық нағыз романтик ақын болатын.

Төлеген Айбергенов поэзияны барынша құрмет тұтатынын «Ақындық» атты өлеңінен айқын аңғарамыз:

*Ақын боп өмір кешіру оңай деймісің, қарағым,
Аузында болу бұл өзі сыздаған барлық жараның.
Көкірегіңе құйып ап әлемнің асқақ бар әнін,
Қосудың арпалысы бұл - тоғыспас жолдар торабын.*

*Нақақтан күйіп баратса нұрлы күн үшін бір тұтқын,
Кес-кестеп барып кеудеңді оғына тосу мылтықтың.
Қалдырмау үшін ұятқа күнәсіз мына дүниені,
Жамау ғып басу өзіңді аузына барлық жыртықтың.*

Ол өзінің қысқа ғұмырында жазған өлеңдері мәңгілік жасайтынына бек сенді. Соның арқасында қазақ поэзиясында өшпес із қалдырып, төл әдебиетіміздің алтын қорынан берік орын алатынын күні бұрын білген сыңайлы. Тойының тарқамайтынын, ойлы оқырмандары оның кітабын қай кезеңде де іздеп жүріп оқитын сезді. Әйтпесе ақын:

*...Өле берсін күншілдер күйігінде,
Өз гасырым өзімнің иінімде.
Ақ жаңбырлар тоздырған тау сияқты,
Мен өлемін өзімнің биігімде!*

Немесе:

*Бір тойым болатыны сөзсіз менің,
Дәл қай күні екенін айта алмаймын... --*

деп сәуегейлік жасамас еді ғой.

Ол қазақ ақын-жырауларын түгел жатқа білетін. Ақан сері

Қорамсаұлы, Ілияс Жансүгіров, Қасым Аманжоловтан көп нәрсе үйреген. «Өзіңе дейінгілерден он мың жол өлеңді жатқа білмеген ақын ақын емес», - деп жоғары талап қойған оның атақ-даңқы мен дақырты ерте шыққанын бәріңіз жақсы білесіздер. «Төлеген Айбергенов қасиетті Құранның сүрелерін бірінен соң бірін жатқа соғады екен», «Өз өлеңдерін түгел жатқа айтқанын былай қойғанда, тіпті олардың ең төменгі жолынан басына дейін кері айтып шыға алатын ерекше жадқа ие жан екен», «Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Қасым Аманжолов, Еркеш Ибраһимның өлеңдерін де солай теріс қаратып оқи алады екен», «Сондай-ақ Абай Құнанбаев пен Махамбет Өтемісовтің өлеңдерін де, тіпті оны айтасыз, Мұхтар Әуезов пен Ғабит Мүсіреповтің прозаларын да сағаттар бойы талмастан төгіп тастайтын көрінеді екен», - деген сөздер ел ішінде желдей есетін көрінеді. Өз тұстастары - Жұмекен Нәжімеденов, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза Әли, Әбіш Кекілбаевтың кей жырларын жатқа айтатын еді.

Ешкімді алалап, бөліп-жармайтын ол жұрттың бәрімен адами, достық рәуіште қарым-қатынас жасай білетін. Әбділда Тәжібаевты өзіне ұстаз әрі қамқор әке деп санайтын. Төлеген Айбергеновтың Шәмші Қалдаяқов, Мұхтар Шахановпен айырылмастай дос екенін бүгінде екінің бірі жақсы біледі. 1966 жылы Мұхтар Шахановтың алғашқы жыр жинағының жарық көруіне ықпал еткен екен. Бұдан бөлек Тоқаш Бердияров, Әбу Сәрсенбаев, Зәкір Асабаев, Өмірзақ Қожамұратов, Мақсұт Нетәлиев, Еркінбай Әлімқұлов, Смағұл Елубаев, Асқар Сүлейменов, Мыңжасар Маңғытаев, тағы басқалармен жақсы қарым-қатынаста болған.

Ақын отты өлеңдерімен қоса-қабат әңгімелер, әдеби мақалалар, очерктер («Темірқазық»), ойтолғақтар, күнделіктер де жазған. Кітапты көп оқығаны бірден байқалады. Орыс ақындарымен қоса-қабат өз шайырларымыздың шығармаларына шама- шарқынша баға беріп өткен. Абай Құнанбаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Әбділда Тәжібаев, Хамит Ергалиев, Әбу Сәрсенбаев, Ғафу Қайырбеков, Сырбай Мәуленов, Жұмекен Нәжімеденов, Мұқағали Мақатаев, Қажым Жұмағалиев, Еркеш Ибраһим, тағы басқа әріптестерінің өлеңдеріне талдау жасайды. «Жұлдыз» журналының 1967 жылғы № 10 санында жарияланған «Өрнекті өлең -- өрісті» атты мақаласында алпысыншы жылдардағы қазақ

поэзиясы жайлы тебірене ой толғайды.

1967 жылғы жаймашуақ жаздың жайсаң шағы. Тамылжыған тамыз айының соңғы онкүндігінде Өзбекстанда Қазақстанның әдебиет, мәдениет, өнер күндері өтеді. Төлеген Айбергенов Қарақалпақстанға бөлінген делегацияны басқарып келеді. Сол сапарында айтулы ақын аяқастынан мәңгілікке көз жұмады. Ол небәрі отыз жаста ғана болатын. Бір топ ақындар, атап айтқанда, Дикан-баба Әбілев, Сағынғали Сейітов, Нұтфолла Шәкенов, Әбдікәрім Ахметов, Қабдікерім Ыдырысов, Саттар Сейітхазин, Мұқағали Мақатаев, ақынның жан жары Үрниса Айбергенова оны соңғы ақтық сапарға шығарып салады. Нөкіс қаласындағы зиратқа жерленеді. Қандай қайғы, қандай өкініш! Сонда Мұқағали Мақатаев «Төлегенге» атты сегіз шумақ қаралы өлең жазған екен. Қазақ поэзиясының мұзбалағы:

*Тұңғыш көрдім өлгенін шын ақынның
Қызарып батты ертеңгі шығатын күн.
Торғай-өлең шырылдап бара жатты
Аузында Ажал деген сұрапылдың... --*

деп егіліп, езілген.

Айтпақшы, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде Төлеген Айбергеновтың қайтыс болғанын хабарлағаны үшін редактордың орынбасары Қалдарбек Найманбаев сөгіс алған екен. «Газет саған афиша ма, Төлеген Айбергенов деген кім өзі?» деген көрінеді Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетіндегі шолақбелсенділер. Дәл сондай арампиғылды, қараниеттілердің қазір де біздің арамызда жүргені өкінішті дер едік.

Ақынның екінші -мәңгілік өмірі

«Құмдағы мұнаралар» атты жыр жинағы жарық көріп, қаламгер қауымның талқысына түскеннен кейін Қалаубек Тұрсынқұлов: «Біз Төлегенді енді білдік, тұңғыық терең, дарқан да заңғар ақыннан көз жазып қалдық», - деген тебіренісінде өзекті өртейтін өкініші бар. Төлеген Айбергеновтың таң шығындай мөлдір сезімдерімен, тебіренген теңіз толқындарындай тегурінді ақындық қуаты мен шығармашылық шабытын қаламдас замандастары аса жоғары бағалаған. Ғабит Мүсірепов: «... Амал бар ма, біз, қазақ әдебиеті, екі-үш дарыннан ерте айырылдык. Олар - Абдолла, Баубек, Төлеген», Әбділда Тәжібаев: « ... Біз поэзиямыздың тағы

бір алтын тұтқасын аштық. Аштық та, Төлеген дүниесін көрдік», Әбіш Кекілбаев: «... Төлеген сөз жоқ, талант. Дара талант, сара талант... Төлеген Айбергенов шығармашылығы - өлімді жеңіп шыққан өмір шаттығының жыры», Фариза Оңғарсынова: «...Әр түрлі гүлзарларымен, даланың самалымен, жусанның иісі, таудың бұлағымен - өзімен-өзі тыныш жатқан поэзиясының қалғымалы тірлігіне кенет көтерілген мұхиттың жал-жал толқындарындай ағысты екпінмен әсер еткен Төлеген Айбергенов поэзиясы қазақ өлеңнің өресін биікке көтереді», Қуандық Шаңғытбаев: «... Ақынның асқақ жырын ғажайып ғұлама жылдардың шежірелі беттерінде сөйлеп тұрған сырға балап, осынау сыр жылдар парағы аударылғанда жабылып кетуі мүмкін екенін тыңнан тауып айту арқылы өлімнің өзін сылқым образға айналдырған Төлеген Айбергенов өлеңдеріндегі су жаңа нұсқалықты эпитет көлегейлеп, көрсетпей тұрған жоқ, қайта айқындап, аша түсіп тұр», қарақалпақ ақыны Ыбырайым Юсупов: «Төлеген өмірінің де, ақындық шабытының да тым қысқа қайырылуы өте өкінішті. Бірақ мұндай ақынның екінші өмірі ұзақ болады. Оның өлеңдері халқына, болашақ ұрпақтарға рухани күш һәм ләззат беріп, мәңгі жасайды», - деген екен.

Иә, шынтуайтында да ақиық ақын Төлеген Айбергеновтың есімі ұмытылмақ емес. Екінші - мәңгілік өмірі басталғалы бері оның мерейтойлары, еске алу кештері, ақынның өмірі мен шығармашылық жолына арналған ғылыми-теориялық конференциялар жиі өткізіліп келеді. Шымкенттік кәнігі кәсіпкер, мақтаулы меценат Бекен Төлешовтің демеушілігімен «Түркі әлемі» студиясының директоры Доктырхан Тұрлыбек «Айбергенов әлемі» атты бейнефильм түсірген. Ақын шығармашылығын кеңінен насихаттау мақсатында дәл осындай атаумен арнайы журнал да жарық көреді. Оның бас редакторы - ақынның қызы, ғалым, филология ғылымының докторы Салтанат Айбергенова. Шырайлы Шымкент шаһарындағы көшелердің біріне Төлеген Айбергеновтің есімі берілген. Ардагер журналист, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атындағы мешіттің бас имамы Дәулет қажы Исабеков сол көшенің бойына ақынға ескерткіш орнату ниетінде жүргені қандай ғанибет. Сарыағаш қаласында ақын есімін иелеген жалпы орта мектеп бар. Төлеген Айбергенов атындағы әдебиет,

мәдениет, өнер бірлестігі жұмыс істейді. Оған Төлегеннің жерлесі, айтулы ақын Мұратбай Бекеев жетекшілік жасайды.

Ақынның 50 жылдық мерейтойына орай Қазақстан Жазушылар одағында поэзиялық кеш өткізілді. 60 жылдық мерейтойы Өзбекстандағы республикалық қазақ ұлттық мәдени орталығының ұйытқы болуымен Ташкент қаласы мен Қарақалпақстанда кеңінен тойланды. 70 жылдық мерейтойы Астанадағы «Конгресс-Холл» сарайында, Сарыағаш ауданында кеңінен атап өтілді. 75 жылдық мерейтойы Алматы облысының Қарасай ауданындағы ұлан-асыр тойға ұласты. Биылғы 80 жылдық мерейтойының бастамасы ретінде Алматыда «Төлеген Айбергенов поэзиясы және қазіргі заман» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылып отырғаны қандай ғанибет.

Тарлан ақынның шығармашылығы жайлы ғылыми зерттеулер мен ой-пікір айтушылардың қарасы көп. Олардың қатарына Әбділла Тәжібаев, Сырбай Мәуленов, Саттар Сейітхазин, Қадыр Мырза Әли, Мақсұт Нетәлиев, Бекен Әбдіразақов, Дүйсенбек Қанатбаев, Сәкен Иманасов, Рза Қунақова, Смағұл Елубай, Зәкір Асабаев, Сейфолла Оспан, Бақыт Сарбалаев, Шөмішбай Сариев, Ханбибі Есенқарақызы, тағы басқалар бар. Өз кезегінде Қуандық Шаңғытбаев, Жүмекен Нәжімеденов, Қуандық Шаңғытбаев, Тұманбай Молдағалиев, Өтежан Нұрғалиев, Меңдекеш Сатыбалдиев, Жүсіп Қыдыров, Марат Отарәлиев, Ақұштап Бактыгереева, Тынышбай Рақым, Әбдіраштың Жарасқаны, Мұхтар Шаханов, Нармахан Бегалыұлы, Асқар Егеубаев, Есенғали Раушанов, Ибрагим Исаев, Асқар Егеубаев, Қасымхан Бегманов, Бауыржан Жақып, Қонақбай Саттаров, тағы басқалар арнау өлеңдер жазған.

Сөз соңында айтарымыз, ақиық ақын, телегей-теңіз шалқар шабыт иесі Төлеген Айбергеновтің кезінде баспасөз бетінде жарияланған прозалық дүниелерін жинақтап, кітап етіп шығарсақ құба-құп болар еді. Алматыда ақын мұражайын ашу да - бүгінгі уақыт талабы. Биылғы 80 жылдық мерейтойына орай жыр мүшәйрасы мен ақындар айтысын ұйымдастырып жіберсек, канекей!

С.АЙЛАЕВА,
Совет Одағының Батыры
М.Бегенов орта мектебі.
 Маңғыстау облысы,
 Бейнеу ауданы

Ж.БАЛАСАҒҰН. **«ҚҰТТЫ БІЛІК» ТРАКТАТЫ**

Жалпы мақсаты	СТО технологиясы арқылы өз бетінше баға бере алатын жеке тұлғаның қалыптасуына жол ашу АКТ қолдану арқылы жеке өзінің құнды қасиеттерін анықтап, оны бағалай білуге баулу.	
Оқытудың мақсаты	Жүсіп Баласағұни туралы, «Құтты білік» кітабының негізгі тақырыбы, идеясын ашуға талдау жұмыстарын жүргізе отырып, ізденістерге негізделген жұмыс түрлерін өз бетімен орындауға дағдыландыру, бірін-бірі тыңдау, сыпайы және сенімді, әдеби тілге үйрету.	
Сілтеме	Интерактивті тақта, оқулық, оқыту әдістемесі, жоспар.	
Оқу нәтижесі	Дастанның идеясын біледі, кейіпкерлерге салыстырмалы мінездеме береді, бірін-бірі тыңдау арқылы әдеби сөйлеуге дағдыланады.	
Әдіс-тәсілдер	«Блум» кестесі, диалог әдісі, топтық жұмыс, сәйкестендіру, салыстыру, ұқсастық табу кестелері.	
Іс-әрекет	«Құтты білік» дастаны бойынша адамның кемелдену жолындағы 4 асыл қасиет арқылы топқа бөлдім.	4 топ: Әділет, Бақыт Ақыл, Қанағат
Тапсырма көздері	Оқулықтағы тақырып: 1-тапсырма: Қызығушылықты ояту. (өлең оқыдым) 2-тапсырма: Мағынаны тану Әділет- Жүсіп Б. Өмірі мен шығармашылығы Бақыт- «Құтты білік» кітабы. Ақыл- «Құтты білік»- барлық түркі халықтарының ортақ орта ғасырлық зор туындысы Қанағат- Кітапқа негіз болған 4 асыл қасиеттер (5-7 минут) 3-тапсырма: Сәйкестендіру тесті. 4-тапсырма: Үндестіру. 5-тапсырма: Жоспар құру,мәтіндік дамыта оқу жұмысы 6-тапсырма: Сабакты қорыту, постермен қорғау. 7-тапсырма: Бағалау	

Міндеттері	Ж.Баласағұни туралы, «Құтты білік» кітабы жөнінде түсінік қалыптастыру. Оқушылардың тіл мәдениетін дамыту, сөздік қорын молайту, ой-пікірін ашық айта білуге үйрету. Берілген тапсырманы анық, айқын айтуға жетелеу. Жеке оқушы пікірлерін қалыптастыру.	
Кейінгі тапсырма	Ж.Баласағұн туралы тың деректер жинау, дастаннан үзінді жаттау	
Мұғалімнің іс-әрекеті		Оқушының іс-әрекеті
Сыныпты ұйымдастырамын Сабақты бастап оқушыларды 4 асыл қасиеттер арқылы топқа бөлемін. Кесте толтыру		Ережемен таныстыру Оқушылар топқа бөлінеді
Ж.Баласағұн туралы не білемін	Ж.Баласағұн туралы білгім келеді	Үйрендім
Сабақтың тақырыбы жазылады Жаңа тақырыппен және мақсатымен таныстыру. Блум таксономиясы бойынша Білу: Ж. Баласағұн өмірі мен шығармашылығы, кітапқа негіз болған 4 асыл қасиетті атап беру. Түсіну: Жаңа тақырып бойынша түсінік. «Құтты білік» дастаны бойынша тапсырмасын беремін.		Қызығушылығын ояту
Талдау 1. Сәйкестендіру тесті		Оқушылар түсінігін айтады.
1. Тілдің пайдасы мен зияны бірдей	А. Ізгілік-оң, Ессіздік-сол, жүгің-Ар, Оңың- жұмақ, солың-тозақ. Біліп ал!	Карта құрастыру Үлестірмелі материал. Социограмма орындайды
2. Ізгілік – адамзат үшін ең қажетті қасиет. Елдің басшысы ізгі болса, халқы да ізгі болады.	В. Көп сөйлеме, аз айт бірер түйірін, Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін	Оқушылар салыстыру арқылы табады
3. Даңқ пен дәулетке мастанба, ол бір орнында тұрмайды	С. Әділ болсаң қараға ақ, аққа жақ, Ұрпақтарың жақсы атыңды сақтамақ!	
4. Әділеттің жолын қу, шыншыл бол.	Д. Бір орнында Су, Сөз, Дәулет тұрмайды Жиһангерлер жүре бермей тынбайды	

5. Сарандық пен ашкөздіктен аулақ бол.	Е. Намысшыл ер жаудың мысын басады, Намыссыз ер жер бауырлап қашады	Оқушылар мазмұнға байланысты жоспар құрады.
6. Намысшыл ер бол.	Г. Қиды терген сасық қоңыз сияқты Сарандықтан асқан не бар ұятты.	
Мақал-мәтелдермен үндестіру Абаймен үндестігін табу Абай сынаған бес жамандық: Ж.Баласағұни көрсеткен бес жамандық:		
Қолдану: Мәтіндік дамыта оқу жұмысы		
Ел басқарған әкім туралы пікірі	Елші болатын адамдарға қойылатын талаптар	Неге үндейді?
«Құтты білік» жырынан бір үзінді алып, жоспар құру Сабақты қорыту Шығармашылық тапсырма «Құт дарыған елдің адамы қандай?» 2.Бүгінгі тақырыпқа постер жасау		
7. Бағалау: Бағалау бетшесі арқылы өздерін бағалады, мұғалім бағалады. 8. Үйге тапсырма: Дастаннан үзінді жаттау.		
Мұғалімнің жазбалары		
Сабақты өткізу барысында сыни тұрғыдан ойлаудың элементтерін пайдаландым. Мақсатым: оқушыларға тақырып жайында мәлімет бере отырып, сыни тұрғыдан ойлауға қалыптастыру, өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік бердім. Постер қорғау арқылы оқушылар өз ойларын ашық айтты. Оқушыларға өздерін бағалаттым, жетондар арқылы топты бағалаттырдым. Сабақты қорытындылай келе алған жетондарының санына қарай жиынтық баға қойдым.		

Ә.НҰРМАНОВА,
№158 орта мектебі.
 Қызылорда облысы,
 Шиелі ауданы

ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР. ТӨЛЕ БИ. ҚАЗЫБЕК БИ. ӘЙТЕКЕ БИ

Мақсаты:	Халық ауыз әдебиетінің бір саласы- шешендік сөздер туралы мәлімет беру, үш би жайында мағлұмат бере отырып,олардың шешендік сөздерінің мәніне талдау жасау.			
Күтілетін нәтиже:	Үш бидің өмір сүрген кезі туралы мағлұмат алады Дұрыс сөйлей білу, ұйымшылдық қасиеті қалыптасады; Билердің шешендік сөздерін оқып,мазмұнын,ортақ идеясын анықтап, талдай білуге дағдыланады.			
Қолданылған әдіс-тәсілдер:	Шешендік сөздерін жатқа оқып, мазмұнын талдайды. «Өз орныңды тап» әдісі арқылы топтастыру, мәтінмен жұмыс. Постер корғау.			
Пайдаланған әдебиеттер:	Мәнерлеп жатқа айту «Шешендік сөздер» кітабы, 9-сыныпқа арналған электронды оқулық, бейнекөрсетілім.			
Кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі (2 мин)	Оқушылармен сәлемдеседі. Ынтымақтастық атмосферасын орнату.	Оқушылар патриоттық көңіл күймен сабақты бастаймыз.		Шағатқы шеңбер әнұран
Қызығушылықты ояту (3 минут)	Оқушыларға сыныпта шеңбер құрғызып, «Мен қазақ елінің патриотымын» әнұран тыңдайды бүгінгі сабақтың сәтті өтуіне жақсы көңіл күй тугызу.	Парақшада жазылған сөз кім туралы екенін тауып айтады.	Формативті бағалау	Топ ережесі Табыс критеріі Бағалау парақшалары
4 топқа біріктіру	Үш жүз-қазақтың ағайынды үш баласы. Осы үш жүздің бірі-Ұлы жүзді-Төле би, Орта жүзді-Қазыбек би, Кіші жүзді-Әйтеке би басқарған.	Шешендік сөз «Төле би», «Қазыбек би», «Әйтеке би» атты топтарға бөлінеді.		Шешендік сөз Үш бидің аты жазылған топтық белгілер

Мағынаны тану. 10 мин.	I топ. Балалар, би болу үшін оның бойында қандай ерекшеліктер болады? Би- шешендер елші,әділ, шешен,ақылды, асқан даналық ой иесі, т.б. Әр топ үш бидің өмірін айтады.	Шешендік сөз, шешендер туралы не білетіндерін ортаға салады. Билердің өмірі туралы қағазға түсіреді.	Бір-бірінің сыйластықпен қарайды. Топ жетекшісі бағалайды	Плакат Түрлі-түсті қарындаштар
	Үш бидің шешендік сөздерімен, мазмұнымен танысамыз. II топ. «Төле би»- Төле бидің шешендік сөзін оқу, топта талқылау. а/ Қандай жетімдер жайлы айтылған? (Жанбыр жаумаса-жер жетім, басшысы болмаса-ел жетім,ұқпасқа айтқан сөз жетім) б/ Ардақты азаматтың беделін кімдер арттырады? III топ «Қазыбек би»-«Қазыбек бидің Қонтажыға айтқаны» туралы шешендік сөзін оқып, мазмұнын айту	Шешендік сөздерді жатқа айтады Топ болып берілген тапсырмаларды орындап, өзара түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Берілген тапсырмаларды топ ішінде орындайды. Қазыбек бидің тауып айтар тапқырлығын, батылдығын дәлелдей сөйлейді.	Топ басшылары бағалайды. Топ басшысы смайликтер арқылы бағалайды.	Үш бидің суреті Оқулық, ноутбук Оқулықпен жұмыс. Оқулықпен жұмыс, Стикер, маркер Оқулықпен жұмыс, А3, стикер, маркер
	IV топ. «Әйтеке би»-Әйтеке би толғауын мәнерлеп, жатқа оқу. /Әйтеке бидің сөздерінен нені аңғардыңдар? Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би туралы өміріне қатысты бейнекөріністі көрсету.	Әйтеке бидің шешендік сөздерінің мазмұнын ашады.		

Ой толғанys (3мин.)	- Енді осы үш бидің шешендік сөздеріндегі ортақ ойды анықтайық. Яғни, би-шешенге қандай қасиеттер тән? -Шешендердің бойында қандай қасиет болу керек? 1. Білім; 2. Тыңдаушысының жүрегіне әсер ету; 3. Аз сөзге көп мағына сыйдыру; 4. Тапқырлық; 5. Суырып салмалық. 6. Табиғат сыйлаған дарындылық.	Оқушылар өз ойларын стикерге жазды. Топтастыру құрайды		Стикер, маркер, А3 Кесте - сызба
Бағалау (1 минут) Кері байланыс (1минут)	Топтардың белсенділігін шапалақ бойынша бағалаймыз. «Сөйлемді аяқта» Бүгінгі сабақ бойынша өз ойларын білдіру.	Топтық жұмыстарды бағалайды. Сабақтан алған әсерлерімен бөліседі.	Бағалау парақшасы бойынша топ басшылары бағалайды. Мұғалімнің бағалауы.	Бағалау парақшасы
Үй тапсырмасы (1 минут)	1. Билердің толғауларын жаттау. 2. Би-шешендер жайлы мағлұмат жинау.	Оқушылар үйден шешен-билердің толғауларын жаттап мазмұнын түсініп келеді.		Кері байланыс парағы

А.ЖУБАНОВА,
Ә.Молдағұлова негізгі мектебі.
Ақтөбе облысы,
Темір ауданы,
Шығырлы ауылы

АСАН ҚАЙҒЫ ТОЛҒАУЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Мақсаты: Жыраудың өмірі, шығармашылығынан жалпы мәлімет бере отырып, толғаулардың тақырыбы мен идеясын, көркемдігін ашу, толғау туралы түсініктерін кеңейту. Сөз еркіндігіне баулу, шығармашылық ізденіске бағыттау, сөз өнеріне қызығушылығын арттыру, поэзияны түсінуге, сырына үңілуге шақыру. Күтілетін нәтиже: тақырыпты меңгеріп, диалог арқылы сөйлеу тілдері дамып оның тәрбиелік мәні туралы жаңа түсініктер қалыптасады, өмірмен байланыстыра мысалдар келтіріп дәлелдейді. Оқушыларды адалдыққа, сыйластыққа тәрбиелеу.

Түрі: жаңа материалды оқып-үйрену сабағы

Әдісі: сөздік әдіс, сұрақ-жауап, талдау, топпен жұмыс.

Технологиясы: СТО.

Көрнекіліктер: жырау портреті, қосымша материалдар, слайдтар, кестелер
Пәнаралық байланыс: тарих, география, қазақ тілі.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру. Психологиялық тренинг «Жылы лебіз».
Білу.

II. Үй жұмысын тексеру.

1. Жыраулар поэзиясының негізгі тақырыптары қандай?
2. Жырау деген кім?
3. Қандай жырауларды білесіңдер?
4. Жыраудың жыршыдан қандай айырмашылығы бар?
5. Жыраулардың шығармаларын не деп атаймыз?
6. Толғау қандай сипаттағы шығарма?
7. Жыраулар поэзиясының құндылығы туралы айтқан

жазушы кім?

Түсіну.

III. Жаңа сабақ.

1) Қызығушылықты ояту.

1. Асан қайғы деген кім?

2. Оның Асан қайғы аталуына не себеп болды?

3. Асан қайғының қандай толғауларын білесіңдер?

Топтастыру (топқа бөлу) бағалау парақшасын топ басшысына беру. 2. «ББҮ» кестесі.

2) Мағынаны тану. Топпен жұмыс (постер қорғау) Асан қайғының өмірі мен шығармашылығы

Толғаулары: Асан толғауларының тақырыптық ерекшеліктері:

1) дидактикалық сарындағы толғаулар (насихат, өнеге сөз, ғибрат айтылуы): «Еділ бол да, Жайық бол».

2) Өз-Жәнібек ханға айтқан арнау толғаулары (арнау-толғауда ханға кеңес айта отырып, ел басқару ісіне де араласуы, сын айтуы): «Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің»

3) Өз заманындағы тарихи өзгерістердің мәнін түсіндіретін толғаулары. «Қырында киік жайлаған».

4) Болжалдық сарындағы толғаулар: «Қилы, қилы заман болмай ма».

Күйлері: «Ел айрылған», «Асан қайғы», «Желмаяның жүрісі», «Зар», т.б.

Ғалымдар бағасы: Кейінгі ұрпақ әулие танып, аты аңызға айналған «көшпелілер философы» (Ш. Уәлиханов)

«Асан Ата-ХV ғасырда қазақ ұлысын біріктіру мәселесін қолына алған даланың ойшыл данасы» (Әлкей Марғұлан). «Тарихта болған адамдардың ішінде өмір сорабы, іс еңбегі халықтың нағыз ертегі болып, тек сол қалыпта ғана ой жадында сақтаған адамның бірі – осы Асан қайғы» (Мұхтар Әуезов).

Талдау. «ДЖИКСО» әдісі (өлеңдерді талдау)

1-топ. «Әй, хан, мен айтпасам білмейсің» «Еділ бол да, Жайық бол»

2-топ. «Көлде жүрген қоңыр қаз»

«Есті көрсең, кем деме»

Сөздік жұмысы.

Кұладың – қаршыға тұқымдас кішірек келген жыртқыш құс

Ғаріп - жетім, мүсәпір, Желмая - түйе, Жерұйық – жайлы қоныс Асан Асан қайғының күйлері мен толғауларын сәйкестендіру.

Қолдану. 4. Мәтінмен жұмыс.

Толғаудағы жалқы есімдер: Еділ, Жайық.

Сөз тіркестері: ердің құны, мінезі жаман адам, тәуір көрер кісі, өлетұғын тай, көшетұғын сай. Болымсыз етістіктер: ұрыспа, тұрыспа, қуыспа, жуыспа, суыспа. Фразеологизм: желке терісі құрысу – араздасу.

Көркем тіл түрлері: ашу – дұшпан (метафора)

Сергіту сәті: (Өлеңді қимылмен келтіріп, денемізді, ойымызды сергітеміз)

Жинақтау. Тест тапсырмалары

1. «Ата жұрты бұқара,
Өз қолыңда болмаса,
Қанша жақсы болса да,
Қайратты туған ер ғаріп...»

Асанның қай өлеңінен алынғанын белгіле.

А. «Еділ бол да, Жайық бол»

Б. «Бұл заманда не ғаріп?»

В. «Қырында киік жайлаған»

2. Асан «Еділ бол да, Жайық бол, Ешкімменен ұрыспа»-деп неге шақырған?

А. Жауласуға. Б. Адамгершілікке. В. Бірлікке.

3. Асан қайғының айтқанын табыңыз:

А. «Таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жагады»

Б. «Жапанға біткен терекпің»

В. «Батыр жігіт қол бастар»

4. Асан қайғының «көлігі»?

А. Арба. Б. Жүйрік ат. В. Желмая.

5. Асан қайғы қай өңірде дүние салған?

А. Ұлытау өңірінде. Б. Алатау өңірінде. В. Баянауыл өңірінде.

Әссе. (3 минуттық) Толғаудың маңызы неде?

IV. Үйге тапсырма беру.

V. Бағалау. Бағалау парақшасымен (топ басшысы)

VI. Кері байланыс. Парағын толтыру.

Г.ЕСЕНҒАЛИЕВА,
Тайпақ орта жалпы білім
беретін мектебі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Ақжайық ауданы,
 Қарауылтөбе ауылы

ҚУАНДЫҚ ШАҒЫТБАЕВ.
«САБАЛАҚ» ӨЛЕҢІ
(5-сынып)

Мақсаты	Халқымыздың бірегей ұлы Абылай ханның ақыл-парасаты мен өнегелі өмірінен мәлімет беру. Оқушыларды елжандылыққа, тарихымызды білуге тәрбиелеу.	
Күтілетін нәтиже	1. Оқушылар өлең авторы туралы мәлімет алады. 2. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы туралы деректер біледі. 3. Абылай хан туралы мәліметпен танысады. 4. Аңырақайдағы қазақ-қалмақ соғысы туралы біледі. 5. Өлеңді мәнерлеп оқуға дағдыланады. 6. Топпен жұмыстанады.	
Керекті жабдықтар	Интерактивті тақта, ұнтаспа, стикерлер, «Блоб ағашы» рефлексия парақтары.	
Сабақ барысы	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Сабақ кезеңдері		
Кіріспе	Ұйымдастыру Үй тапсырмасын сұрау «Стикердегі диалог» әдісімен тексеру. Тақырыбы: С.Мәуленовтің «Менің Республикама» өлеңі.	Оқушылар амандасады. Стикерге жазылған сұрақтарға жауап береді. 1. С.Мәуленов кім? 2. Өлеңдерін мәнерлеп жатқа айт? 3. Өлең құрылысына талдау жаса? 4. Өлеңнен эпитетті тап? 5. Өлеңнен теңеу сөздерді тап? 6. Өлеңнің негізгі түйіні не?
Сыныпты топқа бөлу	Әр түсті стикерлерді тандаптып, түсіне қарай топқа бөлу.	I топ-қызыл түс II топ-көк түс III топ-сары түс IV топ-жасыл түс

Тұсауескер	Ойқозғау сұрақтары 1.Интерактивті тактадан «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы туралы видеожазба көрсетіледі. 2. «Аңырақай шайқасы»туралы мәлімет беріледі. 3.Ұнтаспадан «Елім-ай» әні тыңдалады. 4. Абылай ханның өмірі, ерлігі мен ел басқарудағы білгірлігі туралы мағлұмат беріледі.	Суреттер мен видеожазбалар арқылы сабақтың тақырыбы мен мақсатын айқындайды.
Негізгі бөлім Білу		Оқушылар өлеңді мәнерлеп оқиды.
Түсіну		Тақырыптары: Қызыл түстер- Аңырақайдағы қазақ-қалмақ соғысы. Көк түстілер-Көмекке келген жас жігіт. Сары түстілер-Ақынның арманы. Жасыл түстілер-Өлеңнің тақырыбын ажырату. /Оқушылар көршілерінің жауабын өзара бағалап отырады./
Қолдану		Қызылдар-Сабалақтың портреті. Көктер-Сабалақтың мінезі. Сарылар-Сабалақтың ерлігі. Жасылдар-Сабалақ-Абылай.
Сергіту сәті	«Сабалақ» өлеңінің авторы Қ.Шаңғытбаев туралы мәлімет беріледі.	Оқушылар музыка ырғағымен денелерін сергітеді.
Ойтолғаныс	«Кемпірқосақ әдісі» топтық жұмыс жүргізу. Әр топқа Сабалақ бейнесіне талдау жасау. Музыка қою Сұрақ: Балалар, ақын армандағандай бүгінгі күні Абылайдай елін сүйетін, патриот, туған жері үшін ерлік көрсетуге дайын адамдар бар ма? Олар кімдер? Бүгінгі сабақ бойынша Абылай ханды кім деп танимыз?	Оқушылар өздерінің ойларын айтады. Топтастырады: Елін сүйетін патриот Әділ Адал Батыл Қаһарман Күйші
Қорытынды.	«Блоб ағашы әдісі»	Оқушылар бүгінгі сабақ жөнінде ойларын «блоб ағашы»әдісімен жеткізеді.
Рефлексия	Үй тапсырмасын түсіндіреді.	1.Өлеңнен үзінді жаттау. 2. Абылай атаға хат жазу. 3. Өлең мазмұны бойынша сурет салу.
Үйге тапсырма	Оқушылардың бағалауынан қорытынды баға шығарамын.	Оқушылар бір-бірінің жауаптарын бағалау парағына бағалап отырады.
Бағалау		

Ы.АЛТЫНСАРИН. «ДҮНИЕ ҚАЛАЙ ЕТСЕҢ ТАБЫЛАДЫ?»

Мақсаты: білімділік-оқушыларға Ыбырай Алтынсариннің «Дүние қалай етсең табылады?» өлеңі туралы түсінік беру, әңгіменің идеялық мазмұнын талдау, оқушыларға ойландыратын сауал бере отырып, пікірін тыңдау; тәрбиелік-оқушыларды еңбексүйгіштікке, мамандық таңдай білуге, ізгілікке баулу, елжандылыққа тәрбиелеу; дамытушылық-оқушылардың білімдік танымын, шығармашылық қабілетін, тілдік қорын ізденістерін арттыру.

Типі: жаңа сабақ.

Түрі: дәстүрлі сабақ.

Әдіс-тәсілі: мәнерлеп оқу, әңгімелеу, талдау.

Көрнекілігі: Ы.Алтынсариннің шығармалар топтамасы, портреті, еңбек туралы нақыл сөздер.

Пәнаралық байланыс: тіл, экология, еңбек.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:


1. Оқушылармен сәлемдесу.
2. Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру.
3. Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

1. Ы.Алтынсариннің өмірі туралы мәлімет жинау, жазу.

2. «Өзен» өлеңін жаттау.

III. Білім тексеру: Категориялы топтастыру.



IV. Жаңа сабаққа дайындық.
1. Сабақ тақырыбын тақтаға жазу.
2. Сабақ мақсатын түсіндіру.
V. Жаңа тақырыпты түсіндіру:
«Дүние қалай етсең табылады?» әңгімесін мәнерлеп оқу.

Сөздікпен жұмыс.

Франк-француз ақшасының атауы.

Мәтіннен көнерген сөздерді табу: купец, реуішті.

VI. Түсінік тексеру:


Сұрақ-жауап.

1. Әңгіменің мазмұнына зер салып оқыңдар.
2. Еңбек етуден ерінген адам қандай болатынын аңғарту.
3. Қайыршы Антонға бейтаныс кісінің ақылы қалай әсер етті?

4. Антон бұл сөзден қандай қорытынды шығарды? Мәтіннен тауып оқыңдар.

VII. Жаңа сабақты бекіту:

1. Венн диаграммасы:



2. Кітаппен жұмыс: рөлдерге бөліп оқу.

1. Автор сөзі:

Француз жұртының білімді адамының сөзі:

Бейтаныс адамның сөзі:

Антонның сөзі:

3. Қорытынды: РАФТ Кейіпкерге хат.

VIII. Сабақты қорыту:

1. Бағалау.

2. Үй тапсырмасын беру.

1.«Байлықтың көзі-еңбекте» тақырыбында шағын шығарма жазу.

М.ӘУЕЗОВ. «КӨКСЕРЕК» ӘНГІМЕСІНІҢ ТАҚЫРЫБЫ МЕН ЖАЗУШЫНЫҢ ОЙ-ТҮЙІНІ

Жалпы мақсат	Білімділігі: әңгіменің мазмұны бойынша талдау жасау. Шығармаға сын тұрғысынан ойлап, талқылауға үйрету. дамытушылығы: Жазушының аң мен адам арасындағы тартысын суреттеуі арқылы тіршілік үшін күрестің өте күрделі де қиын әрекет екенін дәлелдеу. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін, өз бетінше ой қорытып тұжырым жасай білу белсенділігін арттыру. тәрбиелігі: Табиғатты қорғай білуге, қасқырға деген көзқарасты қайта қарау; адамгершілікке, ұжымшылдыққа тәрбиелеу;
Міндеттері:	1. Әңгіме мазмұны арқылы кейіпкерлер іс-әрекетіне, автор көзқарасына бойлау; 2. Оқушылардың тақырыпқа қызғушылығын ояту, ой-толғауға іскерлік дағдысын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту. 3. Табиғатты қорғауға, аялап, баптап күтуге, адамгершілікке тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелері	Оқушылар топтық жұмыс жасау барысында өз ойларын еркін жеткізуге, бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік алады.
Негізгі идеялар:	Әңгімеде қол жеткізілген дәлелдерге негізделген ой қорытындысы. Заман талабына сай өз білімін өмірде қолдана біледі. Диалогтік қарым-қатынасқа түсу арқылы күмәнді жауаптарын түзете алады.
Сілтеме:	1. «Қазақ әдебиеті» оқулығы. 7-сынып. Р.Құтқожина, Қ.Бітібаева, Е.Арын. 2. М.Әуезовтің шығармалары 3. Интернет материалдары, Power point таныстырылымы.
Оқыту әдістері:	Жаңа әдістері: АКТ, СТО. Оқыту үшін бағалау. Жұмыс түрі: 1. Диалог. 2. Жеке жұмыс. 3. Жұптық жұмыс. 4. Топтық жұмыс
Сабакта қолданылатын материалдар:	Интерактивті тақта, бейне-кеспелер, А4 парағы, флипчарт, стикерлер, үлестірме материалдар, М.Әуезов туралы слайд.
Тапсырмалар:	Мәтінмен жұмыс. Тақырып бойынша постерді қорғау, ойталқы.

І. Ұйымдастыру кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
Психологиялық ахуал қалыптастыру	<p>Квадрат. Сенде төзімділік, шыдамдылық, еңбекқорлық дамыған. Өз айнала адамдарды жинап ұйымдастыру, реттеу және жүйелеу қабілетін баршылық. Сенен үздік администратор шығады.</p> <p>Шеңбер. Сенде адамгершілік жоғары дамыған. Сен өз әріптесіңді тыңдай аласың және оның қайғысы мен қуанышын бірге бөліссен, басқаның ауыртпалығына жәрдемдесу қабілетің жоғары қалыптасқан.</p> <p>Үшбұрыш. Саған басқарушылық қасиет тән. Өз көздеген мақсатына қол жеткізуге барлық мүмкіншілігіңді жасайсың. Өзіңе сенімдісің және жеңіске, жетістіктерге, ұтыстарға оңай қол жеткізесің. Айтқаныңнан шықпайсың, абыройлысың. Сен қоғамда, өмірде жоғары жетістіктерге қол жеткізесің, жұмысыңда жоғары дәрежеге көтерілуге бейімділігің бар.</p>	<p>Күнделікті өз қатарларының орналасу деңгейіне қарай 3 топта отырады. Әр топ басшыларын сайлап алып, топ ережесін еске түсіреді. Топ басшыларына бағалау парағы таратылады.</p>
Қызығушылықты ояту	<p>«Проблемалық сұрақтар» бекеті.</p> <p>Бүгінгі қорытындылаушы сабақта шығармада көтерілген өзекті мәселелер.</p> <p>1. Әңгіме тек Көксерек айналасында ғана ма? 2. Әңгіме арқылы басты ойды ашатын ең негізгі оқиғалар қайсысы? 3. Ауыл адамдарының іс-әрекетін ақтауға бола ма? 4. Жалпы табиғатқа шабуыл жасау, оның тылсым тыныштығын бұзу мәселесіне қалай қарайсындар? 5. Құрмаштың қайғылы тағдырының себебі неде? 6. Кінәлілер кімдер? Кім қатал, кім өктем? Көксерек пе, әлде ауыл адамдары ма?</p>	<p>Оқушылар белгіленген уақытта «Дөңгелек үстел» стратегиясы бойынша үй тапсырмасына жедел жауап береді.</p>

Мағынаны тану Билу	«Өз ойыңды тізбекте» Конверттердің біреуін таңдап,ашындар,қағаз бетіне өз ойларыңды тізбектендер. 1. Қасқырды қолға үйретуге болады ма? 2. Оқиғаны сендер қалай аяқтар едіңдер? 3. Құрмаш өліміне кім кінәлі?	Әңгіменің өзіндік ерекшелігін айта отырып, өз ойларың ортаға салып, кейіпкерлердің бейнесін ашуға қадам жасайды.
Түсіну	«Ойлан, тап» бекеті. Мақалмен қорыту. (3 минут) Үш топ өзара қасқыр туралы мақал айтысып жарысады. 1. Иттің иесі болса, бөрінің тәнірісі бар. 2. Ауыл иті ала болса да, бөрі келгенде бірігеді. 3. Қасқырды қанша асырасаң да орманға қарап ұлиды. 4. Қасқырды сұрлығы үшін емес,ұрлығы үшін ұрамыз.	Әңгіменің желісін талдауға байланысты түрлі сұрақтарға жауап береді.
Қолдану	«Айтын сандық» бекеті. Бұл бекетте «Қасқыр,Аққасқа,Көксерек» сөздерін таңдаулары бойынша суырып, мағыналы сөздер құрау. Кім көп сөздер айтады. Сол топ бекеттен алға қарай суырылып шыға келеді.	Теориялық білімдерін практикалық тапсырмаларды орындау барысында пайдаланады. Берілген тапсырмалар арқылы кейіпкерлердің бейнесін ашады. Топ мүшелерімен ойласа отырып, кестені толтырады.
Талдау	«Айтуға оңай» бағдарламасы 1. Табиғат. Құрмаштың бөлтірік асыруы дұрыс па?Көксеректің Құрмашты өлтіруін қалай бағалайсыңдар? Жазушының идеясы не деп ойлайсыңдар? Талдау. «Кім кінәлі» 1. Көксерек Құрмаштан гөрі ақ қасқырмен неге тез бауырласты? 2. Қасқырлармен адамдар іс- әрекетінде ұқсастық бар ма?Қайсысы қаталырақ? Құрмаштың өліміне кім кінәлі?Қасқырларды қолға үйретуге бола ма?	Білімдерін шығармашылық жұмыста қолданады.
Жинақтау	Жинақтау кестесі. Сұрақ-рефлексия 1. «Шығарманы оқығанда мені қызықтырған...» 2. «Мен үшін шығарманың аянышты жері...» 3. Қасқырлар апанын адамдардың талқандауы,бөлтіріктерді аяусыз өлтіруіне сенің көзқарасың? 4. Өзін сонша бағып, мәпелеген Құрмашты танымай, Көксеректің жауыздық істеуі дұрыс па? 5. М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі сізге ұнады ма? 6. Егер сіз автор болсаңыз шығарманы қалай аяқтар едіңіз? 7. Шығарманы оқығанда алған әсерің ...	
Бағалау кезеңі	Бағалау парақшаларындағы тапсырмаларды топтардың қалай орындағанымен таныстырады.	Оқушылар өз ойын ортаға салады. Бағалау парақшаларын топ басшылары талдап, айтады.

Қ.ҚАЗИЕВ. "МЕНИҢ ШЕШЕМ"

Мақсаты: білімділік-өмірден ерте кеткен таланты жазушы Қ.Қазиевтің "Менің шешем" әңгімесін оқыта отырып, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы елдегі жағдай туралы білімін толықтыру; дамытушылық-жазушы әңгімесі арқылы соғыс жылдары елде жаздың аптабында, қыстың аязында колхоз жұмысында еңбек еткен аналар туралы ой толғап, олардың еңбектерінің майдангерлер ерлігімен сабақтас екендігіне көздерін жеткізу; тәрбиелік-Ана қадірін жете білуге сөз құдіреті арқылы әсер етіп, оқушыларды шығармашылық жұмысқа төселдіру, өзіндік пікірін айтуға, жазуға бағыттау.

Әдіс-тәсілдері: дөңгелек үстел. Сұрақ-жауап. Топтастыру.

Көрнекілігі: сызбалар, тірек белгі беттері, интербелсенді тақта.

Пәнаралық байланыс: тарих (1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы).

Сабактың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Жаңа сабақ:

1. "Поэзия минутынан" бастаймын. "Ана" тақырыбында жазылған жырлардан үзінді оқыту (оқушылар өздері білетін ана жайлы өлеңдерін оқиды)

Мысалы:

Соғыс берді аналарға жесірлік,

Дей алмаймын "Санамыздан өшірдік".

Боздақтардың қаны судай төгілген

2-оқушы:

*41-де көрмеді жұрт не сұмдық!
Жүрегінде соғыс салған үрей шын
Қайран ана тыныштықты тілейсің.
"Мен көргенді көрмеңдерші сендер"деп
Әлденеге ойланасың, жүдейсің.*

(Міне, өздерің оқыған өлең жолдарынан-ақ соғыстың азабы оңай болмағанын көргендейміз. Енді аналардың қайсарлығына әңгіме желісі арқылы куә болайық)

Олай болса, әңгіме желісін жоспар бойынша баяндап көрейік

1. Әңгімеге арқау болған оқиға-Ұлы Отан соғысы жылдарындағы елдегі жағдай.

2. Соғысқа кеткен ер азамат тағдыры: "Бір қуаныш-фашистерге соққы, бір қайғы-қаралы қағаз".

3. Соғыс ауырпалығы-еңкейген кәрілер мен бұғанасы қатпаған балалар, әйел-аналардың мойнында.

4. Сабырлы ананың жүрегіндегі үлкен махаббат пен үндемес уайым.

5. Колхоз өміріне кірген бақ пен дәулеттің, ырыс пен берекенің көзі- тылдағы еңбек майданының ерлері.

Оқулықпен жұмыс:

Жазушының тіліне, сөз қолданысына назар аударту.

1. Жұмысқа асығып бара жатқан ана бейнесі.


2. Нан жегісі келген, қарны аш баланың жан ашуы.

3. Ана үміті "Немістер жеңіліп келе жатыр"...

4. Еңбек-қайғыны ұмытыратын құрал.

"Топтастыру" стратегиясы.

"Майдан", "Тыл" сөздерін топтастыр.



Анаға деген бала махаббатының нәтижесі болған әңгіме (соңғы екі абзацты талдату, түйінін жазу)

1- топ: Шешем күткен үміт сәулесі

2-топ: Шешемнің көңіліндегі еңбек жыры

Кестемен жұмыс: (кесте белсенді тактада көрсетіледі)

Кімнің шығармасымен таныстың?	Басты шығармалары	Немі оқыдым?	Берген тәрбиесі	Көзқарасым

Оқушылар өз беттерімен толтырып, айтады.

"Еркін жазу" стратегиясы бойынша ой-толғаныс.

Тақырыптары: "Менің шешем", "Олар тылда еңбек еткен", "Ана мен бала"

Оқушылардың тіл шеберлігі мен сөз қолданысына, ойларын жүйелі жеткізе білу қабілеттеріне назар аудару.

Үйге тапсырма:

1. Соңғы екі абзацты жаттау.

2. Шығарма желісі бойынша сурет салу, өлең жазу.

Ш.МАЛЬШУБАЕВА,
Қалижан Бекқожин атындағы
№12 жалпы орта білім беру мектебі.
Павлодар қаласы

НӘСІРЕДДИН СЕРӘЛИЕВ. **«АҢСАУ»**

Мақсаты: білімділік-жазушы өмірі және әңгімесін қорытындылау, оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беру арқылы алған білім дағдыларын бағалау; дамытушылық-оқушыларды еркін сөйлеуге, ашық пікір айта білуге бағыттау, тіл байлығын жетілдіру, шығармашылық жұмыстар арқылы таным-түсініктерін дамыту; танымдық: оқушылардың оқуға деген саналы көзқарасын арттыру, оқушылар бойында адамгершілік құндылықтарды жетілдіру.

Көрнекілік: тірек-сызбалар.

Сабақтың әдісі: дамыта оқыту технологиясы, жобалау технологиясы. (Қ.Бітібаева) түртіп алу технологиясы, топтық жұмыс.

Сабақтың түрі: білімді жүйелеу, жинақтау.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) амандасу; ә) кезекші есебі; б) мақсат;

II. Психологиялық дайындық Әр халықтың амандасуын түсіндіру, көрсету, қайталау.

Қазақстанда – қол алысады; Никарагуада – иықпен;
Италияда – құшақтасады; Австралияда – шапалақ ұрып секіреді;

Зимбабада – арқасымен; Финдар – білекпен;
Македонияда – шынтақпен; Жапондар – екі қолын қосып иіледі.

Сабақтың ұраны: «Еңбек етсең ерінбей, бес аласың күлімдей»
Топқа бөлу. Орындық артында жабысқан стикер түстеріне қарай топқа бөлінеді.

I топ. Дарындылар **II топ.** Елтілер **III топ.** Ақылдылар

IV. 1. Басты кейіпкерге хат.

2. Ұлттық тағамдар тақырыбына шығарма.

3. «Ана тілім – қазақ тілі» өлең шығару.

Шығармашылық саты

III. 1. Концептуалдық кесте

2. Семантикалық карта

3. Түсініктеме күнделігі

Эвристикалық саты

II. 1. Кейіпкерлерді топтастыру

2. Әңгіменің композициялық құрылымы

3. Әңгімеде кездесетін салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар.

Алгоритмдік саты

I. 1. Нәсіреддин Серәлиев өмірі, шығармашылығы

2. Аңсау әңгімесі туралы жоспар құру.

3. Әңгіме тақырыбына байланысты мақал-мәтелдер жазу.

Оқушы деңгейі

I. Оқушы деңгейі

Постермен жұмыс.

I топ. Дарындылар. Нәсіреддин Серәлиев өмірі, шығармашылығы.


II топ. Елтілер. Аңсау әңгімесі туралы жоспар құру.

III топ. Ақылдылар. Әңгіме тақырыбына байланысты мақал-мәтелдер жазу.


II. Алгоритмдік саты



I топ. Дарындылар. Кейіпкерлерді топтастыру

Ұнамды кейіпкерлер



Ұнамсыз кейіпкерлер





II топ. Ептілер. Өңгіменің композициялық құрылымы.

1. Оқиғаның басталуы:
2. Оқиғаның дамуы:
3. Оқиғаның байланысы:
4. Оқиғаның шиеленісуі:
5. Оқиғаның шарықтау шегі:
6. Оқиғаның шешімі:
7. Қорытынды:

III топ. Ақылдылар. Өңгіме тақырыбына байланысты мақал-мәтелдер жазу.

III. Сергіту сәті. «Кім көп есте сақтады?» Проекторда суреттер 4 секунд көрсетіледі. Оқушылар қаншалықты есте сақтаған суреттердің атауын дәптерге жазады.

III. Эвристикалық сағы

I топ. Дарындылар. Концептуалдық кесте

р/с	Кейіпкерлер	Өмірге қызығушылығы	Адамгершілік қасиеті	Кейіпкерлерге берілетін баға
1	Қария			
2	Ермек			
3	Ермектің анасы			
4	Қарияның баласы			

II топ. Ептілер. Семантикалық карта

р/с	Шығармадан үзінді	Қалымбет	Ермек	Ермектің анасы	Балалар
1	Ермек, ты куда?				

2	Кемпірім шөлдесен талмарсың деп бес-алты түйір күрт салып еді, содан басқа ештеңе...				
3	Атамыз бар еді сізге ұқсаған. Дүние салғанына жылға таяп қалды...				
4	Ата тығыл, тығыл, оқ тиеді....				

III топ. Ақылдылар. Түсініктеме күнделігі.

Мәтін ішінде кездесетін сөздердің мағынасын ашу.

- А) зәңкиген;
- Ә) қапырық;
- Б) саяжол;
- В) жаялық;
- Г) алагүлік;
- Ғ) азанда;
- Д) кремпілен;
- Е) қиямет.

IV. Шығармашылық сағы.

I топ. Дарындылар. Басты кейіпкерге хат жазу.

II топ. Ептілер. Ұлттық тағамдар тақырыбына шығарма.

III топ. Ақылдылар. «Ана тілім – қазақ тілі» өлең шығару.

IV. Кері байланыс.

Білетінім	Мен үшін жаңалық, таң қалдырды	Тереңірек білгім келеді

V. Үйге тапсырма:

1. Осы мәтін бойынша сурет салу.
2. Сөзжұмбақ құрау.
3. 15 тест сұрағын құрастыру.

VI. Өзін-өзі бағалау. Әр оқушы өзіне баға қойып, бағалау шәкіліне (нысанасына) жапсырады.

Г.ҚОЙШЫҒАЛИЕВА,
Жанашаруа қазақ орта мектебі.

Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы,
Қоныстану селосы

ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ. **«АНАНЫҢ АНАСЫ»**

(7-сынып)

Мақсаты: оқушылар автор туралы мәлімет алады, әңгіменің мазмұнымен толық танысады, жазушының анаға деген сүйіспеншілігін оқушы сезімімен ұштастыра отырып, әдеби тіл нормасын меңгерген, шығармадан алған әсерлерін бүгінгі өмірмен салыстыра алатын, логикалық ойлау қабілеті қалыптасқан, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру. Оқушылар ананы құрметтей білуге, мейірімділікке, сыйластыққа дағдыланады.

Стратегиялар: «Ой қозғау», «Топтастыру», «Джиксо», «Семантикалық карта», «Бес минуттық эссе».

Көрнекіліктер мен құрал-жабдықтар: Ғ.Мүсіреповтің еңбектері, интерактивті тақта, маркер, плакат, т.б.

Сабақтың барысы.

I. Қызығушылықты ояту. «Ой қозғау» стратегиясы.


Ғ.Мүсіреповтің шығармашылығына байланысты «зымыран сұрақ» жүргізу:

1. Ғабит Мүсірепов туралы кім не біледі?
2. Бізге белгілі қандай шығармалары бар?
3. Қандай ақын-жазушылармен шығармашылық байланыста болған?
4. Шығармаларының негізгі тақырыбы не?


Иә, өмірде ана атану, перзент сүю, артына ұрпақ қалдыру қашаннан да адамзат баласына тән ең асыл қасиет, үлкен арман емес пе? Жер бетіндегі тіршіліктің өзегін келешекке жалғаған, өсер ұрпағына құндақтағы шағынан ізгіліктің дәнін еккен – аналар.

Ендеше, оқушылар, ана тақырыбын біз бүгін әрі қарай жалғастырамыз. «Ана кім?» деген сауалға топ болып жауап беріп көрейікші. («Топтастыру» стратегиясы. Әр топ өздері құрған стратегияларына түсінік береді)


1-топ. Ана кім? (қызметіне қарай)



2-топ. Ана кімнің кімі? (туыстық қатынасына қарай)



3-топ. Ана қандай? (қасиетіне қарай)



II. Мағынаны тану.

«Джиксо» стратегиясы (алдымен ұжым 5 адамнан тұратын 3 топтарға бөлінді. Бұл “жанұя” топтар деп аталады. Содан кейін 1, 2, 3-ке санау арқылы 1-лер бөлек, 2, 3 өз алдына “жұмыс” тобын құрайды. Оқуға ұсынылғын материалдың тақырыбы – «Ананың анасы». Тақырып талқыланған соң осы мәтінді түсіну қажет екендігі ескертіледі. Әңгімеге сатылай кешенді талдау жасай отырып, әр топ қорғайды. Жұмысты бастамас бұрын оқушыларға “жұмыс тобында” мәтіннің тиісті бөлігін жақсы меңгеру қажеттілігі, өйткені сол бөлікті “жанұя топ” оқушыларына түсіндіруге жауапты екендігі, мәтінді тұтас түсіну әр оқушының ыждағаттылығына байланысты екендігі түсіндірілді).

1-топ. Тұрақты тіркестер мен афоризмдерді табыңыз, түсінік беріңіз. Тұрақты тіркес деген не?


Соның суық ызғары табынымнан, қара таңбасы маңдайымнан әлі кеткен жоқ.

Көңілімізде көлеңке де қалған жоқ.

Қанаттыға қақтырмаймын, тұмсықтыға шоқтырмаймын.

Көзімнің оқырасын алып, шымылдығын аштың (т.б.)

2-топ. Әңгіме кейіпкерлерін топтастыру.



Басты кейіпкерлер мен эпизодтық кейіпкерлерді атаңыз.

3-топ. Мәтіннен қазақтың байырғы мезгіл атаулары мен қашықтық атауларын табыңыз.

(шаңқай түс, қоңыр іңір, Үркер жамбасқа келу, Шолпан маңдайға таяну, күн найза бойы көтерілген кез, жарты көш жер, қозы көш жер)

III. Ой-толғаныс. Екі жақты түсініктеме күнделігі.

Мәтінде қатты әсер еткен үзінділер жазылады	Сол әсер еткен үзінділерге өз ойларын жазады
---	--

«5 минуттық эссе» стратегиясы.

Тақырыбы: «Жұмақ – ананың табанының астында...»


1. Оқушы жеке жазады.

2. Жұппен жұмыс.

3. Топпен жұмыс.

4. Спикер ең жақсы эссені оқып, қорғайды.

- Балалар, әңгімеден ана бейнесін, мінезін ашатын сөздерді ойлана отырып, сұрыптап жазып қойындар.



IV. Қорытынды. Әр топқа бір-бір тірек сөз берем де, оқушылар сол сөзбен анаға байланысты етіп мақал-мәтел, қанатты сөз немесе өлең құрастырып айтып, сабақты қорытындылайды.

Г.МҰХАМБЕТЖАНОВА,
Оян орта мектебі,
Батыс Қазақстан облысы,
Таскала ауданы

МЕККЕ

БАЛА

АЛТЫН

Мұғалім: -Балалар, қай заманда да ана бейнеті ауыр. Түн ұйқысын төрт бөліп, асырап-бағып жеткізген ата-анасын жалғыз қалдыру не болмаса қарттар үйіне өткізу деген қазақ тарихында болмаған. Өмірде кездесіп жататын осындай келеңсіз жағдайлардан аулақ болыңыз, аналарыңның өлшеусіз еңбегін бағалап, мәңгілік қамқор болып өтіңдер.

«Құрметтейік, көтерейік те әйелді! Ана әйелді құрметтейік! Оның сүюі таусыла ма, бүкіл дүние соның емшегін еміп, ер жеткен емес пе? Адамда не қасиет болса, бәрі күннің көзі мен ананың сүтінен алынған қасиет. Ананың құрметі әлі жеткен жоқ!»- деген жазушының өз сөзімен сабақты аяқтаймын.

V. Үйге тапсырма. Ғабит Мүсіреповтің ана тақырыбындағы басқа да әңгімелерін оқып, олардың ортақ идеясын табу, осы әңгімемен салыстыру.

VI. Білімдерін бағалау.

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ. «МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА»

Мақсаты: повесть бойынша оқушылардың ойын тиянақтау. Қожа бейнесіне талдау жасап, өз көзқарасын жүйелі талдауға үйрету. Оқушының қабылдауы мен ойлау аралығын зерттей отырып ой қорытқызу, жаңа ұғымды өзі іздеп табуға бағыттау. Оқушының ой-өрісі мен дүниетанымын дамыту. Қарсылыққа құрметпен қарап, сыпайылыққа, ұстамдылыққа тәрбиелеу. Иmandылық қасиеттерді сіңіру.

Сабақтың түрі: жинақтау сабағы.

Әдіс-тәсілдері: әңгімелесу, баяндау, пікірталас, сын тұрғысынан ойлау.

Сабақтың өту барысы:

I. Ұйымдастыру жұмыстары.

а) оқушылармен амандасу;

ә) оқушыларды түгелдеу;


б) сабаққа дайындықтарын бақылау;

в) оқушыларды сабақ мақсатымен таныстыру.

- Біз балалар жазушысы Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесін оқып шықтық. Автордың бұл хикаясы тіл қарапайымдылығымен ерекшеленеді. Өздерің ойлап қараңдаршы, біз бұл повесті қанша рет оқысақ та, теледидардан көрсек те мүлдем жалықпаймыз. Барлық оқиға желісі Қожа атынан баяндалады.

I. Топтастыру стратегиясы.

– Б.Соқпақбаев кім? Оның қандай шығармалары бар?



II. Үй тапсырмасы. «Менің атым...» деген тақырыпқа ой толғау.

– Сендерге қандай есімдер ұнайды?

– Повесть қалай басталып еді? Қожа өз атына риза ма? Сіздер өз аттарыңа ризасыздар ма?

– Оқушылардың жауабын тыңдау.

– Балаға ат қою дәстүрі туралы.

Бала туған соң ел ішіндегі аузы дуалы қарияға немесе баланың атасына, әжесіне немересінің атын қойғызады. Кейде, «Қырықтың бірі-Қыдыр» деп құдайы қонаққа да баланың атын қойғызатын сәттер болады. Балаға көз тиюден немесе жын-шайтаннан сақтасын деген оймен Итбай, Күшікбай, Жаманбай деген есімдер де қойылған.

1. Дәулетті болсын деп: Дәулет, Байбол.

2. Күшті де батыл болсын деп: Арыстан, Батырбек, Алпамыс.

3. Сұлу да көрікті болсын деп: Айсұлу, Нұрсұлу, Күнсұлу, Әсем.

Қазіргі кезде шетелдермен қарым-қатынас жасау сол елдердің атақты ұл-қыздарының есімі тілімізге еніп кеткен: Арсен, Зухра, Индира, Зоя, Света, Люция, т.б.

– Бірақ амал нешік, сен қызылшақа болып, жөргекте жатқанда, сондағы ақымақтығыңды пайдаланып, әке-

шешен немесе шілдеханаға келіп, дуылдап отырған басқа біреу солай атап жіберген. Үзінді қайдан алынған? (1-тарау)

– Қандай дәстүр туралы айтылған? Біздің халқымыз ырымшыл, той-думаншыл халық. Шілдехана–жаңа туған нәрестенің құрметіне дастарқан жайылып, жастар домбыра тартып, ән салып көңіл көтеретін той.

– Қазір бұл дәстүр сақталған ба?

– Шілдеханаға келгендер маған пәлендей әйдік ат бермеген,- дейді кейіпкер. Ол кім? (Қожаберген)

III. «Экипаж». Повесть мазмұнын сұрақ-жауап түрінде пысықтау.

Сызба орналасқан әрбір ұяшықта «Менің атым Қожа» повесі желісі бойынша сұрақтар жасырынған. Әр оқушы ұяшықты таңдау арқылы өзіне тиісті сұраққа жауап беріп, қажетті ұпайды жинайды.

Сайлау - мұғалім өзі бір оқушыны сайлап, соған сұрақ қояды.

Сенім - мұғалім оқушыларға сұрақ қояды да, жауабын сенім артып сұрамайды.

Делегат - өз араларынан бір оқушыны делегат етіп сайлап, сол оқушы жауап береді.

Барлығы - оқушылардың барлығы бірге жауап береді.

Сайлау. Повесть қалай басталған еді?

Сенім. Қожа өз әкесіне деген сағынышын қалай білдіретін еді?

Делегат. Мектеп жанында кездескен сыныптасы Жантас Қожаға не деп еді, одан кейін Қожаның әрекеті қандай болды?

Барлығы. Қолтығымда добым бар. Бүгін оларды қалайда жеңуіміз керек. Қай топ ұтылған еді? («Спартак»-5, «Қайрат»-7)

Сайлау. - Майқанова мен Қожаның арасындағы

кикілжің неден басталған болатын?

Сенім. - Орыс тілі пәнінің мұғалімі Анфиса Михайловнаның сабағында Жантас не үшін сөгіс алды және бұл жайға Қожаның көзқарасы қандай?

Делегат. - Тәртіпсіздігінен кейін анасы Қожаға өз ренішін қалай білдірді?

Барлығы. - Қай оқиғадан кейін сынып жетекшісі Майқанова сабаққа екі күн қатарынан келмей қалды?

IV. Дебат. «Қожа қандай бала?»

Жақтаушы топ	Дағтаушы топ
Қожа–жақсы бала	Қожа– тентек бала
1. Қожа-повестің басты кейіпкері. Жақсы-үлгілі, ақылды, саналы, оқушы, ұл бала.	2. Қожа-жалақор. Кезінде Майқановаға жөнін айтпады. Осыдан кейін «Майқанова маған қаһарын төгіп тұратын болды» деп орынсыз кінә артып, Майқановаға босқа жала жабады. Екеуі алғашқы кездескеннен-ақ бір-бірімен тіл табыса алмады емес пе?
3. Қожа–алғыр бала. Мәтіннің басында өзін алғырлықпен таныстырады. Қожа бойында әр нәрсені білсем деген ынта бар.	4. Қожа-өтірікші бала. Өзінің жасаған сотқарлығы үшін ол бір емес, бірнеше рет уәде берді. «Мен оқулық емес, қант аламын» деп өтірік айтып, әдепсіздік жасады.
5. Біз Қожаның бұл әрекетін жақтау үшін дәлелге сүйенеміз. Лық толы дүкенге айламен кірмесе, оқулық жетпейтін түрі бар. Көрінгеннің оқулығына мінгесіп жүргенше ол «Оқулығы сай бала-көңілі жай бала» былай деп мақалдайды. Қожа- әділетті бала. Жантасқа жолдама беріліп, өзі жолдамасыз қалған сәтте ол әділдікті талап етті.	6. Қожа – шыдамсыз бала. Ол лагерьге жолдама сұрап Майқановаға ренжиді. Майқанова оған келесі кезекте барасың демеп пе еді? Неге ол шыдамайды?
7. Қожа – ақылды бала. Үйге берілген тапсырмаға дайындықсыз келген Қожа орыс әдебиеті пәнінің мұғалімінен қатты қысылады.Өзі жақсы көретін мұғалімді ренжіткісі келмейді. Ол- ұяты бар, ақылды бала.	8. Қожа-тиянақсыз бала. Себебі өзі бастаған іске жауапкершіліксіз қарайды.

9. Қожа–мейірімді бала. Ол Майқанованың сөмкесіне салу үшін бақаны әдейілеп әкелген жоқ. Оспановтың тапсырмасымен алып келді. Оның бойында істеген қылығының бұрыстығын мойындап, өзі әлекке салған адамдарға деген мейірімділік сезім бар.	10. Қожа–бұзық бала. Майқанованың сөмкесіне бақаны салып жіберуінен оның бұзықтығын көреміз. Майқанованың сөмкесіне бақаны әдейі салды. Бақадан қорықпайтын адам болушы ма еді?!
Қожа-жақсы бала. Жақсы бала- жеткізеді мұратқа.	Қожа – жаман бала.Жаман бала- қалдырады ұятқа
Жақсы десе, жан сүйінеді.	Тентек бүлдіреді. Ата-анасын күйретеді.
Ақыл жастан шығады, асыл тастан шығады.	Ақымақ бастан ақыл шықпас.

- Иә, балалар, екі топтың да пікірін тыңдай келіп, Майқанованың сөзімен айтқанда Қожа қандай бала? «Қожа-түбі адам болатын бала» деген тұжырымға тоқталайық.

V. «Теріп алу» стратегиясы. Берілген мінездемеден Қожа мен Жантасқа қажетті мінездерді топтастыру.

Алғыр, пысық, өтірікші, ақылды, сотқар, тентек, мейірімді, қу, зымиян, шыдамсыз, тиянақсыз, әділетті,ақын, әзілқой, арамза, тапқыр, қателіктерін түсіне біледі, жағымпаз.

Қожа	Жантас

VI. Семантикалық карта. «Мынау кім?»

Кімнің сөзі?	Қай кейіпкер?	Әжесі	Қожа	Оспанов	Ахметов	Алғасы	Сайбек қарт	Майқанова
	– Мен оқулық емес, қант аламын. Сіздің не шаруаңыз бар, қоя беріңіз.							
	– Біз екеуміз таныс шығармыз деймін.							
	– Қадыров, сені біз мұнда не үшін шақырып отырмыз, білесің бе?							

– Сен жақсы жүрсен мен ешқайда кетпеймін...									
– Мен сенің әкеңе қарыздыгер адаммын. Менің мойнымда оның тиыны емес, теңге емес, бақандай бір қарасы жүр.									
– Келесі сабаққа қайсың бақа ұстап әкелесіңдер?									
– Қожа, Қожатай, әкем-ау, сен бүгін сабағына бармаушы ма едің?									

Ел тегіс адасты деп адаса алмай,
Ел тегіс жарасты деп жараса алмай,
«Бақ үшін» таққа биік таласа алмай,
Өмірден қарапайым өткен адам-
Бір шыққан биігінен аласармай!

Бүгінде А.Қарсақбаевтың «Менің атым Қожа» фильмі бүкіл дүниежүзін шарлап кетті. Оны Америкада, Ұлыбританияда, Жапонияда, Африкада да, тіпті қайда да «өзіміздің Қожа» деп қабылдайды. Өйткені, қай елдің де ақылды, тентек Қожасы, балдырған балалық сезім махаббаты-Жанары, өмірге өркөкірек Жантасы, қыңыр да болса қылығы қызық Сұлтаны бары ақиқат.

“Менің атым Қожа” хикаятындағы Қожа, “Өлгендер қайтып келмейді” романындағы Еркін, “Балалық шаққа саяхаттағы” Беркен – автордың өзі.

Бәшен Баймұратқызы пікірі: “Менің атым Қожа” фильмінің кейіпкері Жанарды өзінің 5 жасында қайтыс болған қызының құрметіне атаған.

Б.Соқпақбаевтың Қожасы Гагарин әлі ғарышқа ұшпай тұрған кезде ғарышкер болғысы келген кейіпкер. Ол жазушының болжамы еді...

Самал Бердібекқызы пікірі: “Менің атым Қожа” - 16 тілге аударылған тарихи дүние. Мен әкемнің бұл туындысын қазақшадан орысшаға тәржімеледім.

Әкеміздің біраз әңгімесінің кейіпкері – менмін. “Құлып”, “Сандал” әңгімелерін жазуға менің кейбір

қылықтарым түрткі болған...

VII. Фильмнен түсірілген суреттерге ат қой. «Қай сәт бейнеленген?»

1-слайд. «Қожа-сотқар бала».

2-слайд. *-Қайда кимелеп барасың? Кезекке тұр,-* дейді көк көзді келіншек.

3-слайд. Жанар мен Жантасты бір партада қатар көру -Қожа үшін өте ауыр жай...

4-слайд. Сұлтанмен өткен қызықты күндер-ай!

5-слайд. Сұлтанмен бірге балық аулау да бір мәртебе...

6-слайд. Құпия жиын, Қожаның монологы.

VIII. Сөзжұмбақ. Әдебиет теориясы. Повесть туралы түсінік. Жаңа ұғым–жаңа ой. Сөзжұмбақ шешу.

1. «Менің атым Қожаның» авторы.

2. Зоология пәнінің мұғалімі.

3. Сынып жетекшісі.

4. Қожа жаттамай келетін өлең.

5. Қожаның жылпос досы.

6. Қожаның анасы.

7. Жанардың жаттаудан алған бағасының орысшасы.

– Иә, балалар, ортадағы ерекше торкөзден біз повесть деген ерекше сөзді оқыдық.

Көлемі жағынан әңгімеден ұзақтау, оқиғалары жинақы, оқиға негізінен бір арнада өрістейтін, кейіпкерлер саны да көп емес шығармалар бар.

Баяндау түрінде қара сөзбен жазылған оқиғалы көркем шығарманы повесть дейміз.

IX. Тренинг. «Мен қандаймын?»

Жақсы мінездерім	Жағымсыз мінездерім

Жағымсыз мінездеріңді жою үшін өзіңе жиналыс

жасап, Қожа сияқты сен қандай шешім шығарар едің?

Х. Бекіту. Тест жұмысы.

1. Шығарманың тақырыбы не?

- А) Соғыстан бүлінген елді қалпына келтіру.
- Ә) Ауылдағы ауыр еңбек тақырыбы.
- Б) Соғыстан кейінгі кеңес оқушыларының өмірі.

2. Қожаның арманындағы өз бейнесі?

- А) Қожа–үлкен ғалым.
- Ә) Қожа–мектеп директоры.
- Б) Қожа–Кеңес Одағының батыры.

3. Қожаның сыныптасы кім?

- А) Дәулет;
- Ә) Сұлтан;
- Б) Жантас.

4. Сынып жиналысында Қожаны мектептен шығару туралы ұсыныс айтқан кім?

- А) Темір;
- Ә) Жанар;
- С) Жантас.

5. Дойбы ойыны қалай аяқталды?

- А) Тең аяқталды;
- Ә) Жанардың жеңісімен;
- Б) Қожаның жеңісімен.

6. Қожа ұрлығы ашылып, қай жерде масқара болды?

- А) Сыныпта;
- Ә) Лагерьеде;
- Б) Тойда.

7. Хикаятта неше тарау бар?

- А) 15;
- Ә) 27;

Б) 20.

8. – Қадыров түбі адам болатын бала,- дейді Майқанова. Ахметов не деп қосты?

- А) Адам болмайды;
- Ә) Сене алмаймын;
- Б) Оты бар.

9. Мен үшін сенің адам болғаныңнан артық ешқандай да бақыт жоқ. Кімнің сөзі?

- А) Майқанова;
- Ә) Анасы;
- Б) Ахметов.

10. Қожа мен Сұлтан иесі жоқ үйге кіріп, тиын-тебен беріп, қымызын ішіп кімді алдап кетті?

- А) Жанар;
- Ә) Жантас;
- Б) Дәулет.

XI. Оқушыларды бағалау. Өзін-өзі бағалау кестесі бойынша. (Бағалау парағы әр балаға сабақ басында таратылып берілген болатын)

Қорытындылау.

- Қай кезде де «Менің атым Қожа» фильмін көргенде, «Менің атым Қожа» хикаятын оқығанда балалық бал дәурен шақтың қызықтарына сүңгіп кетесің. Балалар, қорыта келгенде шығарма қалай аяқталып еді?

– *Лаула! Лаула, жігер оты!*

– *Самға, қиял құсы! Асығатыным да, аңсайтыным да ертеңгі болашағым.* Ендеше бүгінгі сабағымызды «Балалақ шаққа саяхат» жасап, слайд көре отырып, «Бал балалық» әнімен қорытындылайық.

XII. Үйге тапсырма. «Балалық шаққа саяхат» тақырыбына шағын әңгіме жазу.

Р.ГИЗЗАТОВА,
Г.САБЫРҒАЛИЕВА,
Е.Ниетқалиев атындағы ЖББОМ.
Батыс Қазақстан облысы,
Жәнібек ауданы,
Қамысты ауылы

ОҚЫТУДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ

Коучинг мақсаты:	Оқытудағы көшбасшылықтың маңыздылығын анықтау, көшбасшылықтың түрлерімен танысу, мұғалімдердің көшбасшылық қасиеттерін анықтау.	
Күтілетін нәтиже:	Мұғалімдердің кәсіби біліктілігі артады; Көшбасшылықты дамыту бойынша жұмыстың нәтижесінде мектепте жаңа білім қалыптасады; Эмоциялық зият дәрежесі артады; Көшбасшылық туралы толық мәлімет алады.	
Түйінді идея:	Мұғалімдердің бойындағы көшбасшылық қасиеттерін анықтап, өз қызметінде қолдану жолдарын айқындау.	
Құрал-жабдықтар:	Флипчарттар, маркерлер, постерлер, стикерлер, слайд.	
Коучинг барысы		
Коучинг кезеңдері	Атқарылатын іс-әрекет	Мұғалімдердің іс-әрекеті
Сәлемдесу 2 минут	Коучинг пен коучингке қатысушылардың бір-біріне деген ілтипаты.	Біз-бүгінгі коучингке қатысушылар бір-бірімен дәстүрден тыс амандасудың түрлерін көрсетеміз: • Бір-біріне күлімсірей қарап, алақанның ішін және сыртын тигізіп сәлемдесу. • Оң жақ, сол жақ тізелерін түйістіру арқылы сәлемдесу. • Оң жақ, сол жақ иықтарын тигізіп сәлемдесу. • Маңдайларын бір-біріне тигізіп амандасу. • Бір-біріңізге арқаларыңызды тақап сәлемдесу. • Бір-біріңізге бастарыңызды иіп сәлемдесу. • Бір-біріңізге күлімсіреп сәлемдесу. Рахмет. Орындарыңызға жайғасуға болады.

Топқа бөлу. 5 минут.	Коучингке қатысушыларды топтастыру.	«Алтын балық» макетіне стикерлер жапсырылған. Олардың артында оқушылар және мұғалімдер деп жазылған. Қатысушылар шығып ұнаған стикерді алады. Сол бағытта қатысушылар 2 топқа бөлінеді. Әр топқа тапсырма беріледі. Тапсырма: 1. Әр топ мүшелеріне аңдардың рөлін бөліп, пантомима арқылы көрсету; 2. «Біздің отбасы» фотосуретін дайындау. Талдау: • Сіздің топта басты идеяны кім тастады? • Сіздің топта кім жақсы ұйымдастырушы бола алды? • Сол ұйымдастырушының жұмысына көңіліңіз толды ма? • Осы коучинг барысында сол көшбасшымен жұмыс жасағыңыз келе ме?
«Температураны өлшеу»		
Таныстырылым. 3 минут.	Коуч–тәлім алушы Г.З.Сабырғалиева таныстырылым арқылы «Оқытуды басқару және көшбасшылық» тақырыбымен таныстырды (Слайд арқылы).	
Ой шақыру. 5 минут.	Постерда көшбасшы дегенді әр топ қалай түсінді, соны қорғайды.	Әр топ постерда «Көшбасшы – ол кім?» дегенді ашып көрсетеді, яғни көшбасшы деген кім екенін, оның маңызы қандай екенін, жалпы көшбасшы туралы түсініктері қандай екенін қорғап шығуы керек. 1-топ: «Мектептегі көшбасшылық». 2-топ: «Сыныптағы көшбасшылық».
«Температураны өлшеу»		
«Психологиялық ағаш» әдістемесі. 5 минут.		«Психологиялық ағашта» әркім өзін белгілейді. Ал келесі бетіне 3 сұрақ қойып, соған өздері жауап береді.

«Сиқырлы кобдиша» тренингі. 3 минут.	Карточка суыру	Әр қатысушыға «сиқырлы кобдиша» ұсынылады. Әрқайсысы: «Қобдиша, кобдиша, мен қандаймын?» деп сұрап, кобдишадан карточка суырып алады. Карточкада әр түрлі көшбасшыға лайық қасиеттер жазылған. Қорытынды: Осындай қасиеттердің барлығы көшбасшылардың бойынан табылады. Олай болса, Сіз нағыз көшбасшысыз.
Кері байланыс. 2 минут.	Қатысу- шылардың коучингтен не түсінгенін анықтау.	Алдымен стикерлер таратылады, сол стикерлерге бүгінгі тақырыпқа байланысты сұрақ жазыңыз. Сұрақтарды жинап алып, араластырып, тарату. Алынған сұрағына әр қатысушы жауап беріп, постердегі күнге іледі.
Би билеу. «Ойна да, күл!» әнімен		
«Майшам» жаттығуы. Рефлексия. 2 минут.	Қатысу- шылардың коучинг- тен алған әсерін білу.	Барлық қатысушылар ортаға тұрып, бір-біріне жанып тұрған май шамды беру арқылы коучингтен алған әсерімен бөліседі.

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Ж.ҚАЛМҰРАТОВА,
№187 М.Шоқай атындағы
қазақ орта мектебі.
Қызылорда қаласы

ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ. ЖАҚТЫ СӨЙЛЕМ

(8-сынып)

Мақсаты: білімділігі-оқушыларға жай сөйлемнің түрлері туралы толық мәлімет беру. Жақты сөйлем және оның жасалу жолдарына тоқталу; тәрбиелік-сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сауатты жазуға, оқушылардың тіл байлығын дамытудың нәтижесі арқылы эстетикалық тәрбие беру; дамытушылығы-оқушының білімі мен танымын кеңейту және тез қабылдауына жол ашу, өз пікірін толық жеткізе алуына баулу, ойлау қабілетін арттыру. Логикалық ойлауын және шапшаңдығын дамыту.

Типі: жаңа сабақ.

Түрі: іздену сабағы.

Әдіс-тәсілдері: түсіндірмелі, практикалық, сұрақ-жауап, талдау, ойын әдісі.

Көрнекілігі: компьютер, слайд-шоу, кесте, сызбалар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушыларды түгелдеу.

2. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

3. Сабақтың тақырыбы,оның мақсат-міндеттерін таныстыру.

II. Жаңа сабақты түсіндіру кезеңі:

Тізбекті эстафета сұрақтары.

(Бұл сұрақтарды қою арқылы өткен сабақта алған

білімдерін еске түсіре отырып, жаңа сабаққа алып келу. Бірінші оқушыдан бастап кезек-кезек қойылған сұраққа жауап бере отырып, ең соңғы оқушыға дейін жеткізу. Сол арқылы қолдарына берілген сиқырлы таяқшада жасырынған жаңа сабақтың тақырыбын ашу).

Сиқырлы таяқша кетті. СТАРТ.

1. Сөз дегеніміз не?

Сөз-заттың, құбылыстың, қимылдың түрлі белгілерінің атауы ретінде қолданылатын тілдік бөлшек.

2. Сөз тіркесі дегеніміз не?

Сөз тіркесі-кемінде екі толық лексикалық сөздерден құралып, сабақтаса байланысқан сөздердің бірігуі.

3. Сөздердің байланысу тәсілдері нешеу?

1. Интонация арқылы байланысу.
2. Сөздердің орын тәртібі арқылы байланысу.
3. Жалғаулар арқылы байланысу.
4. Шылау сөздер арқылы байланысу.

4. Сөздердің байланысу түрлерін ата.

Сөздердің байланысу түрлері бес түрге бөлінеді: Қиысу, Меңгеру, Матасу, Жанасу, Қабысу.

5. Сөйлем дегеніміз не?

Сөйлем-сөздердің лексика-грамматикалық байланысынан тұратын, біршама тиянақты ойды білдіретін, белгілі бір екпінмен ерекшеленетін синтаксистік құрылым.

6. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай қандай түрлері бар?

Сөйлем айтылу мақсатына қарай: Хабарлы сөйлем
Сұраулы сөйлем
Лепті сөйлем
Бұйрықты сөйлем

деп төрт топқа бөлінеді.

7. Сөйлем мүшелері дегеніміз не?

Сөйлем мүшелері-сөйлем құруға қатысатын, сөйлемде белгілі бір қызмет атқаратын сөздер.

8. Сөйлем мүшелері нешеге бөлінеді?

1. Тұрлаулы
2. Тұрлаусыз.

9. Тұрлаулы мүшелерді ата.

Бастауыш, баяндауыш

10. Тұрлаусыз мүшелерді ата.

Пысықтауыш, толықтауыш, анықтауыш.

Соңғы оқушы таяқшаны ашып, сабақтың атын хабарлайды.

- Балалар, сөйлем құрылысына қарай екіге бөлінеді: жай сөйлем және құрмалас сөйлем.

Мысалы: 1. Күн бұлттанды. (Жай сөйлем бір ғана грамматикалық негізден тұрады).

2. Күн бұлттанып, жауын жауды. (Құрмалас сөйлем екі грамматикалық негізден тұрады).

Жай сөйлем құрылысы жағынан аса күрделі болмағанымен, көлемі, құрамы әр кез біркелкі бола бермейді. Жай сөйлемдерде ойды беру мақсатына қарай, сөйлем мүшелерінің барлығы да қатысуы мүмкін немесе керісінше. Осындай ерекшеліктеріне қарай оларды мынадай топтарға бөлеміз:

Сөйлем	
Жай	Құрмалас
1. Жақты, жақсыз 2. Жалаң, жайылма 3. Толымды, толымсыз 4. Атаулы.	1. Салалас. 2. Сабақтас. 3. Аралас.

Жай сөйлемнің бұл түрлері сөйлемге тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің қатысуы және қатыспауына байланысты болып келеді.

Біз бүгін жай сөйлемнің осы түрлерінің ішінде жақты сөйлемге тоқталамыз.

Құрамында бастауышы қатысқан немесе жасырын тұрса, баяндауыш арқылы табуға болатын сөйлемді жақты сөйлем дейміз.

- Мысалы: 1. Жүрегімнің түбіне терең бойла,
2. Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла...

Жақты сөйлемнің басты ерекшелігі бастауыш пен баяндауыш қиыса байланысып, жақ жағынан, шақ жағынан бір-біріне сәйкес келіп тұрады.

Жақты сөйлемнің жасалу жолдары:

1. Өзара мағыналас байланыстағы сөйлемдердің бастауышы алғашқысында болып, соңғысында қайталанбай ортақтасып келе береді.

Апам ауылға қонаққа шақырды. Бірақ келер алдында хабарласуымды өтінді.

2. Баяндауыштық тұлғадан бастауыштың қай сөз екендігі белгілі болып тұрғанда, көбіне I, II жақтағы бастауыштар сөйлемде айтылмайды.

Оны көп тыңдай берме. Мінезін білетін едің ғой.

3. Жіктеу есімдіктерінен (мен, сен, сіз, біз, ол) болған бастауыштарға ерекше екпін түсіріп, мән беру керек болғанда, олар бірнеше рет қайталана береді.

Мен, мен, мен едім,

Мен Нарында жүргенде

Еңіреп жүрген ер едім. (Махамбет)

III. Жаңа сабақты бекіту.

Дәптермен жұмыс. - Жаттығу жұмысына кезек берейік.

(Бастауышы айтылмай тұрған сөйлемдердің бастауышын баяндауыш арқылы тауып, жақша ішіне қойып, көшіріп жазыңдар).

(...) Жүрегімнің түбіне терең бойла,

Мен бір жұмбақ адаммын, (...)оны да ойла.

(...) Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,

(...) Мыңмен жалғыз алыстым, (...) кінә қойма.

Абай болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. (...) Өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, басқа, бірақ болашаққа сенімді жол салған ақынның айтқан сөзі еді. Даланы торлаған надандық түнегіне (...) шамшырақтай сәуле төкті және таңы атып, күні

шығатын жаққа апаратын жолды өз халқына талмастан көрсетті.

Иә, өзі өмір кешкен және өлең жазған ғасыр үшін Абай жұмбақ болды. Ал (...) біз үшін жұмбақ па?

- Ендігі кезекте Нартай Бекежанов театрына қонаққа барайық. (Бұл көрініс арқылы балаларды мәдениеттілікке, бірлікке, ынтымаққа және Отансүйгіштікке шақыру мақсатында тәрбие береміз. Сонымен қатар алған теориялық білімдерін нығайтамыз).

Оқушылар «Күш білекте емес, бірлікте» деген тақырыпта жай, құрмалас және тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелерді қатыстырып өз ойларынан ертегі құрастырып шығарып, әрі қарай сабағымызды ойын тәсілі арқылы қорытындылаймыз.

Анаграмма

(Берілген сұрақтарға жауап бере отырып, жауаптарды тізбектей бір-біріне жалғастыра отырып, кесте толтыру. Нәтижесінде боялған әріптерден толық сөйлем құрастыру. Әр оқушыға екі сөйлемнен ұсынылып, талдау беріледі. Табылған бастауыштарды енгізу. Оқушылардың бүгінгі сабақтан алған білімдерін осылайша қорытындылау).

Не білдім?

1. Жай сөйлем құрылысы мен құрамына қарай нешеге бөлінеді?

2. Жақты сөйлем дегеніміз не?

3. Жақты сөйлем қай сөйлем мүшесінің болуына негізделеді?

Сабақты қорытындылау:

I. Бағалау кезеңі: сабаққа белсене араласып отырған оқушыларды жария түрде бағалаймын.

II. Үйге тапсырма: Жаттығуларды орындап, ережелерді жаттау. Жақты сөйлемдерді қатыстыра отырып шағын эссе жазу.

Ж.САҒЫНБАЕВА,
Қызылжұлдыз орта мектебі.
Ақтөбе облысы,
Әйтеке би ауданы,
Аралтөбе селосы

СӨЙЛЕМНІҢ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРІ

Мақсаты: оқушыларға сөйлемнің бірыңғай мүшелері, олардың жасалу жолдары мен тыныс белгілері туралы түсінік беру; сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ажыратып, олардың ерекшеліктерін менгерту, тәжірибеде қолдана білу, талдау машықтарын қалыптастыру; берілген мысалдар арқылы оқушылар сөз қадірін біледі, тіліміздің байлығын орынды пайдалана білуге тәрбиелеу.

Типі: жаңа сабақты меңгерту.

Түрі: шығармашылық ізденіс сабағы.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, тарих.

Көрнекіліктер: проектор, интербелсенді тақта.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру.

Көтеріңкі көңіл күй орнату үшін «Комплимент» тренингін ұйымдастыру. *-Бүгін сіз өте әдемісіз.*

Топқа бөлу. Буындар арқылы өз тобын табу.

1-топ - «Пысықтауыш».

2-топ – «Толықтауыш».

3-топ-«Анықтауыш».

Топ басшыларын сайлап, бағалау парағын үлестіру.

2. Қызығушылықты ояту.

Жабық хат.

Құрметті 8-сынып оқушылары! Сіздерге бүгінгі

сабақтарыңызға сәттілік тілеймін. Сөйлем мүшелерін жақсы білетін сіздерге бірыңғай мүшелерді меңгеру еш қиындық тудырмайды. Себебі бұл бірыңғай топталып келген бастауыш, баяндауыш, т.т. сөйлем мүшелері екенін білген соң, тақырыпты өз деңгейінде игеріп кететініңе біз сенеміз.

Сәлеммен: оқулық авторлары.

3. Миға шабуыл.

Бейсен, Шымырбек, Қали құлаған жерді арышып жатыр.

Дала боран, жел дүрілдейді, ысқырады.

Тау мен тасты су бұзар.

Дала қызыл, сары, жасыл түстермен құлпырып тұр.

Ол хатты асықпай, баппен, жақсылап тағы бір оқып шықты.

Осы мысалдарда бір тұлғада, бір ғана сұраққа жауап беретін, сөйлемдегі қызметі бірдей сөздер бар ма?

4. Мағынаны тану.

Бір сұраққа жауап береді

Бір сөйлем мүшесі болып табылады.

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері

Сөйлемдегі қызметі, тұлғасы бір Тыныс белгілері арқылы ажыратылады
Сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің бір-бірімен байланысуы.

Бірыңғай мүшелер жалғаулықсыз да, жалғаулықтар арқылы да байланысады. Осыған байланысты олардың тыныс белгілерінің қойылуы да әркелкі болады.

Алтын-жақсы әнші, әсем биші.

Алтын-жақсы әнші және әсем биші.

Алтын-әрі жақсы әнші, әрі әсем биші.

Бірыңғай мүшелер жалпылауыш мүшелермен де келетін кездері болады. Жалпылауыш мүшелер бірыңғай мүшелердің алдынан не соңынан келеді.

Біздің жерде көп кездесетін мына ағаштар: қарағай, қайың, терек. Жусан, изен, бұйырғын, көкпек-бәрі малға пайдалы.

5. Оқулықпен жұмыс. 63-жаттығу.

6. Дәптермен жұмыс. Әр топқа екі сөйлем беріледі.

1-топ. Сендер-зерек, дарынды, білуге құмар, қиялы ұшқыр, ойы өткір, арманшыл ұпақтың өкілісіңдер. Мен туған жердің түнін, күнін, өзенін, тауын, гүлін сүйемін.

2-топ. Тәуелсіздік алғалы Асан қайғы мен Қорқыт баба, Кенесары мен Сырым, Абай мен Ахмет, Ербол мен Ләззат сынды тұлғаларымыз әлемге танылды.

Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ-бес дұшпаның білсеңіз. (Абай)

3-топ. Қазақстанның әрбір азаматының өз елінің бақыты үшін, абыройы үшін, даңқы үшін, бостандығы үшін күресетіндігін мақтан тұтамын. Қарағандының өзінде орысша және қазақша драмалық театр, бірнеше кинотеатр мен филармония бар.

7. Толғаныс. 2015 жылы аталып өтілетін Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы және Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы мерекелеріне тоқталу.

А. Топтық жұмыс. Әр топ берілген мәтіндерді оқып, ішінен бірыңғай мүшелі сөздері бар сөйлемдерді табады және қай сөйлем мүшесі екенін айтады.

1-топ. Ұлы жеңіске 70 жыл.

2-топ. Қазақстан Халық Ассамблеясының 20 жылдығы.

3-топ. Қазақ хандығының 550 жылдығы.

Ә. Тест жұмысы.

8. Бағалау. «Жүйріктен жүйрік озар, шабысқанда...» Топ басшысы топ мүшелерін бағалап, бағалау парақшасын тапсырады.

Г.СЕЙТОВА,

**Сүлеймен Есетов атындағы
орта жалпы білім беретін мектеп.**

Батыс Қазақстан облысы,

Казталов ауданы,

Талдықұдық ауылы

БАЯНДАУЫШ

Мақсаты: оқушыларға сөйлем мүшелері туралы білімдерін тереңдету, баяндауыш туралы түсініктерін кеңейте түсіндіру, баяндауыштың әр түрлі сөз таптарынан жасалатындығын, құрылысына қарай бөлінетіндігін айту; шығармашылық қабілеттерін дамыту, өз ойын жүйелі, дәлелді жеткізе білуге үйрету, тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізетінін ұғындыра отырып еліміздің тәуелсіздік тарихын қазақ тілі сабағымен байланыстыру; сауатты оқып жаза алатын, өз ұлтының тілін, рухани байлығын құрметтей білетін, елін сүйетін, адамдық қасиеті жоғары патриот тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: баяндауыштың жасалу жолын меңгереді. Жаттығулар, тапсырмалар, мысалдар арқылы ұғынады. Қауымдасып жұмыс істеуге, жауапкершілікке ынталары артады.

Не арқылы бағаланады? Ереже, жаттығулар, топтық жұмыстар мен талдаулар арқылы.

Тест жұмысы.

Түрі: аралас сабақ.

Типі: жаңа сабақты игерту.

Көрнекілігі: қосымша материалдар, слайдтар, интерактивті тақта, кестелер.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, орыс тілі.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: оқушылармен амандасу, сыныпты түгелдеу, оқу құралдарын тексеру. Сыныптың тазалығына көңіл бөлу. Оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

I. Қызығушылықты ояту.

Психологиялық тренинг.

Үй тапсырмасын пысықтау:

Сыныпты үш топқа бөлу.

«Тәуелсіздік» тобы.

«Қазақстан» тобы.

«Мәңгілік ел» тобы.

«Ой шақыру». Тақтада берілген қимыл-әрекетті суреттерді көрсетіп сол бейнелерге қатыстырып сөйлем құрату арқылы жаңа сабақ тақырыбын ашу.

- Ата-бабамыз үш ғасырға жуық уақыт бойы армандаған тәуелсіздік! Тәуелсіздік жолында халқымыздың басынан қандай оқиғалар өтпеді. Тәуелсіз ел тарихы- отаншылдықтың, ерліктің, елдіктің не екенін дәлелдейтін тамыры терең бай тарих. Елім, Отаным деген қасиетті ұғымдар әр адамзаттың өз табалдырығынан, өз ауылынан, өз өлкесінен басталады. Егемен еліміздің ертеңін нұрлы етер «барыс» текті, намысты ұрпақ бойында ұлттық сана көрініс тапса, ақыл ойымен жүрегінде жерімен еліне деген сүйіспеншілік орын тепсе, бұл қоғамымыздың қалыпты дамуы, өркениетке ұмтылу жолдарындағы нәтижелі көрініс болып саналмақ. Тәуелсіздік халқымыздың бостандығы мен дербес даму жолындағы сан ғасырлық күресі мен тарихының нәтижесі.

II. Мағынаны тану. Баяндауыш – сөйлемдегі тұрлаулы

мүшенің бірі. Баяндауыш сөйлемдегі бастауыштың іс-әрекетін, қимылын, жай-күйін, оқиғаның қай шақта болғанын білдіреді. Баяндауыш сөйлемді аяқтап, ойды тиянақтайды. Кейде сөйлемде бастауыш айтылмаса да, баяндауыш бар жерде бастауыш жоғалмайды.

Баяндауыш құрылысына қарай былайша жіктеледі:

Құрылысына қарай	Сұрақтары: Не істеген? Не қылған? Қайтті? Не болмақ? Немене? Қалай? Кімдікі? Ненікі?
Дара	Заман өзгерген, білім күшейген. Қазына – халықтікі.
Күрделі	Абай күрсініп қояды. Олжабек шалқасынан түсе жаздады.
Үйірлі	Қиыны бұл дүниенің – қолы тарлық. Есті адамдарда бар қасиет – уайым жеу.

Баяндауыш болатын сөздер көбінесе жіктік жалғауларында, кейде атау тұлғада, тәуелдік, септік тұлғада тұрады.

Баяндауыш болатын сөз таптары мыналар:

Баяндауыш болатын сөз таптары	Сөйлемдер
Етістіктер	Мен өте қуандым Сен қайда жүрсің?
Сын есімдер	Бәріміз бір кісінің баласындай татуымыз. Ел тоқ.
Зат есімдер	Сендер бақытты адамсыңдар. Ат – көлік, қамшы – қару.
Сан есімдер	Ер кезегі – үш. Үш жердегі үш – тоғыз.
Есімдіктер	Медеуі – мен. Өтегені - өзі.
Көмекші етістік пен еліктеуіш сөз	От жылт етті. Мылтық тарс етті.

Оқулықпен жұмыс. 37-жаттығу.

Мына сөздерді баяндауыш етіп сөйлемдерді аяқтаңдар.

....-ынтымақ. - сәлем берді -төрт
....-байлық - бөлінбейді. -жетім.

....-оқу. -білерсін -жаман
38-жаттығу

Төмендегі мәтіннен дара және күрделі баяндауыштарды тауып, жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

Қарамен жазылған сөздерді мағынасына және құрамына қарай талдаңдар.

1 –тапсырма (ауызша орындайды)

Төмендегі сөйлемдерге сұрақ қойып, баяндауышы қай сөз табынан жасалып тұрғанын табыңдар.

Тәуелсіздікті қорғау – ұлттың ұйтқысын сақтау, еліңнің жеріне жау жуытпау, халқыңның азбай-тозбай мәңгі өмір сүруіне өз үлесінді қосу.

Ең қасиетті күрес – тәуелсіздік күресі!

Тәуелсіздік тойын тойла, тойлай жүріп оны өркендетуді ойла.

Тәуелсіз елдің ұлы-өжет, қызы-қайратты, халқы -қаһарман.

2- тапсырма

Көп нүктенің орнына баяндауыштарды тауып қойып, сөйлемді аяқтаңдар.

Қазақстан мемлекеті әлем мойындаған дамыған елдермен терезесі тең болып, ілгерілі ел болып
Еліміз Қазақстан гүлденіп! Қазақстанның Тәуелсіздігі! Қарышта, жайна, Қазақстан! Қазақстанның болашағы!

Талдау - табыс кілті

«Тәуелсіздік» тобына

Тәуелсіздік сөзінің синонимі «Азат» сөзіне фонетикалық талдау жасау

«Қазақстан» тобына

Тәуелсіздік сөзінің синонимі «Егемен» сөзіне математикалық талдау жасау.

«Мәңгілік ел» тобына.

Берілген сөйлемге синтаксистік талдау жасау.

Қазақстанның Тәуелсіздігі баянды болсын!

III. Толғанис.

Тест.

1. Бір ғана ойды білдіріп, бір ғана интонациямен айтылатын сөйлем қалай аталады?

A. Құрмалас сөйлем.

B. Жай сөйлем

C. Сабақтас құрмалас сөйлем.

2. Сөйлем айтылу мақсаты мен интонациясына қарай нешеге бөлінеді?

A. 5.

B. 4.

C. 2.

3. «Осы жылқы – жүйрік» сөйлемінің баяндауышы қандай сөз табынан жасалған?

A. Зат есім.

B. Сын есім.

C. Етістік.

4. Сөйлем мүшелеріне жатпайтынын көрсетіңіз?

A. Бастауыш.

B. Баяндауыш.

C. Сөз тіркесі.

5. Сөйлемде айтылған қимыл-әрекеттің иесін білдіретін сөйлемнің тұрлаулы мүшесі?

A. Баяндауыш.

B. Бастауыш.

C. Толықтауыш.

6. Бастауышы дара болып тұрған сөйлемді көрсетіңіз?

- А. Үй іші ұзақ жым-жырт болды.
 В. Оқушылар мектептен қайтты.
 С. Ертең құрылыс жұмысы басталады.

7. Бастауышы күрделі болып тұрған сөйлемді көрсетіңіз?

- А. Жаңбыр құйып кетті.
 В. Өтеген он төрт жаста.
 С. Бәйтерек кешені- тәуелсіздіктің символы.

8. Баяндауыш құрамына қарай нешеге бөлінеді?

- А. 2. В. 3. С. 4.

9. Баяндауышы дара болып тұрған сөйлемді көрсетіңіз?

- А. Апам келе жатыр.
 В. Бақыт жүгіріп бара жатыр.
 С. Мен сегізінші сыныпта оқимын.

10. Бастауыштың қимыл-әрекетін, жай-күйін, оқиғаның болған шағын білдіретін сөйлемнің тұрлаулы мүшесі?

- А. Бастауыш.
 В. Анықтауыш.
 С. Баяндауыш.

Бағалау:

Үйге тапсырма: «Тәуелсіздік - жыр етер қасиетті ұраным» тақырыбына ойтолғау жазу.

Қорытынды: - Жүрегінде егеменді елімізге деген қуаныш сезімі әрқашан соқсын. Еліміздің Көк Туы аспан көгінде самғап, Әнұранымыз шарықтап, Елтаңбамыз мәңгі төрімізде көрінсін. Әлем халқы құрмет тұтатын дәрежеге жеткізетін болашақ еліміздің білімді де талантты ұрпақтары аман болсын деп бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз. Сау болыңыздар!

Ө.САДЫҚОВА,
Талдыбұлақ
ЖОББ мектебі.

Қарағанды облысы,
 Жаңаарқа ауданы

СЫН-ҚИМЫЛ ҮСТЕУ, КҮШЕЙТКІШ ҮСТЕУ

Жалпы мақсаты	Үстеу туралы түсінік беру. Үстеулердің мағыналық түрлерін ажырата білуге дағдыландыру.
Сабаққа негізделген оқу мақсаттары	Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқушылардың ой-өрісін дамытуға, пікір таластыруға, өз бетімен ізденуге, шығармашылықты дамытуға дағдыландыру.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар
	-Жаттығуларды, тапсырмаларды орындайды.
	Оқушылардың басым бөлігі
	-Жаттығуларды, деңгейлік тапсырмаларды орындай алады.
	Кейбір оқушылар
	-Өз бетімен ереже шығара алады, жаттығуларды, деңгейлік тапсырмаларды шығармашылықпен орындай алады.
Күтілетін нәтижелері	-Сөйлем ішінде сын қимыл, күшейткіш үстеулерін тауып; сөйлем құрай алады;
	-Үстеудің құрамдық түрлеріне талдау жасай алады;
	-Жаттығуларды дұрыс орындауға дағдыланады.

ЖОСПАР		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар	Ресурстар
Кіріспе. 5 минут.	Психологиялық дайындық «Ізгі тілек» Қайырлы таң, алтын күн! Қайырлы таң, көк аспан! Қайырлы таң, қонақтар! Қайырлы таң, достарым! Оқушылар үш топқа бөлінеді. I топ. Негізгі үстеу. II топ. Туынды үстеу. III топ. Күрделі үстеу. Үй тапсырмасы сұрау. «Өкіл» әдісі.	1-таныстырылым
Негізгі бөлім. 25 минут. Білу. Түсіну. Сергіту сәті. 1 минут. Қолдану	«Суреттер сөйлейді» стратегиясы (ат, тасбақа, шаңғы тебу) іс-қимыл арқылы жұмбақ. Электрондық оқулықпен жұмыс «Микрофон» әдісі «Топта өзіңді қалай ұстайсың?» тақырыбына пікір алмасу. Электрондық оқулықпен жұмыс. 280-жаттығу. «Қарлы кесек» әдісі бойынша I, II топ орындайды, III топ бақылайды. 282-жаттығу. Көркем әдебиет үлгілерінен мысалдар. Шығармашылық тапсырма: «Хат». 289-жаттығу. «Ең биік, ең бірінші, ең тамаша» қызықты мәліметтер жазу. Күшейткіш үстеуді әр саладан тұнғыш шыққан қайраткерлердің есімдерімен тіркестіру	2-таныстырылым. Суреттер. Электрондық оқулық (6-сынып) 3-таныстырылым. Тірек сөздер. Электрондық оқулық (6-сынып) 4-таныстырылым. 5-таныстырылым. «Қарлы кесек». Дәптерге жазу. 6-таныстырылым. 7-таныстырылым.
Қорытынды. 10 минут. Жинақтау. Үйге тапсырма. Бағалау. 2 минут. Кері байланыс. 2 минут.	«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі 290-жаттығу. Өлеңнің жалғасын табу. Көркем әдебиеттен сын-қимыл үстеуіне бес мысал жазу, 288-жаттығу. Өзін-өзі бағалау. Ең ұнағаны, ең ұнамағаны.	8-таныстырылым. 9-таныстырылым. Күнделік. 10-таныстырылым. Стикер

Н.ТОҚБЕРГЕНОВА,
Талдыбұлақ ЖОББМ.
Қарағанды облысы,
Жаңаарқа ауданы

ҮСТЕУДІҢ ТҮРЛЕРІ. МЕЗГІЛ ҮСТЕУІ

Жалпы мақсаты	Үстеу туралы түсінік беру. Үстеудің мағыналық түрлерін ажырата білуге дағдыландыру.
Сабакқа негізделген оқу мақсаттары	Үстеулердің мағынасын анықтау, өзіндік жұмыстану дағдысын жетілдіру, түрлі шығармашылық тапсырмалар беріп, оқушылардың логикалық ойлауын, белсенділігін арттыру.
	Барлық оқушылар - Өз бетімен ереже шығара алады, жаттығуларды, деңгейлік тапсырмаларды шығармашылықпен орындай алады. Оқушылардың басым бөлігі - Жаттығуларды, тапсырмаларды орындайды. Кейбір оқушылар (деңгейі-А-өте жақсы) Жаттығуларды, тапсырмаларды орындайды.
Күтілетін нәтижелері	- Үстеудің басқа сөз таптарымен байланысын анықтайды, мағынасын ажырата білу дағдылары қалыптасады; - Өз бетімен ойланып жұмыстанады, үстеу түрлерін, ерекшеліктерін ажырату дағдысы қалыптасады; - Шығармашылық, ойлау қабілеті дамиды. - Сөйлем ішінде мақсат, себеп-салдар үстеулерін тауып, сөйлем құрай алады.

Жоспар

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыздар)	Ресурстар
Басталуы. Кіріспе. 5 минут («Қызығушылықты ояту» сатысы)	Психологиялық дайындық - Көңіл-күйлеріңіз қалай? - Керемет. - Сабакқа деген ынтамыз қандай?	

	<p>- Тамаша.</p> <p>- Бір-бірімізбен қарым-қатынасымыз қандай?</p> <p>- Өте жақсы.</p> <p>- Ендеше, біз қазір үш патшалыққа бөлінеміз: «Сөз таптары» патшалығы, «Сөз мағынасы» патшалығы, «Дыбыстар» патшалығы. Әр патшалықтың өз ханы ол сендердің басшыларың, ақылшыларың, әрі сендерді бағалаушы. Патшалықтың өркендеуі халықтың, яғни сендердің еңбектеріңмен, сабаққа қатыстарыңмен сараланады. Егемен еліміздің патшалығы сән-салтанат құру үшін бағалау парақшалары бестікке толы болсын. Олай болса, сәттілік!</p> <p>«Миға шабуыл» стратегиясы бойынша өткен тақырыпты пысықтау. Үй тапсырмасын тексеру, дәптер жинау.</p>	<p>1-таныстырылым.</p> <p>2-таныстырылым.</p>
Ортасы. («Мағынаны тану» сатысы Негізгі бөлім. 25 минут. Білу.	<p>Жаңа сабақ Үстеудің түрлері. Мезгіл үстеуі (Суреттерді сөйлете отырып, оқушылар ережені өздері шығарады)</p> <p>273-жаттығу.</p> <p>1-топ. Мәтіндегі үстеулерді табу (ауызша);</p> <p>2-топ. Өз еліміздің гимні туралы мезгіл үстеулерді қатыстырып эссе жазу;</p> <p>3-топ. «Рәміздер» сөзіне математикалық тәсілмен фонетикалық талдау жасау.</p>	<p>3-таныстырылым</p> <p>4-таныстырылым</p>
Түсіну	<p>«Кубизм» стратегиясы 1-топ «Үштілділік-өмір талабы» Жұмбақ шешу, шешуін үш тілде айту 2-топ Семантикалық карта 3-топ Терме диктанты.</p>	5-таныстырылым
Қолдану	<p>«Мезгілдер сөйлейді» әдісі. Тірек сөздермен (1991 жыл, 1 желтоқсан, 70 жыл, 22-наурыз, 25 жыл, ширек ғасыр) берілген мезгілдерді сөйлете отырып сөйлемдер құрап, мәтін жасайды. Әр топ өзі қалаған бір сөйлемге</p>	

Сергіту сәті. (1 минут)	<p>1-топ морфологиялық,</p> <p>2-топ синтаксистік талдау жасайды.</p> <p>3-топ 275-жаттығу негізінде постер қорғайды.</p> <p>Аспанға қарап күнді көреміз, Төмен қарап жерді көреміз. Оңға қараймыз, Солға қараймыз, Егемен елді көреміз.</p>	<p>6-таныстырылым</p> <p>7-таныстырылым</p>
Талдау	<p>«Қарлы кесек» стратегиясы Балама тест «иә» және «жоқ»</p>	8-таныстырылым
Қорытынды (10 минут)	<p>«Салыстыр»</p> <p>«Венн» диаграммасы бойынша 1- топ Үстеу 2-топ Сын есім 3-топ Ортақ белгілерін анықтайды</p>	9-таныстырылым
Үй тапсырмасы	<p>274-жаттығу 166-бет, ережелер қайталау.</p>	10-таныстырылым
Бағалау (2 минут)	<p>Бағалау парақшасы бойынша бағалау.</p>	
Кері байланыс	<p>Сабақтан алған әсерім.</p>	стикер

А.ИСИНА,
«Ынтымақ ЖОББМ» КММ.
 Қарағанды облысы,
 Жанаарқа ауданы

ӨТКЕН ШАҚ. ЖЕДЕЛ ӨТКЕН ШАҚ

1.	Сабактың мақсаты	Өткен шақтың жасалуы және түрлері жайлы тереңірек түсінуге материалдар негізінде бағыт беру.		
2.	Сабактың міндеттері	Оқушыларды өз бетімен білім алуға жетелеу; сыни ойлау көзқарасын, қабылдауын, дүниетанымын, сенімін күшейту; Мұғалім берген білім бағытын өз бетімен дамыта алатын білімді тұлға тәрбиелеу.		
3.	Оқу нәтижелері	Тілдік қоры мол, сөздің мән-мағынасын терең ұғынатын, тыңдау әдебі қалыптасқан оқушылар.		
4	Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл	Топтық жұмыс, диалог, сыни ойлау, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, Блум таксономиясы.		
Уақыты	Ресурстар, әдіс-тәсілдер	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау
3 минут	Қызығу-шылығын ояту	Ұйымдастыру. Сынып ахуалын «Топтасу» тренинг негізінде қалыптастыру	Оқушылар 3 топқа буындар арқылы бөлінеді (жіңішке, жуан, аралас) себебін түсіндіреді.	
3 минут	Тест арқылы (10 сұрақ)	Ұй тапсырмасын тексеру (жауабы интерактивті тақтада шығады)	Өткен тақырыптар бойынша тестіні белгілейді	Дискриптор: «5»-9-10 «4»-7-8 «3»-4-6 «2»-0-3
8 минут	Мағынаны тану	Жаңа білімді меңгеру Есінде сақта!	3 топқа бірдей тапсырмалар беріледі.	

		Тақтада табыс септігі, жедел өткен шақ, жіктік жалғауы деген жазулар тұрады. 1-топ берілген сөздерден табыс септігін, 2-топ жіктік жалғауын, 3-топ жедел өткен шақты жазып іледі.	Олар топта талқылап тақтаға іледі, өздері түсіндіреді. <i>Мектепті, барды, сақпалты, жүзді, ауылды, оқыды, берінті, театрды, биледі, жасайды, көрсетті, сыйлады, атқарады, құшақтайды, кітапты, Зәурені.</i>	Топтар бір-бірін «бас бармақ» әдісі бойынша бағалайды.
5 мин.	Білу (оқушылардың субъективті тәжірибесін өзектендіру	Оқулықтағы 143-жаттығуды орындатқызу	Бірдей тапсырмалар беріледі, олар топта талқылап, сөйлемдер талдайды.	Тақтаға талдау «5» толық орындалғанда, «4» мәлімет нақты емес, «3» жартылай, «2» дұрыс емес
9 мин.	Түсіну (қабылдауды ұйымдастыру	10 сөз тіркесі беріледі (тұлғалас формаларды ажырату)	Семантикалық картаны толтырады	Дискриптор: «5»-9-10 «4»-7-8 «3»-4-6 «2»-0-3
10 мин.	Қолдану (пайымдауды ұйымдастыру)	С.Жүнісовтың «Ақырғы бәйге» әңгімесі бойынша суреттер беріледі.	Топтар суретке қарап, жедел өткен шақты қатыстырып, шағын әңгіме құрастырады.	Жапон әдісі бойынша
2 мин.	Талдау (түсінуді тексеру)	Өзіл аралас сұрақтар (жедел өткен шақты қатыстыру)	Күл көкке ұша ма? Түйенің қарны жарыла ма? т.б.	Қол шапалақтау арқылы
2 мин.	Жинақтау (бекітуді ұйымдастыру) «Сендвич» әдісі	Оқушыларға «жапырақ», «шұжық», «ірімшік» суреттері таратылады	Жапырақ (не ұнады) Шұжық (нені жақсарту керек) Ірімшік (болшаққа жоспарлаймын)	
1 мин.	Ұй тапсырмасы. 146-жаттығу (шығармашылық тапсырма)			
2 мин.	Бағалау	Жинақталған формативті бағалау.		

А.БИЖАНОВА,
Вальдорф бағытындағы
мектеп-гимназия.
Орал қаласы

ЖЫЛ БАСЫ - НАУРЫЗ

1-жүргізуші: - Армысыздар, ағайын! Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар! Жер жүзіндегі халықтардың бәрінің де түрлі мейрамдары бар. Шығыс халықтарының сондай ерекше мейрамдарының бірі – Наурыз.

2-жүргізуші: -Добрый день дорогие уважаемые гости преподаватели и учащиеся! С праздником Наурыз! Разрешите начать праздничный концерт «Жыл басы – Наурыз!»

1-жүргізуші: -Дәстүрімізге айналған Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз құтты болсын! Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлатып Жаңа Жыл келді. Ендеше, той құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Ұлы мереке сіздерге тек жақсылық әкелсін!

*Наурыз келді, жайраң қақты таң күліп,
Жап-жасыл болып кетті дүние жаңғырып.*

*Жақсылыққа жаршы болған, Наурызым!
Сен өмірдің көктемісің мәңгілік!*

2-жүргізуші:

*Из глубины истории нашей земли
К нам пришел этот праздник Наурыз.*

*Праздник нового дня,
Праздник цветений и обновления.
Праздник Земли и человека.*

1-жүргізуші:

Уа, халайық, халайық!

Ақ сандықты ашайық,

Бұл мереке, бұл тойдың

Шашуларын шашайық! (Шашу шашылады).

2-жүргізуші: -У наших предков много традиций и обрядов. Одним из наиболее распространенных обрядов без которого не начинают не одно торжество – это «шашу». Шашу! Шашу! Шашу!

(«Наурыз!» әні орындалады)

2-жүргізуші: - В ночь Наурыз люди выходили на улицу, поздравляли, желали друг другу самые лучшие пожелания, прощали обиды и ссоры, ходили другу другу в гости, в каждом доме готовили традиционный «Наурыз көже». И угощая, желали друг другу достатка и счастья. Эти пожелания старших называют «бата», кто больше пьет коже тот будет сыт целый год, а кто больше всех получит ақ бата у того в жизни будет светлая дорога считали в народе.

Ән. «Қазақстан».

1-жүргізуші: -Ендеше оқушылардан Наурыз мерекесінің қалай тойланатыны туралы сұрайық. (Оқушылар жауабы)

4 «а» сынып қыздарының орындауында «Қазақ биі».

2-жүргізуші: - Как многие народные праздники, праздник наурыз имеет свои традиции и обряды. В народе существует поверье, что в эту ночь землю посещает Қыдыр ата тот, кто с ним встретится, того

ждет удача и счастье. А Қыдыр ата может увидеть только тех кто чист душой и сердцем, предан своей земле и народу. Чтобы встретится с Қыдыр ата народ выходит на улицу в ночь на 22 наурыза, обнимаясь друг с другом, прощают обиды и ссоры, из дома выносят старые вещи, чтобы в доме было чисто и накрывают стол из зерновых и молочных продуктов, чтобы год был урожайным и был достаток, зажигают две свечи, означающие, что одна свеча это не свет, накрытый стол означает, чтобы в этом доме был достаток.

- Мереке қарсаңында бәріміз бірге «Қаражорға» биін билейік! (Флешмоб)

1-жүргізуші:

Құтты болсын әр күнің,

Сыйла, бақыт баршаға.

Сәбидің әсем шат үнін

Тыңдат абзал анаға.

2-жүргізуші:

Наурыз – достық,

Наурыз – күн.

Барша халық бірлігі.

Тағы келді ұлыс күн

Жалғасып ғалам тірлігі.

Флейта аспабының сүйемелдеуімен «Камертон» әні.

1-жүргізуші: - Құрметті оқушылар, енді сіздерді қазақтың ұлттық ойындарын ойнауға шақырамыз.

«Қол күрестен жарыс», «Сақина салмақ», «Соқыр теке».

(Оқушылар Наурыз туралы тақпақтарын оқиды.)

2-жүргізуші:

Ерітіп қарын даланың,

Жинатып гүлін саланың.

Жетелеп жұмсақ самалын,

Келді Наурыз – жыл басы.

1-жүргізуші:

Күлімдеп қарап күміс күн,

Аспаның бүркіп пүліш түн.

Ұлы күні Ұлыстың,

Келді Наурыз – жыл басы!

Ән. «Дастарқан».

2-жүргізуші:-Наурыз күні дала аралаған Қыдыр Ата келіп «құт дарытып» кетеді дейді екен. Олай болса бүгінгі біздің Наурыз мерекемізге Қыдыр Ата келе жатыр дейді.

Қыдыр Ата бата береді.

-Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын!

Қайда барсаң жол болсын,

Ұлыс береке берсін.

Пәле-жала жерге енсін!

Ән. «Қайсысына не керек?»

1-жүргізуші:

Ұлыс күні қазан болса,

Ол жылы ақ мол болар,

Ұлы кісіден бата алса,

Сонда олжалы жол болар.

2-жүргізуші:

Наурыз, ты праздник дружбы и добра,

Наурыз, ты праздник мира.

Пусть будет вечным этот день

Пришедший и унесенный на века.

- Осымен мерекелік шарамыз аяқталды. Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

Б.МҰРЫНБАЕВА,
№187 М.Шоқай атындағы
қазақ орта мектебі.
Қызылорда қаласы

МҰХТАР ӘУЕЗОВ. «КӨКСЕРЕК»

(Мектеп сахнасына арналған драмалық шығарма)

I перде.

Құрмаштың әкесі: - Мә, Құрмаш. Жеті күшіктің бесеуінің көзін жойдық. Екеуін тірі қалдырдық. Біреуінің тілерсегін қидық. Ең кенжесін саған алып келдік. Мә, ала ғой, Құрмаш.

Құрмаш: - Мұның атын Көксерек қоямын. Енді әжемнің қасына жатпаймын. Көксеректі қасыма алып жатамын.

Әжесі: - Мейлің, өзің біл. Бұл қасқырдың күшігі – сенің күшігің, балам.

II перде.

Жұмаш: -Кәпір, өскен сайын жота жүні үрпейіп, үдірейіп тұрып алады. Тісі батып, қинап бара жатса да, дыбыссыз ғана езуін ыржитады.

Әкесі: - Кәпір, қырыс, тағы емес пе! Кеудесін бермейді, жасымайды!

Әжесі: - Ұры, асырасаң да мал болмайды. Тұқымы жау емес пе?

Жұмаш: -Түнде қозының құйрығын иіскелеп жүреді. Қойды үркіте береді. Иттен қорыққаннан ғана үйде жатады.

Құрмаш: - Бәрі бір өсектеріңді елемеймін. Көксерек зінгіттей көк шолақ қасқыр болып шықса да, өзі ешкімге ізденіп соқтықпайды. Әжем екеуіміз шақырсақ келеді. Өскен сайын сызданып, суықтанып келеді. Бірақ Көксеректі ешкімге қимаймын.

Әкесі: -Енді бұны өлтіріп, терісін алу керек. Осы кәпір түбінде ел болмайды.

Жұмаштың әкесі:

- Өткенде екі қасқыр ауылға шапқанда, солардың артынан тұмсығын жерге салып тоқтамай, Көксерек те кетті ғой. Келгенде қайта-қайта жер тырнап, жер иіскелеп, тыныштала ала алмағанын көрдік қой өзіміз.

Құрмаштың әкесі: -Туу, мына кәпірдің көзі жап-жасыл болып кетіпті-ау. Тұқымын сезген екен, мына жүзіқара, қой балам, енді мұны өлтіріп, терісін алайық дедік қой сонда.

Әжесі: - Ой, Көксерек өзі таңертең сол күннен соң тағы бір жоғалып кетіп, қайтып келді емес пе! Өлтіруге Құрмаш екеуіміздің қимауымыз осыдан.

Құрмаштың әкесі:

- Ой, бұл негізі түбі жат, кетіп тынады. Көксеректі өлтіріп, терісін алғаннан дұрысы жоқ.

Құрмаш: -Бүкіл ауыл болып жазықсыз Көксеректі өлтіргілерің келеді. Бермеймін Көксерегімді.

Жұмаш: -Сенің қасқырың негізі ауылда тұрмайды. Қашып кетеді. Болмаса шақыршы, менің қара ала төбетім талап жесін.

Құрмаш: - Көксерек! Көксерек!

Жұмаш: - Айттым ғой, жоқ. Қасқырың қашып кетті. Таба ғой, Көксерегіңді.

Құрмаш: - Көксерек! Көксерек!

(Барлығы кетеді.)

III перде.

Ақсақал: - Қараадырды екі қасқыр шулатып-ақ болды. Кісіден қорықпайды. Әсіресе, бір көк шолақ бар. Сойыл соғым жерге келгенше қашпайды.

Арыстанбек: - Ауыл қорасына қорықпай түседі. Қасқырмен таласуға жарайтын ер, сақ иттер де желінді. Мен бәйге жиренмен ізіне түсіп едім, адырға түсіп адастырып кетті.

Құрмаштың әкесі: - Осы қасқырды құртпасақ болмас. Жаздай жеген қозы, бұзауының саны 50-60-қа жетті.

Арыстанбек: - Оның бірін құрттық-ау. Екі рет қуғын

болды. Бірақ екеуінде де көлге түсіп кетіп, судың тап ортасына барып дүңкиіп жатып алады. Батпақ құтқарып қалып жүр.

Әкесі: - Осы көк шолақ, әсіресе, жаңбырлы, желді түндерде, ай қараңғысында, ақ жауындарда қатты құтырады. Ауыл берекесін алып бітірді.

Арыстанбек: - Бұл топ қасқыр болып, соңғы кезде жалғыз атты шаналы жүргіншіні де қамады. Атын жеп, адамның өзіне шабуыл жасады. Ауыл адамдары қарсы шығып, айырып алып қалды.

Ақсақал: - Анау Бейсенбайлар түйеге мініп, мылтықпен атқан екен, сонда да өлтіре алмапты. Көк шолағын атқан екен, санын қауып тастап, қашып құтылыпты.

Құрмаштың әкесі: - Тасты құдықтағы ауылдың үш-төрт атын жаралап, көк шолақ атын жеп кетіпті. Ол сол Бейсенбайлар атқан жырынды көк шолақ болу керек, сірә.

Ақсақал: - Қой, кеш болып қалды. Мал алдынан шығайық. Бұл көк шолақтың жыры бітпес. Бүгін Құрмашты қойға жіберіп едім. Алдынан шығайын. Тарасақ, тарайық.

IV перде.

Әжесі: - Жалғызым-ай, Құрмашым-ай!

Әкесі: - Жалғызым-ай! Құрмашым-ай! Қайдасың, Қасен?

Туыстығың рас болса, жалғыз балам, ерке Құрмашымның кегін қайтар.

Әжесі: - Не жазып еді, құлыным.

Әкесі: - Сол жалғызымды өлтірген қасқырды қолыма әкеліп беріп, көзін ойғызбасаң, сен маған туыс емессің.

Қасен: - Мақұл, ол жауызды іздеп тауып, аққасқаға алдырамын.

Әкесі: - Бүгін аққасқа не өлсін, не өлтірсін. Осыдан басқа жерге итіңнің керегі жоқ, тіпті.

Қасен: - Жүріңдер, жігіттер! Іздеп табайық, қаңқұйлы көк шолақты.

Бейсенбай: - Мына жерде үлкен із жатыр. Тастықұдыққа

кетіпті. Ақсорадағы жылқыға қарай тартыпты. Бұл із – соның ізі.

Қасен: - Жылқышыларға соға кетейік.

Жылқышыларға: - Өткен түнде көк шолақ жылқыға шауып, бір жабағыны жеп кетті. Жалғыз өзі бір семіз жабағының жарты етіне жақынын жепті. Бұл деген жалмауыз екенін білмейміз?!

Қасен: - Ол ұзаған жоқ. Ол болса, осы ақсораның айналасынан табылады.

Жылқышылар: - Соңғы уақытта қасқырдан тыныш едік. Осы жалғыз қасқыр кешеден келіп араласты. Ізі тайдың ізіндей.

Бейсенбай: - Издегеніміздің өзі сол. Ел мен қосқа кезек тиеді. Бір кәпір сырқынды. Бәрін істеп жүрген сол. Өткен дүние, соны ғана қолға берсе-ау.

Қасен: - Ал, жігіттер, тезірек аттанайық. Із көмескіленбей Аққасқаны көк шолақтың ізіне салайық.

Бейсенбай: - Ана қара, сары жотаның үстінде жотасы күдірейген, құйрығы шоп-шолақ, бойы тау басында тайдай көрінген, ертегінің көкжалы тұр.

Босат, Аққасқаны!

Қасен: -А, құдай! А, құдай!

Иә, сәт! Иә, сәт! Иә, аруақ! Иә, ақсарбас!

Арыстанбек: - Ойпыр-ай! Ойпыр-ай!

Бейсенбай: - Жарайсың, Аққасқа!

Дұшпанымызды өлтіріп, табанға салып бердің. Издегенімізді қолға бердің. Жарайсың, Аққасқа!

Балалар: - Қасен аға келе жатыр. Көк шолақты қанжығасына бөктеріпті.

Ақсақал: - Сол жақтағы тілік құлақтың жартысы салпылдап тұр. Мынау – сол ит. Көксерек.

Әжесі: - Қуарған-ай, ненді алып ем?! Бауырына салып өсіргеннен басқа не қылды менің құлыным. Мә, саған, мына басыңа лағнет айтып тебейін.

Соңы.

Т.ТЛЕУОВА,
Қ.Кемеңгеров
атындағы ЖОББМ.
Павлодар облысы,
Баянауыл ауданы,
Күркелі ауылы

«АЛТЫН САҚА» ОЙЫНЫ

(Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар»
атты романы бойынша)

Мақсаты: 9-11-сынып оқушыларының бұрын оқыған шығармаларын есте түсіре отырып, ойларында жаңғырту, көркем әдебиетке деген оң көзқарастарын қалыптастыру, көркем шығарманы сүйіп оқуға баулу.

Көрнекілігі: сахна қазақ киіз үйдің ішкі жиһаздарымен безендіріледі. Ортада төрт арба орналасқан, асықтар, төрт түрлі конверт жатады.

Мұғалім:

Тұлпарымыз тұяғы асыл болатын,
Жаксылыққа әрқашанда қол артқан.
Жалғасымыз бабалардың мәңгілік,

Батыр етіп Алла өзі жаратқан, - дей келе ойынымызды бастаймыз.

(Ортаға ойыншылар шығып, өздерін таныстырып өтеді).

Алғашқы кезең-Табалдырық. Бұл кезеңде біз Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» атты роман желісін еске түсіріп көреміз. Ал бірінші ойыншымыз мына конверттердің біреуін тандап алады да, сұрағына жауап беріп көреді. Осылайша қалған ойыншылар да тандаған конверттердегі сұрақтарға

жауап береді.

1-сұрақ: -Роман қандай оқиғадан басталады?

Жауап: -*Әңгіме сүйіспеншілік жайына ауысты. Қазіргі әдебиетке махаббат туралы қалай жазу керектігі сөз болды.*

2-сұрақ: -*Мен деканға рақмет айтып, бас идім де, есікке қарай бұрылдым. Дәлізді қуалай жүріп келемін. Бұл оқиғадан соң қандай жағдай болды?*

Жауап: -*Ұмытып қалмайын деп қайта-қайта ішімнен: «Отыз үшінші аудитория... отыз үшінші аудитория...» - деп күбірлеп келемін. Міне, сыртында «31» деген жазуы бар есік тұр. Есігінің аңқайып ашық қалғанына қарағанда, аудитория бос тұрған тәрізді. Өзімді толық құқылы студент деп сезінгендіктен бе, білмеймін, кенет оның ішін көргім келіп кетті. Бас сұқтым. Аудитория іші атшаптырым дерлік кең екен.*

3-сұрақ: -*«Менің өмірімнің қауіпте екені рас. Осы күнге дейін өзім өлермін деп еш ойламасам да, соғыс біткенше өлі боламын ба, тірі боламын ба, ал тірі қалсам – мүгедек боламын ба, әлде жай жарақатты боп қайтамын ба, білмеймін. Бар білетінім: осы соңғы үш айдың ішінде ғана бірнеше жан жолдастарымнан айрылдым»* деп жазылған хатты кім жазды және кімге жазды?

Жауап: -*«Мен сені шексіз сүйетінімді өзің білесің. Сүйгендігім үшін өз жүрегімді өзім тұншықтырып, құрбан етуге ұйғардым. Сен мені күтпе, қала адамына тұрмысқа шық. Өлсем – есіңде сақта. Бір балаңа менің атымды қой – мен соған да ризамын. Қош. Ербол. 1944 жыл, 15 сәуір. Майдандағы армия».*

4-сұрақ: -*Ағай, сіздің Жаңа жылда бақытты болуыңызға, ойға алған мақсатыңыздың бәрі түгел орындалуына шын жүректен тілектестік білдіремін! - деп кішкентай әсем алақандарының арасына алып, менің қолымды қысты.*

- *Рақмет, Меңтай, мен де сізге соны тілеймін! –*

дедім оның қолын қос қолдай қысып, қысып емес-ау, жас баланың білегін ұстағандай мәпелеп.

Меңтай маған еркелей қарады:

- Ағай, бір өтінішім бар, айтайын ба?

- Айтыңыз, - дедім «ол не өтініш болды екен» деп жүрегім лүп ете қалып. Бұл қандай өтініш еді?

Жауап: -Айтсам, бүгіннен бастап мені «сіз» демей, «сен» деп айтыңызшы. Жарай ма?

(Сұраққа дұрыс жауап бере алмаған оқушы келесі кезеңге көшпей қалады.)

Жүргізуші: -Ал енді, құрметті ойыншылар, «Әудем жерге» де келіп жеттіңіздер. Енді бұл кезеңде де білімдеріңізді тексеріп көрелік.

(Ойыншылар түрлі-түсті конверттерді таңдап алып, таңдаған сұрақтарына жауап қайтарады.)

«Әудем жер» сұрақтары.

1-сұрақ: - Ағай, сіздің Жаңа жылда бақытты болуыңызға, ойға алған мақсатыңыздың бәрі түгел орындалуына шын жүректен тілектестік білдіремін! - деп кішкентай әсем алақандарының арасына алып, менің қолымды қысты. Осы кезде Ербол ішінен не ойлап еді?

Жауап: -«Егер шын тілектес болсаң, онда ойға алған бар мақсатым өзіңсің ғой, Меңтай», - дедім мен ішімнен. Бірақ оны сыртыма шығара алмадым.

2-сұрақ: -Бағана менің аудиторияға кешірек келгенімді көзі шалып қалған соң ба, бұл жолы ол мені орнымнан тұрғызды.

- Ербол, сен осы соғыста неше жыл болдың?

- Төрт жыл, Мұхит аға.

- Сонда кітап оқи алдың ба?

- Оқыдым.

- Қане айтшы, қандай кітаптар оқыдың? – деп профессор менің оқыған кітаптарымды санау үшін сол қолының саусақтарын ыңғайлай бастады.

Ербол қандай кітаптар оқыған болатын? Айтып

шығыңыз.

Жауап: - Шекспирдің «Король Лирін», Шиллердің «Зұлымдық пен махабатын», Гетенің «Жас Вертерін», - осы кезде Меңтай жалт етіп, менің бетіме бір қарап қалды. – Анатолий Виноградовтың «Паганинді ғайбаттау» деген кітабын, Александр Бектің «Волоколам тасжолын» оқыдым.

3-сұрақ: -Біздің курстан емтиханның найзасына бірінші түйірелген Сақила деген семіз қыз болды. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетінің емтиханынан ол өкіріп жылап шықты.

- Не болды? Не болды? – деп жатырмыз отыз үшінші аудитория есігінің сыртында дәлізде ішке кіруге кезек күтіп тұрған біз.

- Құладым, - деді ол солқылдап келіп, алда тұрған қыздардың бірінің мойнына асыла кетіп. Біз оны ортаға алып, өзімізше жұбатып жатырмыз. Қандай сұрақ келді дейміз.

- Бұқарды білесің бе деп сұрады оқытушы, - дейді Сақила солығын басып.

- Сен не дедің?

- Білемін дедім.

- Білсең оның жаңалығы, ерекшелігі қандай? – деді оқытушы.

- Дұрыс, сен не деп жауап бердің?

Ал сіз не деп жауап бересіз?

Жауап: -Мен ойланып тұрдым, тұрдым да: «Бұхардың жаңалығы самауыр мен ақ шәйнек қой, ағай», - дедім.

Біріміз күліп, біріміз ренжіп жатырмыз. «Сөйтіп кісі жауап бере ме екен», - дейміз.

- Қайдан білейін, - дейді Сақила өксігің әрең басып, - Бұхар – сауда-саттық қаласы, қазаққа самауыр мен ақ шәйнек содан тарады дегенді бір құлағым шалғаны бар еді...

(Бұл кезеңде де дұрыс жауап берген оқушылар

анықталып, жауап бере алмаған ойыншы ойыннан шығады.)

Жүргізуші:

Біліп айтқан сөзге құн жетпейді,

Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.

Өзің білмесең, білгендерден үйрен,

Үйренгеннен ештеңе кетпейді, - деп Төле би атамыз айтып кеткендей, келесі кезеңде де ойыншыларымыздың сұраққа тауып айтқан жауаптарын көреміз. Олай болса, келесі кезең – «Қозыкөшке» көшеміз.

(Ойыншылар конверт таңдайды да, сұраққа жауап береді.)

«Қозыкөш» сұрақтары.

1-сұрақ:

- *Иә.*

- *Басымды көтеріп алып едім, біреу Төкеңнің шабаданын тықырлатып жатыр екен. «Әй», - деп қалып едім, ұры демін ішіне тартты, еденге үн-түнсіз жата қалған сияқты болды. Тегі Төкеңнің шабаданындағы құрт, май, жентін ұрлауға келген біреу болуы керек.*

Жомартбектің сөзінің жаны бар сияқтанды.

- *Онда Төлеубекті неге оятпайсың?*

Төлеубектің шабаданына ұрлыққа түскен кім еді?

Жауап: *-Қырыққан серкештей тыртыып, Төлеубек орнынан тұрды. Аузы қомпаң-қомпаң етеді. Алғашында ол Жомартбектің жұлқылағанынан шошып кетіп, үні шықпай қазан екен деп ойладық. Сөйтсек, аузына толтырып алған талқанды жұта алмай қақалып тұр екен. Аузындағы кейбір талқанның жартысын әрең ары қарай жөнелткен Төлеубек көзі аларып, Жомартбекке бақшиды.*

- *Сен немене, кісінің өз тамағын өзіне жегізбейсің бе?* – деді аузынан ақ боран бұрқылдап.

2-сұрақ: *-Мен қысылдым, не дерімді білмедім. Бар*

аузыма түскені:

- *Меңтай-ау, қалай өтірік айтайын, деппін.*

- *Иә, рас, ағай не деп өтірік айтады, - деді Майра.*

Бұл қандай өтірік еді?

Жауап: *- Жай бір кісілер іздеп келген екен екеуіңді... Солар тауып бер деген соң...*

- *Иә, ол кім? – деді Майра сөзімді аяқтатпай маған қарай сәл ентелей түсіп. Меңтай үндемеді. Қайта менің «бір кісілер екеуіңді іздеп келіпті» деген сөзім оның иығынан батпан болып басқандай, жаңағы күлкі қозғалған ернін жазалағандай боп аяусыз тістелеп, төмен қарады. – Иә, қандай кісілер – әйел ме, еркек пе, айтыңызшы тез.*

- *Екі жігіт, бірі Меңтайдың ағасымын, атым Тұмажан дейді, - дедім мен бәсең, солғын үнмен.*

(Ойыннан сұраққа жауап бере алмаған ойыншы шығады.)

Жүргізуші:

Сыналар, ей, жігітім, келді кезің,

Сәулең болса, бермен кел талапты ерің.

Жан құмары дүниеде немене екен?

Соны білсең, әрнені білгендерің.

- Сіз осы ойынның ең биігіне келіп жеттіңіз. Ал енді осы ойынды соңына дейін ойнап, жүлдеге ие боласыз ба?

Ортада төрт асық иіріліп, ойыншыға сұрақ таңдап алынады.

«Беласар» сұрақтары.

1-сұрақ: *-Вокзал басын кернеген кілең студенттер екен. Біз перронға шығып, бірінші жолда тұрған, қабырғаларында «Алматы-Новосибирск» деген жазуы бар вагондарға жақындадық. Бұл поезбен Меңтай, Майра, Сақила аттанбақ. Олардың жүгін вагонға жайғастырып, жерге түстік те, алқа-қотан тұра қалып, әнге кірістік. Әнді Жомартбек бастады.*

Аққұмның бір қызы бар Іңкәр атты,

Сөзі бар алуа, шекер, балдан тәтті...

Жомартбек қандай әнді орындап еді?

Жауап: - *Бәсе, - деп сықылықтай күлді Зайкүл. – Жомартбек «Аққұмды» айтатын шығар деп едім, тура содан бастады. Енді осы пойыз жүргенше созады бұл.*

2-сұрақ: - *Шығыс нақылы. I. – Басқа кіммен дос болсаң, онымен дос бол, бірақ мынадай үш адаммен дос болма, депті бір данышпан өзінен ақыл сұрай келген адамға. – Ақымақпен дос болма, ол саған жақсылық жасаймын деп жүріп-ақ жамандық жасайды; зеріккіш жанға жолама, қанша сенгеніңмен ол сені тастап кетеді; өтірікшіден аулақ бол, ол сені өсекке таңғанын өзі де сезбей қалады.* Бұл нақыл кім және қайдан оқып еді?

Жауап: -Ербол Меңтайдың дәптерінен оқып еді.

(Жүлдегер ойыншы марапатталады.)

Қорытынды.

Жүргізуші: -Сонымен, құрметті оқушылар және ұстаздар! Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» атты романы бойынша өткізілген «Алтын сақа» сайыс ойыны аяқталды.

Халқымыз:

Асыл тастан, өнер жастан

Шығады деп дарынды.

Халық айтса, халық сөзі

Әрқашанда нанымды.

Бұл шындықты күнделікті

Көріп жүрміз өмірден.

Сан мыңдаған жастар өсті,

Өнер алды елімнен, - демекші, бәріміз енді осындай әдеби көркем шығармаларды көп оқуға, солардан көп үйренуге зер салайық. Қатысқандарыңызға көп рахмет, биік шыңдардан көріне біліңіздер! Қош сау болыңыздар!

Әдеби кең

К.МУСИНА,

**М.О.Әуезов атындағы
педагогикалық колледж.**

Семей қаласы

ӨМІРІН ӨНЕГЕ ЕТІП КЕЛЕМІЗ

Өмір деген жастарға –

Таусылмайтын болашақ.

Ә.Нұршайықов.

Ұлыларға білім бесігі болған қара шаңырақтың ұлыларын ардақтаудағы тамаша дәстүрлерінің бірі-оқу кабинеттеріне дара тұлғалардың есімін беру және лайықты оқу-тәрбиелік шараларды жүйелі өткізіп тұру. Оқу орнының республикалық, халықаралық білім саласындағы орны да ерекше. Талабы мен талғамы заманауи ілгерілеуді қажет ететін білім кеңістігінде бәсекеге төтеп бере алатын мұғалімдер даярлаудың өзі-педагогикалық ұжымның шығармашылық еңбегімен келетін іс. Оқытудың жаңа ақпараттық-педагогикалық технологияларын оқу үрдісінде тиімді қолдану арқылы оқытуды ізгілендіре отырып, ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие беру мәселесі ешқашан сырт қалған емес. Сондай өнегелі шаралардың қатарына пән сабақтарында есімдері оқу орнының тарихымен тікелей байланысты дара тұлғалардың еңбектерін насихаттау да жатады.

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік

сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықовтың 1939-1940 жылдары осы оқу орнында оқығанын жастардың бәрі бірдей біле бермес. Қазақ тілі жән оны оқыту әдістемесі оқу кабинетіне Әзілхан Нұршайықовтың есімі оқу орнының 100 жылдық мерекесінде жазушының өзінің қатысуымен берілген еді. Ізгілікті идеяны бастаған оқу орнының қазіргі директоры (ол кезде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары) Жанаева Шағангүл Алдамжарқызы болатын. Бұл дәстүр қазіргі уақытта да жалғасын тауып, колледж өз тарихы мен шежіресін түгендеу үстінде.

Әзілхан Нұршайықов атындағы кабинетте шығармашыл топтың бастамасымен жазушының өмірі мен шығармашылығына қатысты оқу-тәрбиелік шаралар өткізіліп, басылымдарда жарық көрген мәліметтер жинақталды. Әзілхан Нұршайықовтың өз қолымен жазылған алғыс хатынан бастап, «Тағзым» бағдарламасы аясында жинақталған деректер мен естеліктер, құжаттар, оқу орнымен байланысты слайд, бейнебаяндық материалдар да біз үшін аса құнды. Әзілхан Нұршайықовтың шығармалары бойынша практикалық тапсырмалар топтамасы құрастырылып, грамматикалық талдаулар жасатуда тиімді пайдаланылады, тәрбиелік мәні насихатталады.

Есімі «Махаббат қызық, мол жылдар " және "Ақиқат пен аңыз" шығармаларымен синоним болып кеткен дара тұлғанын еңбектерін бүгінгі жас ұрпақ та оқып өссе, «Отан үшін от кешетін» нағыз патриоттық рух пен ар-ұятты, адамгершілікті адамилықтың ТУЫ ете

алатын өнегелі өрендер қалыптасары сөзсіз.

«Әз - ағаның өзіне қоятын басты талабы - тәртіп. Сол себептен тәртіп - адалдық арқаны деп біледі. Ұстанған өмірлік мақсаты - өзге үшін өмір сүру. Ел үшін етер ісінді тірінде тиянақтап, тындырып кет!" Өмір сүрудің мәні осында деп біледі» -деп жазылыпты бір естелікте. Оқырманының жүрегіне жол тапқан шығармаларынан терілген нақыл сөздердің бір тобын ұсына отырып, адамзат тәрбиесіндегі еңбегінің өміршеңдігіне көз жеткіземіз.

1. Қандай адам болса да,
Өресінен аспайды.
Ой-өрісі төмендер,
Өрге аяқ баспайды.
2. Рухың бай болмаса,
Оңалмайсың, онбайсың.
Ақылың, арың бар болса,
Азбайсың да тозбайсың.
3. Қадірлей біл әрқашан,
Өзің шыққан ұлтыңды.
Өзен, өлке, су, ауа –
Туып, өскен жұртыңды!

«Қыз тәрбиесі –ұлт тәрбиесі» екендігі дәлелденген тұжырымдама, бұл тақырып турасында студенттердің жинақтаған «Әзілхан ата ақылы» кітапшасынан бірер нақыл сөздерін де ұсына кетейік.

1. Есті қыз етегін қымтап ұстайды.
2. Әйелдің жалаңаш денесі еркектің ойын өзіне бөлгізеді. Жинақы жүр. Сонда еркек елендемейді.

3. Ауыз шешендік әркімде бар. Қыздың көп сөйлемегені абзал. Қыздың күлкісі, жымиюы, бас изеуі, көзқарасы, жүріс-тұрысы-сайрап тұрған сөз.

4. «...Қыз, ең алдымен-ана тілінің көзі, бастауы, бұлағы. Ана тілі қызбен бірге туады, қызбен қоса жаралып, сонымен бірге өседі, өркендейді. Қыз-ана тілінің анасы, академигі, қоғам қайраткері. Қоғамда әйел араласпайтын ешбір сала жоқ. Ол қоғамның ең тиянақты қызметкері, жаны, жүрегі. Әйелсіз ешбір қоғам алға баспайды. Бала да қоғамның жайқалған жемісі, ол жақсы жемісті өсіретін де әйел! Міне, менің ойымша, қыз дегенің осы! Сондықтан Ұлт анасы, ұлт тәрбиешісі қыздарымыз аман болсын!..»

5. Шошандаған қыз шешенің атына кір келтіреді.

6. Қызға қатты күлудің қажеті жоқ, жігітке оның жымиғаны да жетеді.

Мінезге бай, жаны таза, жүрегі мейірімге толы әзиз жанның, Әзілхан Нұршайықовтың өмірін шығармалары арқылы үлгі-өнеге ете отырып, жастарды әсіредіншілдіктен сақтандырған дұрыс. Иmandылық пен рухани тазалықты насихаттауда, ел мен жерді құрметтеуге баулуда, жас ұрпаққа саналы тәрбие беруде ешқашан маңызын жоймайтын нақыл сөздері -ұлттық тәрбие мен тағылым жолындағы адастырмас темірқазық. «Қызға қырық үйден тыйым» ұстанымымен өскен қазақ қызы қашан да, сүйкімді, абыройлы болатыны да дұрыс берілген тәрбиеден екендігі ақиқат. Олай болса, өресі биік, ойы ұшқыр, болашақ ұлт зиялысын тәрбиелеуде өзектілігін жоймайтын ұлы сөздерді ұрпақ тәрбиесінде қолдана берейік.

С.БЕГАЛИНА,
Еңбектү орта мектебі,
Ақтөбе облысы,
Әйтеке би ауданы

«МЕНИ НЕГЕ МҰХТАР ҚОЙҒАН?»

(Ақын Мұхтар Шахановтың шығармашылығына арналған әдеби-сазды кеш)

Кештің мақсаты: қазақ поэзиясында өзіндік орны бар Мұхтар Шахановтың өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұмат бере отырып, жырларының құдіретін сезіну, тіл шұрайын таныту, тарихи шындықты, сөз өнерімен өрнектелген әсемдікті түйсіне білуге баулу; Адамгершілік, рухани қасиеттерді оқушылар бойына сіңіру, отансүйгіштік сезімдерін шыңдау;

Кештің көрнекілігі: ақын портреті, слайд.

Кештің барысы: Музыка ойнап тұрады.

1-жүргізуші:

Кім еліне Мұқаңша сыр ағытты,

Кім Мұқаңша бағындырар бағытты.

Қазақ халқы - Мұхтарымен Алатау,

Қазақ халқы – Мұхтарымен бақытты.

2-жүргізуші: -XX ғасырдың алпысыншы жылдарында қазақ поэзиясында өз болмысымен, өз үнімен жарқ етіп танылған М.Шаханов-қазақтың біртуар көрнекті ақыны. Асқан талантымен, айбынды ақындығымен, асқақ азаматтығымен ерекшеленген ірі тұлғамызға арналған «Мені неге Мұхтар қойған?» атты кешімізге қош келдіңіздер.

2-жүргізуші: -Өз елінің намысын ту қып ұстаған ақын өмірбаянына сөз берсек...

Туған жылы: 1942 жыл 2 шілде.

Туған жері: Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шілік ауылы.

Қызмет жолы: трактордың тіркеушісі жұмысынан басталып, одан әрі облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінде корректор, әдеби қызметкер;

«Лениншіл жас» газетінде оңтүстік облыстар бойынша меншікті тілші;

1-жүргізуші: Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы;

Республикалық «Жалын» журналының бас редакторы;

КСРО халық депутаты, КСРО Жоғары Кеңесінің мүшесі, ҚР халық депутаты;

Қырғыз Республикасының Халық ақыны (1994ж.), Қазақстанның халық жазушысы (1996ж.)

2-жүргізуші: -Мұхтар Шахановтың сынып жетекшісі болған Әбдікүл Қошанов ақынның мектептегі кезеңін былай деп суреттейді: «Мұхтардың әкесінің аты Шахан еді, ауыл тұрғындары оны «Шахан молда» деп атайтын. Анасының есімі – Ұмсын. Мен ол кезде «Жұлдыз» орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейтінмін. 1954 жылы Мұхтар біздің мектептің 4-сыныбына оқуға келді. Келесі жылы мен сынып жетекшісі болдым. Мұхтар сол кезде-ақ кітапқа құмар болып өсті. Әдебиетті көп оқитын, өлеңдерді жатқа айтатын. Сол кездегі атақты ақындардың кітабын қолынан тастамайтын. Сабағы жақсы, момын болатын, ешкіммен ұрысып-төбелескенін көрмеппін. Ол велосипедпен келе жатса да ойына өлең шумақтары түссе болды, дереу жерге отыра қалып, оны дереу қойын дәптеріне жазып алатын. Сондайда оны түсінбейтін кейбіреулер «Шаханның баласына бірдеңенің шалығы

тиген бе?» десіп жататын».

1-жүргізуші: - Ақын аға есімінің Мұхтар болуының да өзіндік сыры бар. Өз есімінің Мұхтар қойылуын ақын «Мені неге Мұхтар қойған» өлеңінде былай деп жырлайды...

«Мені неге Мұхтар қойған» өлеңі оқылады.

2-жүргізуші: -Өкінішке орай ұлының Абай, Мұхтар бастаған ұлы көштің соңына ергендігін әкесі көре алмай кетті. Ақын әкесі туралы былай сыр шертеді.

Анам он үш құрсақ көтеріпті. Менен басқаларының барлығы көз жұмды. Мен үйдің он екінші баласымын. Анам 1912 жылғы еді. Мені 1942 жылы, яғни 30 жасында дүниеге әкеліпті. Ал менен екі жас кіші інім Махамбет ата-анамның кенжесі болды. Мен мектепке барғанда ол да «барам» деп ұмтылды. Бірақ жасы жетпеген соң қайдан алсын? Махамбет сол кездің өзінде өте ерекше қабілетті, мықты бала еді. 6 жасында абайсызда құлап, сан сүйегі жарылған екен. Ол уақытта ауылда дәрігер деген атымен жоқ. Кейін ауруы асқынып, ақыры содан о дүниелік боп кетті. Әкем Досболов Шахан 9 жасымда қайтыс болды. Арғы-бергі тарихтан үлкен деңгейде хабардар, білімді, ескіше оқыған, молдалығы бар адам еді. Небір дастандарды, ертегілерді құлағымға құйып отырды. Бастысы өте таза адам еді. Әкемнің де, менің де туған жерім – Отырар ауданы Шілік ауылы. Бірақ ол жерден біз ерте қоныс аударып кеттік. Кейін 11 жасыма дейін Төлеби ауданының Қасқасу ауылында өстім. Негізі менің бет-алпетім әкеме келеді. Ол кезде біздің ауылда суретке түсіретін адам жоқ еді ғой. Әкемнің суреті де қалмапты.

Ән. «Әке туралы жыр».

1-жүргізуші: -Ерасыл, осы «Бақыт» деген не өзі?

2-жүргізуші:

Бақыт деген-сенің бала күндерің,

Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің.

Бақытын да, басқасын да білмеуің,

Бақытсыз-ақ ойнағаның-күлгенің- деп Мұқағали атамыз айтқандай, осы отырғанымыздың өзі бақыт емес пе? Ал Мұхтар ағаның бақыты неде екен? Ендеше тындап көрелік.

Оқушы «Бақыт геометриясы» өлеңін жатқа оқиды.

1-жүргізуші: - Мына ән шумақтары бәрімізге де таныс болар.

Өзің едім тірегім де,

Жыр боп тұндың жүрегімде

Мені сендей түсінетін

Кім бар екен бұл өмірде?

2-жүргізуші: -Бұл әннің өлеңін жазған Мұхтар Шаханов екенін көбіміз біле бермеуіміз мүмкін. Әр өлең жолынан сүйген жардың ерке назы мен сүйгеніне деген адал сезімі шуақ болып есіп тұрғандай...

Олай болса Мұхтар ағаның сөзіне жазылған «Айналайын» әнін қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші:

Қиялыммен шарықтаймын кейде алыс,

Кел, кешіне бейтаныс та, кей таныс.

Тілі менен ділін ту ғып көтерген,

Мұхаң біздің – осы күнгі Бейбарыс.

2-жүргізуші:

Бүгін міне, түленгендей қыр бағы,

Бүгін міне, көтерілді жыр тағы.

Елім, десе еңіреген жүрегі,

Мұхаң біздің – әл-Фараби ұрпағы.

Олай болса Әл-Фараби бабамыздың балалық шағын бейнелеп жазған «Арман» поэмасынан көрініс

тамашалаңыздар.

1-жүргізуші: - Мұхтар Шаханов «Желтоқсан оқиғасына» орай азаматтық әрі парасаттылық көрсетті.

Өзі айтқандай:

Ұлттың бағы жанар ма екен хас тұлпары, нары жоқ,

Ал, біреулер намысы жоқ, жігер, қауқар, қоры жоқ.

Кемсітпекші «желтоқсанның жалаң аяқтары» деп

Жоқ!!! Кешегі сын сағатта көкірегіңде жанып от,

Тұрған олар аяз сорған қызыл беттің ары боп,

Дәуірінің тауығына шашылмаған тары боп.

2-жүргізуші: - Мұхтар Шаханов жайлы қандай еңбек жазылса да, Желтоқсан оқиғасы мен ақын Мұхтар есімі қатар айтылары анық. Қазақ халқының басына түскен сол ауыр жылдары Мұхтар Шаханов етегі жасқа толған қазақ аналарының рухани демеушісі, жұбатушысы болды.

Желтоқсан оқиғасына арнап жазылған «Лаула, лаула, желтоқсанның мұзға жанған алауы» өлеңін Әбсет Гүлнұрдың орындауында қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші: - Мұхтар Шаханов былай дейді: «Баз бір адамдарда болашағын елден ерек сезіну, түйсіну күші болатынын ғылым жоққа шығармайды... Махамбет ақын өлерінен екі күн бұрын айналасындағыларға өзінің жан шошынарлық сұмдық түс көргенін, түсінде иығынан үзіліп түскен басы өзіне қоштасу айтып тұрғаны әңгімелеген». Сіздерге Махамбет батырдың рухына арнап шығарған «Нарынқұм зауалы» өлеңінің «Әке үкімі» бөлімін ұсынамыз. Қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші:

Безбүйрек нарықтың бәсейтіп даңғырын,

Зарланған, қорланған туған тіл тағдырын.

Космополит басшылар шешпей ме, шеше ме?

Тіліміз қала бере ме панасыз адамдай көшеде?

Ұлт үшін қазір бұл – нәмірі бірінші мәселе.

Тіл тағдыры – ұлт тағдыры. Ақын туған тілінің тағдырына алаңдайды. Оның бір топ өлеңдері осы тақырыпқа арналған.

2-жүргізуші: - Ақын болу дегеніміз – тек қана өлең құрастырушы емес, мүлде басқа міндет екен. Ақын болу дегеніміз – бірінші кезекте өзіңді туған халықтың парасат биігін меңгеру, оның жеңілісі мен жеңісін, ғасырдың жаңбыры шайып, күні қақтаған жалаулы дәстүрін, қалаулы әдеп-ибасын, алаулы достық-махаббатын өз жүрегіңнің елегінен өткізу. Өз халқыңның қайғы-қуанышын тек өз қайғы-қуанышым деп таныған шақтан бастап қана ақындық өнерге бет бұрады екенсің. Өйткені, «Кім қаншама шексіз сүйсе Отанын, оның тартар азабы да соншама», - дейді ақын. Келесі сөзді ақын поэзиясына береміз.

«Рух пен тіл» өлеңі.

1-жүргізуші: - Сіз бен біздің рухымызды көтеріп, патриоттық сезімімізді оятқан Мұхтар ағаның өз даусындағы «Бауыржан Момышұлынан кешірім сұрау» өлеңін ұсынамыз.

1-жүргізуші: - Мұхтар шығармаларының негізгі лейтмотиві – адамдықты, адалдықты, әділдікті, тазалықты, пәктікті паш ету; ездікті, зұлымдықты әшкерелеу. Тегінде, бұл – бүкіл ақ ниетті өнер атаулының мұраты болса керек. Бірақ, Мұхтар осы жайларды ешкімге ұқсамай, өз даусымен, өз дәлелімен өрнектеуге тырысады. Мысалы:

«Өмір жайлы сан толқыдым, толғандым,

Достар, достар, менен үміт үзбеңдер

Мені кілең адал ойлы жандардың

Қатарынан іздеңдер», -

дейді ақын.

2-жүргізуші: - Оның өлеңдері бірде осылайша жан сезімін алдыңызға бар ақиқатымен жайып салған адамның сырындай қабылданса, енді бірде жігерлендіруші күш танытып отырады:

Өзің-ақ айтшы ғаламда мынау

Жеңудің бәрі жеңіс пе?

Жігітке арман жеткізіп пе еді

Өз сорын өзі жеңбесе.

Өмірдің барлық сәтсіздіктері

Бақытсыздық емес ендеше!

Өмірде өз қабілетінді дұрыс танып, қоғамның, халқыңның қажетіне жарау үшін арманды дұрыс таңдай білу керектігін уағыздай отырып, осындай қорытындыға келді.

«Жігерлендіру». Өзін бақытсызбын деп есептеген жігітке жауап. Оқитын: Қ.Өсербаев.

1-жүргізуші: -М.Шаханов ой маржанын бүкіл әлемнен, ал поэзияның бастауларын халықтық жырдан іздейді. Мұхтардың «Жеңілген жеңімпаз хандығы Отырар дастаны немесе Шыңғысханның қателігі» атты шағын поэмасындағы қираған қаланың тағдыры бүгінгі халық тағдырымен тікелей астасып, ұрпаққа ауыр да абыройлы жауапкершілік жүктегендей болады. Сатқындықтың құрбаны болған Отырар ойран болды. Осы кезге дейін дауасы табылмаған сатқындық туралы, адам бойындағы ең жек көрінішті қасиетті ақын өз жырына арқау етті.

2-жүргізуші: - Мұхтар шығармаларының ерекшелігі, адамды селт еткізер тұсы - өлеңнің ішкі мазмұны, өлеңдегі ойдың тереңдігі мен көкейкестілігі. Айтар ой, айшықты сезім кейіпкер тағдырымен, ақынның өз тағдырымен тікелей астасып жатады. Оның өлеңіне

жазылған әндер де осыны растайды, ән әуендері иірімге толы, кең тынысты болып келеді. Ақын өлеңіне жазылған «Отырардағы той» әні шет ел сахналарында да айтылып жүрген танымал әндердің бірі.

Ән: «Отырардағы той» Орындайтын: Аманбай Саят

1-жүргізуші: -«Достық- шын мәнінде махаббатпен тең тұратын талант. Ол ерекше қабілетті, ерекше талантты, ерекше жанкештілікті талап етеді. Өйткені досқа осалдық еткен адамдардың барлығы басқа мәселеде де осалдық етеді деп есептеген» -дейді ақын.

2-жүргізуші: -Осы тақырыпта ақын өлеңдері аз емес. Әбдуалиева Фаризаның орындауында «Екі Шыңғыс өнегесі немесе мәңгүрттік қасіреті»

«Жаңғырық немесе Ақсақ Темір қалай басталды?» поэмасынан сахналық көрініс.

1-жүргізуші: *-Өзендер мен көлдердің,
Көлден шалғай шөлдердің,
Биіктер мен алыптардың,*

Жылулар мен жарықтардың арасын жалғап келген бір ән бар, - деп ақынның өзі жырлағандай, оның көп өлеңіне ән де шығарылған.

2-жүргізуші: -Көпшілікке танымал бұл әндердің сөзін жазған М.Шаханов екенін біле бермеуіміз де мүмкін. Бұл әндер: «Айналайын», «Гүлдәурен», «Өмір-өзен», «Кешікпей келем деп едің», «Ақ бантик» «Туған күн кешінде» және тағы басқа көпшілікке танымал әндер. Ендеше, әрбіріміздің туған күнімізде сырқалып, жақсы күндеріміздің куәсі болған әнді қабыл алыңыздар.

Ән. «Гүлдәурен».

1-жүргізуші: - *Өлең деген – сезім мен бір бұлқыныстың мөлдіреген бұлағы,*

Ақын – батыр және адал, бәрінен де қырағы.

Өрлеген отты өлеңмен «өлгендерді» тірілткен,

Жарқырайды шың басынан Шахановтың шырағы!
2-жүргізуші: *-Жатыр іште ақынның сыр-жырлары,
Жалғасатын сезімдердің қылдары.
Өткір ойлар, жылы тұнған сезімдер
Ең шипалы жүректерге бұл-дәрі!-*

демекші мектебіміздің мәртебесін асқақтатып жүрген ақын оқушымыз Тілеуханов Дәуреннің Шахановқа арнауын қабыл алыңыздар.

1-жүргізуші: - Анам марқұм Ұмсын Айтбайқызы «Неше перзентіңіз бар?» - деп сұрағандарға: «Ұлым үшеу, үлкені – Шәмші Қалдаяқов, ортаншысы – Төлеген Айбергенов, кішісі – Мұхтар Шаханов» - дер еді. Бірде үйде қонақта отырғанда Дінмұхаммед Қонаев: «Жеңеше, қазақтың үш мықтысын дүниеге бір өзіңіз әкелген екенсіз ғой», - деп әзілдегенде, «Екеуінің мықты екені рас, ал үшіншісінің шынайы биікке көтерілуі үшін әлі көп тер төгуіне тура келеді», - деп жауап бергені есімде қалыпты. Анам Шәкеңді де, Төкеңді де өзгеше аналық парасатпен жақсы көрді. Ол екеуі де анам дегенде ішкен асын жерге қоярдай құрметінен таңған емес.

1-жүргізуші: - Иә, ақынның көптеген әндерін қазақтың «Вальс королі» атанған Шәмшідей композиторсыз елестету мүмкін емес. Махаббат гимніне айналған «Арыс жағасында» әнін әу дейтін қазақтың бәрі біледі десем қателеспейтін болармын. Ендеше осы әнді бәріміз бірге орындайық.

«Арыс жағасында» әні орындалады.

1-жүргізуші: - Өмірде өзімізді жоғалтып алмай, арманның биік асуларынан көріне берейік деген тілекпен бүгінгі М.Шаханов шығармашылығына арналған әдеби-сазды кешімізді аяқтаймыз.

2-жүргізуші: - Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 06.6.2017 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №6, 2017 ж., 144 бет, Алматы.